

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан**

**Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина**



**«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқыту
бойынша әдістемелік ұсынымдама**

Әдістемелік ұсынымдама

**Методические рекомендации по изучению предмета
«Начальная военная и технологическая подготовка»**

Методические рекомендации

Астана
2017

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2017 жылғы 20 маусымның № 7 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол №7 от 20 июня 2017 года)

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдама. Әдістемелік ұсынымдама. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 122 б.

Методические рекомендации по изучению предмета «Начальная военная и технологическая подготовка». Методическая рекомендация. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2017. – 121 с.

Осы әдістемелік ұсынымдама білім мазмұнын жаңарту аясында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша оқу бағдарламалары негізінде әзірленді. Ұсындамада 10-11-сыныптарға арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні оқу бағдарламаларының ерекшеліктері, оқытуды ұйымдастырудың түрлері мен әдістері көрсетілген. Білім мазмұнын жаңарту аясында пәнді оқытуда оқу сабақтарын жоспарлау және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдамалар берілген.

Әдістемелік ұсынымдама мектеп басшыларына, әдіскерлер мен пән мұғалімдеріне арналған.

Данные методические рекомендации разработаны на основе учебной программы по предмету «Начальная военная и технологическая подготовка» в рамках обновления содержания образования. В рекомендации показаны особенности учебной программы предмета «Начальная военная и технологическая подготовка» для 10-11 классов, формы и методы организации обучения. Даны методические рекомендации по планированию и проведению учебных занятий при изучении предмета в рамках обновления содержания образования.

Методические рекомендации предназначены для руководителей школ, методистов и учителям-предметникам.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2017.

© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2017.

Кіріспе

Алғашқы әскери дайындық меншік нысанына, типі мен түріне қарамастан, барлық типтегі жалпы білім беретін мектептерде, орта арнаулы оқу орындарында (колледждерде), кәсіптік-техникалық мектептерде әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы білім алушы жастардың меңгеруге міндетті оқытылатын пәні болып табылады [1].

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні – білім алушыларды отаншылдық рухпен Отанды қорғауға дайын болуына тәрбиелеуге баса назар аударады. Бұл бағдарлама білім алушыларды әскери қызметтің дағдыларын меңгеруімен қоса әскери іс негіздері мен төтенше жағдайларда адамның өмір қауіпсіздік әрекетінен білім беруіне бағытталған.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдама төрт бөлімнен тұрады:

1-бөлім - Білім мазмұнын жаңарту аясында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні оқу бағдарламасының ерекшеліктері.

2-бөлім - «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнін оқытуды ұйымдастырудың нысандары, әдістері, құралдары.

3-бөлім - Оқу процесінде «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» кабинетінің, әскери алаңның ресурстарын пайдалану.

4-бөлім - Білім мазмұнын жаңарту аясында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнін оқыту процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері.

Әдістемелік ұсынымдамада оқу орындарында, далалық оқу жиындарында алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабақтарын ұйымдастыру мәселелері, оқу-материал базасын жабдықтауға қойылатын талаптар, оқытылатын тақырыптар тізімімен кестелер берілген, сондай-ақ оқыту әдістері, әр бөлімге тесттік тапсырмалар және т.б. қарастырылған.

Ұсынымдамада берілген сабақ өткізу түрлері мен оларды өткізу әдістері ұсынымдамалық сипатта болып табылады. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы-ұйымдастырушысы жергілікті жердің ерекшеліктерін, оқу-материал базасының болуы мен жағдайларын, жеке тәжірибесін, білім алушылардың дайындық деңгейлерін ескере отырып, Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және оқу бағдарламаларында анықталған мақсат-міндеттерді сапалы орындауды қамтамасыз ететін басқа да әдіс-тәсілдерді қолдануына болады [2].

1 Білім мазмұнын жаңарту аясында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні оқу бағдарламасының ерекшеліктері

Оқу бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің/сабақтың мазмұны мен білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

Оқу бағдарламасы оқыту үдерісін оқушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктілікті саналы түрде игерту үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін біліктерді меңгеруге бағыттайды.

Білім мазмұнын жаңарту аясында орта білім деңгейінде «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні 10-11-сыныптарда оқытылады. Пәннің базалық мазмұны алғашқы әскери және технологиялық дайындық материалдары мен әскери робототехника негіздері бойынша оқытуды қамтиды.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша 10-11-сыныптарға арналған оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру үдерісін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдемелерімен үйлесімді сабақтасады. Оқытудағы тәсілдемелер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады. Құндылықтық-бағдарлық, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлық, коммуникативтік тәсілдемелер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру үдерісі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылады, бұл оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні – білім алушыларды отаншылдық рухпен Отанды қорғауға дайын болуына тәрбиелеуге баса назар аударады. Бұл бағдарлама білім алушыларды әскери қызметтің дағдыларын меңгеруімен қоса әскери іс негіздері мен төтенше жағдайларда адамның өмір қауіпсіздік әрекетінен білім беруіне бағытталған.

Пән мақсаты – білім алушы Қазақстан Республикасының Конституциясының негізгі ережелерін, мемлекетті қорғау негіздерін, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін оқыту.

Пәннің міндеттері:

- 1) әскери анттың, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің жарғыларының негізгі талаптарын оқыту;
- 2) әскери бөлімдердің қарулануы мен әскери техникасы, жеке құрамның өмірі мен орналасуымен таныстыру;
- 3) қажетті әскери білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру;
- 4) робототехника, IT-технология, технологиялық дайындық және төтенше жағдайда адамның өмір қауіпсіздігі негіздері алғашқы практикалық дағдыларын меңгеру;

5) есептегі әскери мамандыққа және офицер кәсібін тандауға әскери-кәсіптік бағдар беру;

б) жастарға қазақстандық патриотизм мен Отанына деген адалдық сезімін қалыптастыру.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнің білім алушылар оқығанда:

- әр азамат өз Отаның қауіпсіздігіне және оны қорғау қажеттілігі мен манызын түсінуге;

- алынған пәндік білім, білік және дағдыларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары қызмет еткенде қолдануға;

- білім алушыларда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету туралы толық логикалық бір-бірімен байланысты ұғымдар туралы үйлесімді жүйені қалыптастыру;

- жеке адамгершілік қасиеттерін дамытуға және үздіксіз өзін-өзі дамыту қажеттілігін түсінуге;

- сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау, мәселелерді шешу және коммуникативтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Осы бағдарлама білім алушыларға төтенше жағдайларда адам өмірінің қауіпсіздігі және әскери істің негіздерін оқыта отырып, әскери қызметтің дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағына жалпы білім беру оқу орындарында 98 сағат берілген, 10-сыныпта 64 сағат, оның ішінде 30 сағат дала-оқу жиынына. 11- сыныпқа 34 сағат берілген.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқу пәнінің 10- сыныпқа арналған бағдарламаның базалық мазмұны 8 бөлімнен тұрады.

«Кіріспе сабағы» келесі тақырыптан тұрады (1 сағ.):

Білім алушыға алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәніне оқыту мақсат-міндеттері мен мазмұны (1сағ.). «Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы Күштер туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы», «Ұлттық қауіпсіздік туралы», «Азаматтық қорғану», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, «Алғашқы әскери дайындық пәнін жүргізу және ұйымдастыру» және оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 606 бұйрығы. «Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығы. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін қамтиды.

1. "Қазақстан Республикасының Қарулы күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі" келесі тақырыптардан тұрады:

Мемлекет қорғанысының Конституциялық негіздері. (1 сағ.)

Мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ҚР Конституциясының негізгі ережелері [3]. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрамы және олардың атқаратын қызметтері.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері. (1 сағ.)

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері. Әскери бөлімінің жауынгерлік туы. Әскери анттың әскери қызметкерлерге қоятын талабы. Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери қызметі қасиетті борышының маңызы.

Экстремизм және терроризм ұлттық қауіпсіздікке төнген қатер (1 сағ.)

Экстремизмнің түрлері: саяси, діни, экономикалық және экологиялық. Экстремизм, терроризм, олардың сипаттамалық белгілері. Қазіргі әлемдегі террористік қатердің өсу себептері [4].

2. «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары» келесі тақырыптардан тұрады:

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары (1 сағ.)

Жалпыәскери жарғылардың әскери ұжымның тұрмыс-тіршілігіндегі маңызы. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғыларының жалпы ережелері, олардың мәні әскери ұжымның өмірі мен қызметі. Әскери қызметшілердің жалпы міндеттері. Әскери атақтары мен айырым белгілері.

Әскери қызметкерлер және олардың өзара қарым-қатынастары (1 сағ.) Бастықтары және бағынатындар, аға және кіші, олардың құқықтары мен міндеттері. Әскери әдептілік ережесі және әскери қызметкерлердің тәртібі. Бұйрық, оны беру және орындау тәртібі. Бастықтарға және шені жоғарыларға мәлімдеме жасау.

Әскери тәртіп, оның мәні мен маңызы (1 сағ.). Әскери тәртіп, көтермелеулермен тәртіптік жазалар. Әскери тәртіпті сақтау бойынша әскери қызметшілердің міндеттері. Сарбаздарға қолданылатын марапаттаулар. Сарбазға берілетін тәртіптік жаза.

Рота бойынша тәуліктік кезекшінің міндеттері (1 сағ.)

3. «Тактикалық дайындық» келесі тақырыптардан тұрады:

Мотоатқыштар бөлімін ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері (1 сағ.) Бөлімшені ұйымдастыру. Штаттық қарулану және ұрыстық техника. Бөлімшенің ұрыстық мүмкіндіктері. Бөлімшені басқару.

4. «Атыс дайындығы» келесі тақырыптардан тұрады:

Калашников автоматы және қол пулеметі (1 сағ.) Қару және патрондарды қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Калашников автоматы және қол пулеметінің атқаратын қызметі, ұрыстық қасиеті, жалпы құрылысы және жұмыс істеу механизмі.

Автоматты жартылай бөлшектеу және жинақтау (1сағ.). Калашников автоматының атқаратын қызметі, бөлшектері мен механизмдерінің, патронының құрылысы.

Калашников автоматын атуға дайындау (1 сағ.) Автоматтың керек жарақтары. Автоматтың атудан кейінгі тазалау және майлау тәртібі. Автоматты сақтау. Автоматтың оқтарын тексеру және атысқа дайындау. Ату кезінде болуы мүмкін ақаулар және оларды түзету тәсілдері. Ату кезінде кідірістерін жою амалдары.

Жарықшақты қол гранаталары (1 сағ.). Жарықшақты қол гранаталарының (РГД-5, РГН, Ф-1, РГО) атқаратын қызметі және ұрыстық қасиеті. Гранаталар мен тұтандырғыштың құрылысы. Гранатаны лақтыруға дайындау.

5. «Саптық дайындық» келесі тақырыптардан тұрады:

Сап түрлері және олардың элементтері. Саптық тұрыс. (1 сағ.). Алдын-ала және орындауға берілетін пәрмендер. Сапқа тұрғанға дейінгі және саптағы сарбаздың міндеттері. «Сапқа тұр!», «Түзел!», «Тік тұр!», «Бас киімдерінді (киімді) ШЕШ!», «Бас киімдерінді (бас киімді) КИ!» пәрмендерін орындау «Саптал!», «Түзел!», «Тік тұр!», «Еркін тұр!», «Жинақтал!», «Доғар!» «Баскиімді – шеш!», «Баскиімді – ки!» пәрмендерін орындау.

Бір орында орындалатын бұрылулар. Бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа және қайтадан бір қатарлы сапқа тұру.

Саптық және жорықтық адым (1 сағ.). Саптық және жорықтық адыммен қозғалу.

6. «Әскери топография» келесі тақырыптардан тұрады:

Жергілікті жерде картасыз бағдарлау (1 сағ.). Бағдарлау туралы түсінік. Көкжиек тұстарын компас бойынша, аспан денелері және жергілікті жер бедері бойынша анықтау. Өзінің орналасқан жері туралы мәлімдеме беру.

Магнитті азимутты анықтау (1 сағ.). Азимут және оны анықтау.

Қазіргі заманғы бағдарлану құралдары. Жергілікті жерді бағдарлау үшін қазіргі заманғы жеке жабдықтар. Спутниктік навигациялық жүйелер туралы жалпы мәліметтер: GPS (Global Positional System), ГЛОНАСС, Galileo.

7. «Әскери роботты техникалардың негіздері» келесі тақырыптардан тұрады: Әскери роботты техникалардың негіздері. (2 сағ.). Роботтар туралы жалпы мәліметтер. Роботтарды әскери істе пайдалану.

Роботтарды басқару алгоритмі (2 сағ.). Роботтың қозғалу траекториясын жоспарлау. Роботтар тобын ұжымдық басқару үлгісі және алгоритмдері.

Роботтарға арналған тапсырмалар. (2 сағ.). Роботтардың атқара алатын қызметтері (функционалдық). Жекелеген тактикалық міндеттерді шешу: жергілікті жерлерде бағдарлау, роботтардың қиын жағдайларда қызмет ету тәртібі.

8. «Өмір қауіпсіздігі негіздері және ақпараттық технологиялар» келесі тақырыптарды қамтиды: Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысы (1 сағ.). Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысын (оқу орындары) ұйымдастырудың құрылымы және оның міндеттері. Азаматтық қорғанысының әскери емес құрылымдар қызметі және жабдықталуы.

Ядролық қару және оның сипаттамасы. (1 сағ.). Ядролық қару және оның сипаттамасы. Ядролық жарылыс түрлері. Ядролық жарылыстың зақымдау факторлары және олардан қорғану әдістері. Нейтронды оқ-дәрілердің зақымдау ерекшеліктері.

Химиялық қару. (1 сағ.). Химиялық қару және оны қолдану белгілері. Улы заттар, оның зақымдау қасиеттері және одан қорғану әдістерінің қысқаша сипаттамасы. Химиялық зақымдау ошағы, зақымдаудың алғашқы және екінші аумақтары.

Биологиялық (бактериологиялық) қару (1 сағ.). Биологиялық (бактериологиялық) қару және оның зақымдау әсері мен қолдану белгілері. Бактериялық құралдар, олардың зақымдау әсері мен одан қорғану құралдарына қысқаша сипаттама беру. Бактериологиялық зақымдау ошағы және оның сипаттамасы. Бактериологиялық зақымдау ошағында жүргізілетін іс-шаралар. Карантин және обсервация.

Тыныс алу мүшелерін қорғаудың қарапайым құралдары (1 сағ.). Жалпыәскери газтұмылдырық, оның атқаратын қызметі және құрылысы. Сауыт-қорғанысты (маска) таңдау, жарамдылығын тексеру, газтұмылдырықты жинау және қалтаға салу. Газтұмылдырықты алып жүру мен қолдану ережелері, зақымдалған адамға кигізу әдістері. Жарамсыз газтұмылдырықты пайдалану. Тыныс алу мүшелерін қорғаудың қарапайым құралдары.

Жеке қорғану құралдарымен жаттығу (1 сағ.). Теріні қорғайтын қарапайым құралдар, герметизациялау және арнайы майды сіңдіру арқылы оның қосымша қорғану қасиеттерін арттыру жолдары. Арнайы киім үлгісінің атқаратын қызметімен таныстыру (Л-1 жеңіл қорғау киімі, сүзгілік қорғау қасиеті бар киім, жалпы әскери қорғану киімі) және оларды қолдану тәртібі.

Ұжымдық қорғану құралдары. (1 сағ.). Жасырынатын орын және радиацияға қарсы таса, олардың қорғау қасиеттері, жалпы құрылысы және бөлменің ішін жабдықтау. Жасырынатын орындардың қарапайым түрі.

Эвакуациялау және халықты шоғырландыру (1 сағ.). Азаматтық қорғаныс дабылы және ол бойынша әрекет ету тәртібі. Эвакуациялау және орналастыру тәсілдері мен тәртібі. Эвакуацияланаушылардың міндеттері, олардың керек-жарақтары, қажетті жеке мүліктері, құжаттары мен азық-түліктері. Эвакуация бекетіндегі тәртіп, жүру бағыты және орналасатын орынға келу ережелер тәртібі.

Террорлық қауіп-қатер кезіндегі адамдардың қауіпсіздігі (1 сағ.). Террорлық актілер бойынша қауіп-қатер төнген және террор болған кездегі азаматтардың атқаратын әрекеттері. Түрлі деңгейдегі қауіп-қатер төнген кезде әрекет ету тәртібі. Лаңкестік қауіпінің алдын алуда ақпараттық технологияның тиімділігі.

Табиғи апат аймақтарындағы адамдардың әрекеттері (1 сағ.). Табиғи апаттар, зілзалалар, олардың сипаттамалары және келтіруі мүмкін салдары. Табиғи апаттар және зілзалалар кезіндегі адамдардың әрекет ету тәртібі. Адамдардың табиғи апат салдарын жоюға, сондай-ақ құтқару жұмыстарын жүргізуге қатысулары.

Жарақат алу, қан ағу және күйік шалу кезінде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек (1 сағ.). Жарақат және олардың асқыну себептері туралы түсінік. Қансырау түрлері және олардың сипаттары. Күйік шалу себептері және олардың ауырлық деңгейлері. Естен танудың себебі. Жарақат алу және қансыраған кезде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек. Асептика және антисептика туралы түсінік.

Түрлі қайғылы оқиғалар кезіндегі көрсетілетін алғашқы медициналық көмек (1 сағ.). Сүйектің сынуы және оларды анықтау туралы түсінік. Соғып алу, шығып кету, буынның созылуы және оларды анықтау белгілері. Шина салудың негізгі ережелері. Түрлі қайғылы оқиға орын алған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдері.

Үсік шалу, күнге күйу және жылудың әсері, олардың алдын алу және көрсетілетін алғашқы медициналық көмек. Электр тоғы соққан кезде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек және көмек көрсеткен кезде сақтау керек қауіпсіздік шаралары.

10-сынып бағдарламасының мазмұнына «Әскери роботты техника негіздері» бөлімі енгізілген, ол «Әскери роботты техника негіздері», «Роботтарды басқару алгоритмі» және «Роботтарға арналған міндеттер. Роботтардың қызмет ету мүмкіндіктері» атты бөлімшелерге бөлінген және келесі тақырыптарды қамтиды:

1) Әскери роботты техникалардың негіздері – Роботтар туралы жалпы мәліметтер. Роботтарды әскери істе пайдалану.

2) Роботтарды басқару алгоритмі – Роботтың қозғалу траекториясын жоспарлау. Роботтар тобын ұжымдық басқару үлгісі және алгоритмдері.

3) Роботтарға арналған тапсырмалар – Роботтардың атқара алатын қызметтері. Жекелеген тактикалық міндеттерді шешу: жергілікті жерлерде бағдарлау, роботтардың қиын жағдайларда қызмет ету (1-сур.).




1-сурет. «Әскери роботты техникалардың негіздері»

Пәннің базалық мазмұнда IT-технологияны пайдалану қарастырылған. Сонымен қатар бөлім атаулары өзгертілген – (Қарулы Күштер Қазақстан Республикасы егемендігінің күзетінде) – «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі» [4].

«Тактикалық дайындық», «Саптық дайындық», «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технология негіздері» тараулары біріктірілген. Алғашқы әскери дайындықтың барлық бөлімдері бойынша тесттік тапсырмалар берілген.

**«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық»
оқу пәнінің 10-сыныпқа арналған базалық мазмұны**



2017	
Кіріспе	1
Қазақстан Республикасының Қарулы күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі	3
Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары	3
Тактикалық дайындық	1
Атыс дайындығы	4
Саптық дайындық	2
Әскери топография	2
Өмір қауіпсіздігінің негіздері және ақпараттық технология	12
Әскери роботты техникалардың негіздері	6
Оқу жылы бойынша сағаттар саны	34

2-сурет. Оқу пәнінің базалық мазмұны. 10-сынып

Далалық-оқу жиыны. 10-сынып. Далалық-оқу (лагерлік) жиындарға оқу материалдары мен тақырыптық жоспарлау (ер балалар үшін)

«Тактикалық дайындық» бөлімі келесі тақырыптарды қамтиды:

1) Әскери бөлімнің (бөлімшелердің) қару-жарақтары мен әскери техникасы. Әскери бөлімнің қару-жарақтары мен әскери техникасының арналуы және тактикалық-техникалық мінездемелерімен танысу. Қарулар мен әскери техниканы іс-жүзінде қолданысын көрсету.

2) Сарбаздың ұрыстағы іс-әрекеті. Сарбаздың ұрыстағы жаяу тәртіптегі іс-әрекеті. Ядролық жарылыс кезіндегі іс-әрекеті. Газтұмылдырық пен жалпыәскерлік қорғаныс құрылымын қолдану тәртібі (Л-1 қорғаныс киімі).

3) Қорғаныстағы сарбаз. Ату позициясында (атыс жүргізетін орын) орналасу. Оқпана қазу және оны жасыру. Жау ядролық қару қолданғанда, химиялық және бактериологиялық зақымдау қаруын қолданғаны туралы дабыл қағылған кездегі іс-әрекеттері. Жаудың танкілері мен жаяу әскерлерінің әртүрлі бағыттарындағы шабуылына төтеп беру. Ауа нысандарына атыс жүргізу.

4) Шабуылдағы сарбаз. Шабуылға дайындалу кезіндегі әрекеттер. Шабуылдау кезінде сарбаздың лекте қозғалуы және бөлімшенің ұрыс жүргізуі кезінде өз орнын табу. Жолдағы кедергілерден өту, шабуылдау. Жауды ордан қарумен ату, граната лақтыру және қоян-қолтық ұрыста жою тәсілдері. Шабуылдау нысанын басып алу. Шабуылдау кезінде радиоактивті (улы) заттармен зақымдалған жерлерде әрекет ету.

5) Бақылаушы сарбаз. Бақылау жасауға арналған орынды таңдау, оның жабдықталуы мен жасырылуы. Нысананы айқындау және бақылау нәтижесін баяндау. Жергілікті жердің үлгісін құру және әскери нысандарды үлгіде белгілеу.

6) Шолудағы сарбаз. Шолушы болып тағайындалған сарбаздың әрекеттері. Шолушының қимыл-әрекеттері және жергілікті жерді, заттарды шолу. Бақылау нәтижелері туралы мәлімдеме жасау.

«Атыс дайындығы» келесі тақырыптарды қамтиды:

1) Автоматтан (пневматикалық винтовкадан) ату. Тәжірибеде автоматтан (пневматикалық винтовкадан) ату.

2) Қол гранаталарын лақтыру. Танкіге қарсы және жарықшақты қол гранаталарын лақтыру.

«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары» бөлімінде қарастырылатын тақырыптар:

1) Әскери бөлімдегі (бөлімшелердегі) әскери қызметшілердің орналасуы, өмірі мен тұрмыстық жағдайы. Әскери бөлімнің (бөлімшелердің) тарихы. Әскери қызметшілердің орналасуы. Ақпараттық-тәрбие бөлмесі. Қару сақтайтын бөлме. Оқу қалашықтары, спорттық база, әскери асхана.

2) Бекеттегі сақшының міндеті мен іс-әрекеттері. Қаруды оқтау тәртібі. Бекеттегі сақшының қаруын ұстау қалпы. Бекетті қабылдау және тапсыру кезіндегі, бекетте өрт шыққанда және бекет маңында немесе көрші бекетте тәртіп бұзылған кездегі сақшының әрекеттері.

3) Бекетке шабуыл жасағанда сақшының іс-әрекеттері. Бекетке шабуыл жасағанда сақшының іс-әрекеттері. Қару қолдану тәртібі.

«Саптық дайындық» бөлімінде қарастырылатын тақырыптар:


1) Саптық тәсілдер және қарумен орындалатын қимыл-әрекеттер. «Автоматты кеудеге!», «Белдікке!», «Қаруды қой!», «Қаруға!», «Қаруды!» тәсілдерін орындау.

2) Бөлімшенің сабы. Бөлімшені жазылма және жорықтық сапқа тұрғызу. Бөлімшені жазылма саптан жорықтыққа сапқа тұрғызу және қайтадан жазылма сапқа тұрғызу. Бөлімшенің ажырауы және қосылуы.

3) Сапты басқару белгілері. Сапты басқару белгілері: «Назар сал!», «Командирлерді жина!», «Бас!», «Токта!», «Қашықтықты ұлғайт!», «Қашықтықты қысқарт!», «Лекке!», «Барлығың артқа бұрыл!», «Барлығың оңға (солға)!» және т.б. Машина маңындағы және машинадағы әскери қызметшілердің іс-әрекеттері.

«Әскери топография» бөлімінде қарастырылатын тақырыптар:

1) Жергілікті жерде картасыз бағдарлау. Азимут бойынша қозғалу. Жергілікті жерде картасыз бағдарлау.



2017	
Тактикалық дайындық	14
Атыс дайындығы	6
Қарулы Күштердің, басқа әскерлердің және Қазақстан Республикасының әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары	4
Саптық дайындық	4
Әскери топография	2
Сағаттар саны	30

3-сурет. Далалық-оқу жиыны. 10-сынып.

11-сыныптағы «Технологиялық дайындық» бөлімінің мазмұны «Авто көлігін басқару және жол қауіпсіздігі негіздері» бөлімінде қарастырылған. Аталған бөлімнің тақырыптары сыныптарға бөлініп, суретте ұсынылып отыр (4-сур.).

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің 11-сыныпқа арналған базалық мазмұны

**«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық»
пәнінің базалық мазмұны
11-сынып**

2013		2017	
Қарулы күштер – Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қорғауда	2		
Саптық дайындық	3		
Өмір қауіпсіздігінің негіздері	25	Технологиялық дайындық	34
Қорытынды тексеру сабақтары	4	Дөңгелекті машиналардың негіздері мен жүргізу ережесі	8
		Көлік құралдарын басқару негіздері және жүргізу қауіпсіздігі	8
		Күрделі жол жағдайында көлік құралын басқару	18
Оқу жылы бойынша сағаттар саны	34	Оқу жылы бойынша сағаттар саны	34

4-сурет. Оқу пәнінің базалық мазмұны. 11-сынып

11-сыныптағы «Технологиялық дайындық» бөлімі келесі бөлімшелерге бөлінеді: «Дөңгелекті машиналарды жүргізу негіздері және ережелері», «Көлік құралдарын басқару негіздері және жол қауіпсіздігі», «Күрделі жол жағдайында автотраспорт көлігін басқару».

11-сыныпта өткізілетін «Дөңгелекті машиналардың негіздері және оларды жүргізу ережелері» бөлімше келесі тақырыптарды қамтиды:

1) Дөңгелекті машиналарды жүргізу негіздері және ережелері. Жол қозғалысына қатысушыларының міндеттері. Жол қозғалыс ережелерінде қамтылған негізгі ұғымдар мен терминдер. Жүргізушілердің, жаяу жүргіншілердің және жолаушылардың міндеттері. Жүргізушінің өзімен бірге болуы тиіс құжаттары.

2) Бағдаршам және жол қозғалысын реттеушінің сигналдары. Арнайы сигналдарды пайдалану. Авариялық дабыл және авариялық аялдау белгісін қолдану. Маневр жасау. Көлік құралдарының жолдың жүріс бөлігінде орналасуы.

3) Қозғалыс жылдамдығы. Қарсы қозғалыс, басып озу. Аялдама және автотұрақ. Қиылыстардан өту бағыттары. Маршруттық көлік құралдарының аялдмасы және жаяу жүргіншілерге арналған жолдар.

4) Әртүрлі жағдайлардағы қозғалыс. Темір жол өткелдері арқылы өту. Автомагистраль арқылы қозғалыс. Тұрғын аудандардағы қозғалыс. Маршруттық көлік құралдарының басымдықтары. Дыбыстық сигналдарды және сыртқы жарық түсіру құралдарын пайдалану.

5) Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау. Механикалық көлік құралдарын сүйреу. Көлік жүргізуді үйрету. Жолаушыларды тасымалдау. Жүкті тасымалдау. Велосипедтер, мопедтер, көлік-арбаларының қозғалысы және жолмен мал айдауға қойылатын қосымша талаптар. Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдардың қозғалысын қамтамасыз ету.

6) Жол белгілері. Ескерту белгілері. Басымдық белгілері. Тыйым салатын белгілер.

7) Жол белгілері. Міндетті белгілер. Ақпараттық-нұсқағыш белгілері. Қызмет көрсету белгілері (таңбалары). Қосымша ақпарат беру (кесте белгі) белгілері.

8) Жол таңбасы және оның сипаттамалары. Таңбалардың жіктелуі. Көлденең және тік таңбалану талаптарына сәйкес орындалатын жүргізушілердің іс-әрекеттері. Жұмыс істеу үшін көлік құралдарының рұқсатнамасының негізгі ережелері.

11-сыныптағы «Технологиялық дайындық» бөлімінің мазмұны «Дөңгелекті машиналар жүргізу негіздері және ережелері» бөлімшеде берілген. Аталған бөлімшенің тақырыптары сызба-суретте ұсынылып отыр (5-сур.).



5-сурет. Дөңгелекті машиналарды жүргізу ережесі және негіздері

11-сыныптағы «Дөңгелекті машиналарды жүргізу ережесі және негіздері» бөлімшесі келесі тақырыптарды қамтиды:

1) Қауіпсіздік шаралары сабақ барысында. Жүргізішінің жұмыс орнын дайындау. Автомобильдің басқару тетіктерімен танысу. Жұмыс істемейтін қозғалтқыштың басқару элементтерін әзірлеу. Ситуациялық есепті шығару.

2) Қозғалтқышты қосу. Автомобильді орнынан қозғалту, тура жолда қозғалыс, тежеу және тоқтату. Ситуациялық есепті шығару.

3) Қисық траекторияда қозғалыс, маневр. Берілісті ауыстырумен жүргізу. Ситуациялық есепті шығару.

4) Гаражға кіру. Ситуациялық есепті шығару.

5) Тар кеңістікте бұрылыс. Автомобильді көлік тұрағына қою. Ситуациялық есепті шығару.

6) Эстакадаға кіру. Өрлеу үстінде тұрған автомобильді жүргізу. Ситуациялық есепті шығару.

11-сыныптағы «Технологиялық дайындық» бөлімінің «Автокөлік құралын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі» бөлімшесі келесі тақырыптарды қамтиды. Аталған бөлімшенің тақырыптары сызба-суретте ұсынылып отыр (6-сур.).



6-сурет. Автокөлік құралдарын басқару негіздері және жол қауіпсіздігі

11-сыныпта «Күрделі жол жағдайында автокөлік құралдарын басқару» бөлімше келесі тақырыптарды қамтиды:

1) Қозғалысты бастау және бордюр тасының жанына (тротуар жанына) тоқтату. Ситуациялық есепті шығару.

2) Дистанцияны сақтау арқылы қатардағы қозғалыс. Ситуациялық есепті шығару.


3) Бір қатардан екінші қатарға өту қозғалысы. Ситуациялық есепті шығару.

4) Реттелмеген жол қиылысынан өту. Ситуациялық есепті шығару.

5) Реттелген жол қиылысынан өту. Ситуациялық есепті шығару.

6) Басып озу. Ситуациялық есепті шығару.

11-сыныптағы «Технологиялық дайындық» бөлімінің мазмұны «Күрделі жол жағдайында автокөлік құралды басқару» бөлімшеде берілген. Аталған бөлімшенің тақырыптары сызба-суретте ұсынылып отыр (7-сур.).



7-сурет. Күрделі жол жағдайында автокөлік құралдарын басқару

Әр сабақты өткізу үшін оқу орынның директорымен бекіткен сабақ жоспары құралады. Сабақ жоспарында тақырып, оқу және тәрбиелік мақсаттары, қарастырылатын сұрақтар, оқу сағаттарының бөлінуі, жалпы білім беру пәндерінің оқушылармен байланысы, материалдық қамтамасыз ету және сабақ барысы көрсетіледі. Қажет болған жағдайда қарастырылатын сұрақтарға байланысты оқу материалының қысқаша мазмұны келтіріледі.

Оқу орнында АӘЖТД пәні ер балалар мен қыз балаларға бірге жүргізіледі. Әскери-спорттық сабақтар сыныптан тыс уақытта жоспарланып өткізіледі, айына бір реттен кем емес әскери-оқу және әскер-патриоттық кинофильмдер көрсетілімі ұйымдастырылады, сонымен қатар үйірмелердің сабақтары өткізіледі.

Жоғары дәрежеде ұйымдастырылған сабақты өткізуге қамтамасыз етуде және оқушылардың практикалық дағдыларын жалпы әскери жарғылардың талаптарын орындауда әр сынып взвод атанып үш (төрт) бөлімшеден бөлінеді. Оқу орны басшысының бұйрығы бойынша сынып оқушылары арасынан (ер бала және қыз) взвод және бөлімше командирлері тағайындалады. Қыздардан құрылған бөлімшеге қыз бала бөлімше командирі болып тағайындалады.

2 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнін оқытуды ұйымдастырудың нысандары, әдістері, құралдары

Оқыту – бұл бірінші кезекте білімі мен тәжірибесі және оны шындайтындар арасындағы ұйымдасқан қарым-қатынас. Оқыту әдісін осылайша сипаттау арқылы оқытудың жеке бір бөлігі емес, тұтас жүйесі құрылады. Оқытуды айқындау және сипаттау келесі жағдаяттардан тұрады: оқытудың мақсаты мен міндеттері, оқыту құралдары, оқытушының жетекшілік етуі, оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру, оқыту процесінде өзгерулері, қол жеткізген нәтиже немесе мақсат. Міне, осылайша оқыту әдісінің мән-мағынасы анықталады және оқыту процесінің ішкі немесе сыртқы жақтарын (сұрау, жаңа материалдарды мазмұндау, бекіту, оқушылардың өзбетімен жұмыстары, бақылау) қарастырмайды – оқыту процесін тұтас қамтиды [6].

Оқытуды ұйымдастыруды түсіну барлық жүйені анықтауға мүмкіншілік береді, дидактикалық аппараттың ұғымдық - категориялық құралғысы өзара байланыста олар: «оқыту» және «білім беру», «ұйымдастыру түрлері» және «оқыту әдістері», «оқыту қағидаттары» және тағы басқалар. Бұл жаңа және дәстүрлі білім беру технологияларын қолданудың болашағы мен мақсатқа лайықтылығы туралы туындаған сұрақтарды анықтау жолдарын көрсетеді, өйткені олар оқыту түрлері мен формаларын дұрыс түсінуге байланысты, оқытудың түрлері мен әдістерінің ғылыми теориясы оқыту процесінің материалдығы мен мәніне тұтастай бағынышты.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық теориялық және практикалық сабақтарда іске асырылады:

- теориялық сабақтарды оқытудың дидактикалық материалдарын, техникалық құралдар мен инновациялық әдістерді қолдана отырып, әңгімелеу және сұхбаттасу түрінде өткізіледі;

- практикалық сабақтар оқулық қару және әскери-техникалық мүлікті, құралдарды және өзге де жабдықтарды қолдана отырып, оқу материалын игеруге бағытталады.

Кіріспе сабағын өткізу барысында үш оқу сұрағы қарастырылады.

Бірінші оқу сұрағы – оқу орындарында алғашқы әскери дайындық сабағын заңнамалық негізде ұйымдастыру, бұл оқу сұрағын қарастыра отырып оқушыларға Қазақстан Республикасы Конституциясының 36-бабының талаптарын жеткізу қажет, алғашқы әскери дайындық сабағы оқу орындарында Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпанындағы «Әскери қызмет және әскери қызметкерлердің мәртебесі туралы» заңының талаптары негізінде жүргізіледі [7].

«Алғашқы әскери дайындық» пәнін ұйымдастыру және жүргізу тәртібін мемлекеттік органдардың міндеттері, мекемелер мен лауазымды адамдарды Қазақстан Республикасы қорғаныс министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы "Ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы, сондай-ақ алғашқы әскери дайындық пәнінің оқу-материалдық базасын қалыптастыру" бұйрығы анықтайды.

Басшылыққа алынатын құжаттардың талаптарын түсіндіре отырып, білім алушылардың санасына АӘЖТД пәнін оқытудың үлкен мемлекеттік маңызы бар екендігін жеткізу қажет.

Осы оқу сұрағында алғашқы әскери дайындық пәнінің мақсаттары мен міндеттерін түсіндіру керек.

Екінші оқу сұрағын төмендегідей тұжырымдауға болады: алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағын өткізу тәртібі. Осы сұрақты қарастыра отырып: оқыту бағдарламасының мазмұны және оны орындау ретін түсіндіру; "Алғашқықы әскери және технологиялық дайындық" пәні оқулығының мазмұнын; білім алушылардың білім мен дағдыларына қойылатын талаптарды қысқаша түсіндіру. Бұл бөлімде оқушылардың міндеттері, сабақтағы және сыныптан тыс іс-шараларға қатысудағы мінез-құлықтарының тәртібі түсіндіру ұсынылады, АӘЖТД сабағындағы оқушыларға тағайындалған киім үлгісі мен оқу сабақтарына қажетті оқу құралдары және оларды дайындау уақытын жеткізу қажет.

Үшінші оқу сұрағы – ұйымдастыру. Ол мыналарды қамтиды: взвод және бөлімше командирлерін таңдау және тағайындау, оқушыларды бөлімшелерге бөлу. Сабақ барысында оқушыларға сабақ басталуы мен аяқталуы кезіндегі командирлер мен оқушылардың іс-әрекеттерін түсіндіріп, көрсетіп және оған жаттықтыру керек.

Аталған сабақтар әңгімелесу, түсіндіру, көрсету және жаттығулар әдісімен жүргізіледі.

Сабаққа дайындық және өткізу барысында Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының 2012 жылы 16 ақпанындағы

«Әскери қызмет және әскери қызметкерлердің мәртебесі туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсанындағы «Ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы сондай-ақ алғашқы әскери дайындық пәнінің оқу-материалдық базасын қалыптастыру» бұйрығы, «Алғашқы әскери дайындық» оқулығының материалдары, әдістемелік басшылықтың жалпы ұйымдастырушылық нұсқауларының мәтіндері қолданылды.

Әрбір сабақты өткізу үшін мектеп директоры бекіткен сабақ жоспары құрылады. Сабақтың жоспарында төмендегілер көрсетіледі: тақырыбы, оқу және тәрбиелік мақсаттары, сабақта қарастырылатын оқу сұрақтары, оқу уақытын бөлу, жалпы білім беретін пәндермен оқу сұрақтарының байланысы, материалдық қамтамасыз ету және сабақ барысы. Қажет болған жағдайда сабақта қарастырылатын оқу сұрақтарына байланысты оқу материалдарының қысқаша мазмұнда беріледі.

Оқытушы-ұйымдастырушы білім берудің жалғыз қайнар көзі болып қалмай, оқушылардың белсенді оқу-танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастырушы ретінде қызмет ету керек.

Білім беру бағдарламасының табысты болуы оқытушы-ұйымдастырушыдан әрбір сабаққа мұқият та, тиянақты дайындалуды және жоспарлауды талап етеді. Сонымен қатар белсенді де, командалық оқыту, сыни тұрғыдан бағалау секілді заманауи педагогикалық технологияларды қолданған дұрыс. Бағдарлама іс жүзінде орындалатын әрекеттерді және зерттеушілік дағдыларды дамытуға бағытталған.

Мектептегі білім беру мазмұнының жаңартылуына байланысты «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша оқытуды ұйымдастырудың формасы мен әдістері өзгереді. Пәнді оқыту процесінің мынадай ерекшеліктері бар: оқушыға дайын күйіндегі білім деңгейі берілмейді, яғни оқушы мұғалім ұйымдастырған зертханалық орта мен іздену іс-әрекеттері арқылы білім деңгейіне өздігінен қол жеткізеді. Мәтіннің мағынасын түсіну және оқу сауаттылығына (аралас және дискретті (үлеспен берілген) мәтіндерді оқу, ақпаратты үлгі, кесте, алгоритмдер түрінде беру) баса назар аударылады.

Қазіргі заманғы сабақтарды былайша түсіндіруге болады:

1. Шындықты түсіндіру, шындықты іздеу және оның мағынасын ой елегінен өткізу. Бұл дегеніміз, мазмұны ғылыми білімнен құралған рухани қарым-қатынас және соның нәтижесінде әрбір субъект зерделеу қасиеті дамып, рухани байлыққа ие болады. Шындық оқушының иығына арта салатын жүк емес, жеке тұлға шындықтың шыңына шығуға ұмтылып, оның мән-мағынасын түсінуі керек. Мысалдар: аяқталмаған тезис, мұғалімнің «мен» түсінігін трансляциялау, ынталандыру.

2. Бала өмірінің бір бөлігі және оның өмірі жалпыадамзаттық мәдениеттің жоғары деңгейінде қалыптасуы керек. Сәлемдесу, бір-біріне түсіністікпен қарау, мейірбандылық, этикет секілді оң әрекеттерді қалыптастыру керек. Тәрбиелеу – бұл дегеніміз, баланың мұғаліммен бірге және оның көмегімен қазіргі заманғы мәдениетке қадам басуы.

3. Шынайы өмірді ізгілендіру, адамзат баласын ең басты құндылық деп мойындау, жеке тұлғаның дербес дамуына мүмкіндік беруге бағытталған еркін сабақ. Оқушы әрдайым мақсат-нысана болып табылады, ол ешқашан да тәрбиелеу құралы болмауы керек.

4. Табыстылық жағдайын, адамның жекелеген жетістіктерге қол жеткізуін сезіндіруге қажет жағдай құру. Мысалдар: қолдау көрсету, әрбір әрекетті бағалау, үрейге жол бермеу, мейірбандылық, басқалармен салыстырмау.

5. Жыныстық (гендерлік) тәрбие.

6. Топтасып әрекет етуді ұйымдастыру.

7. Үйлесімін тапқан сабақ, сабақтың мазмұнының байлығы, оның сыртқы келбеті мен шамасы. Сабақтың тиімді (оң райда) өтуі. Мысалдар: педагогикалық жағдайды түзету, ойындар, өздігінен реттеу үлгілері; шындықты анықтау, жақсылық жасау, сұлулықты анықтау секілді құндылықтарды дәріптеу.

Сабақты жүргізудің алгоритмдік жобасын ұсынамыз:

1. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу бағдарламасы бойынша сабақтың пәндік нәтижелері түріндегі мақсаттар мен міндеттер анықталады.

2. Мақсат пен міндеттерге қол жеткізу үшін сәйкес келетін түрлер таңдалуы керек: оқытудың белсенді және интерактивті түрлері (олардың келбеті және мәтін бойынша сабақ тақырыбына сәйкес келуі).

3. Уақытпен, іс-әрекет түрі және ресурстармен байланысқан сабақ кезеңдері. Әр сабақтың құрылымы келесі құрам-бөліктерден тұрады:

1) оқушыға түсінікті тілде жеткізілген сабақтың мақсаттары («Нені білетін боламыз, нені үйренеміз»);

2) тапсырма/сабақта жұмыс істеуге қажет білім және біліктілікті өзектілендіру;

3) сабақтың мәтіндік және көрсетуге арналған (иллюстрациялық) материалдаран құралған жаңа мазмұндағы білім деңгейін игеруге қажет тапсырмалар жүйесі (мәтінмен және көрсету материалдарымен жұмыс жасау, сыныптағы жұмыс);

4) сабақтың мазмұны бойынша қысқаша түйіндеме («Қорытынды жасайық», сыныптағы жұмыс);

5) қорытынды бақылау жұмыстарын ұйымдастыруға арналған сұрақтар мен тапсырмалар (өзіндік бақылау сұрақтары);

6) Үй тапсырмаларын беру (үй және шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар).

Күзиреттілік деңгей негізде оқытылатын мақсат пен міндеттер білім берудің инновациялық технологияларын жасау және қолдануды талап етеді. Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты оқушының өзбетімен жұмысының көлемі мен рөлін ұлғайтуды, оқытудың белсенді жолдарын, бақылау құралдарының көп болуын болжайды [4].

ҚР Мемлекеттік стандартына сәйкес жаңғыртылған мазмұндағы орта білім берудің 10-11-сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша оқу бағдарламасын оқыған кезде келесі *тұлғалық нәтижелер* қалыптасады:

Оқушы көрсетуі керек:

- Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдары мен құқықтық тәртіптеріне құрмет;

- белсендік азаматтық ұстаным, жоғары деңгейдегі патриоттық сезім, өз Отанына қызмет етуге және оның мүддесін қорғауға деген даярлық;

- туған және мемлекеттік тілді игеру, қазақ халқының және Қазақстан аумағында өмір сүріп жатқан басқа да ұлт өкілдерінің тарихына, мәдениеті мен салт-дәстүріне деген құрмет;

- өзінің және өзгелердің қауіпсіздігіне сақтау дағдыларын;

- үлкендерге құрмет, кішілерге қамқорлық көрсету, басқа адамдарға деген мейірбандылық пен қайырымдылық таныту.

Жүйелі іс-әрекеттік нәтижелер

Оқушылар қолдана білулері керек:

- ғылым негіздері бойынша білім жүйесін және адамзат қоғамына дамытуға қажет ғылыми жетістіктер аясын қолдануды;

- ғылыми ақпаратты талдай, өңдеу, жіктей білу және іс жүзінде қолдануды;

- таным, құрастыра білу және зерттеу әдістері, оларды шығармашылық тұрғыдан қолдануды;

- заманауи ақпараттық-коммуникативті технологияларды [8].

Қазір оқытудың белсенді емес, белсенді және интерактивті әдістері мен тәсілдері деген сөздер жиі қолданылады.

«Оқыту әдісі» және «Оқыту тәсілі» терминдеріне арнайы әдебиеттерде түрлі анықтамалар берілген. Жалпы алғанда, бұл дегеніміз оқытушы мен оқушының өзара әрекеттері және соның нәтижесінде білім, біліктілік, дағдылар игеріледі.

Олардың арасындағы айырмашылық мынау: тәсіл – бұл жеке бір, нақты ББД-мен (білім, біліктілік, дағды) жұмыс істеуді болжайтын қысқа мерзімді жол, ал әдіс – бірнеше кезеңнен және бірнеше тәсілден құралған ұзақ процес.

Сонымен, оқыту тәсілдері – қандай да бір әдістің құрам бөлігі ғана болып табылады.

Әдістер түрлі белгілері бойынша жіктеледі:


- оқу іс-әрекетінің сипаты бойынша: репродуктивті, мәселе туындатушы, зерттеуші, ізденуші, түсіндіруші-бейнелеуші, эвристикалық және т.с.с.;

- ұстаз бен оқушылардың белсенділік деңгейі бойынша: белсенді емес, белсенді және интерактивті;

- оқу материалының көзідер бойынша: сөздік, көрнекі, іс жүзіндегі;

- оқу-танымды іс-әрекеттерді ұйымдастыру тәсілдері бойынша: БДМ іс жүзінде қалыптастыру әдістері, жаңа білім алу әдістері, тексеру және бағалау әдістері.

1) *Белсенді емес*: оқушылар оқыту материалын игеруші және өндіруші болатын «объект», ал мұғалім білімнің қайнар көзі болып қызмет етеді. Негізгі әдістер: дәріс, мәтінді оқу, сұрау.




Мысал: Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі» тақырыбын мысал ретінде келтіреміз.

Мақсаты: Әскери анттың мазмұнын зерттеп, оның әскери өмірдегі және іс-әрекет кезіндегі маңызын түйсінуге көмектесу. Ант талаптарын орындауға деген жауапкершілікті, әскери борышқа және Жауынгерлік Туға, айбындылық пен даңқа деген адалдықты тәрбиелеу.

Оқу сұрақтары: 1

1. Әскери ант. Әскери анттың маңызы.
2. Әскери антты қабылдау тәртібі.

2) *Белсенді*: оқушылар оқыту «субъектісі» болып табылып, шығармашылық тапсырмаларды орындайды, мұғаліммен диалог орнатады. Негізгі әдістер: шығармашылық тапсырмалар, оқушының мұғалімге және мұғалімнің оқушыға сұрақ қоюлары. Оқытудың белсенді әдістері – бұл оқушының оқу материалын игеру процесіндегі белсенді ойлануы және іс жүзінде орындау ұмтылдыратын процесс. Белсенді оқыту мұғалімнің дайын оқыту-үйрету материалдарын мазмұндауы, оларды есте сақтау және айтып беру емес, оқушының белсенді ой еңбегі мен іс жүзіндегі әрекеттер арқылы білім мен біліктілік деңгейде өзіндік игеруі.



Оқытудың белсенді әдістері «оқытушы=оқушы» өзара әрекеті үлгісі бойынша құрылады. Аталған ұстаным оқу процесіне оқытушы мен оқушы тең жағдайда қатысуын болжайды. Яғни, оқушылар сабақты құру және қатысу тұрғысынан оқушымен бір деңгейде.

Оқытудың белсенді әдістерінің белгілері мыналар:

- ойлау қабілетін жандандыру, әр оқушы мәжбүрлі түрде белсенді болу керек;
- белсенділіктің ұзақ уақытқа созылады, яғни оқушы оқу процесі барысында эпизод түрінде емес, барлық уақытта белсенді болуы керек;

- қойылған міндеттерді шешу жолдарын іздеу мен әзірлеуде дербестік таныту;

- оқуға деген ынталандыру.

Жалпы жіктеме жүйесіне сүйене отырып, оқытудың белсенді әдістерін екі үлкен топқа бөлуге болады: дербес (жеке) және топтық, яғни оған мынадай топтар жатады:

- Дискуссиялық.
- Ойын түріндегі.
- Тренинг.
- Рейтингік.

Оқыту процесінде мұғалім белсенді әдістің біреуін немесе бірнешеуін қолдануы мүмкін. Алайда сабақтың табыстылығы олардың көптігінде емес, оның жүйелілігі және таңдап алған әдіс пен міндеттердің арақатынасында.

Оқытудың белсенді әдістерінің ішінде ең көп таралған белсенді оқыту әдістерін қарастырайық:

Презентациялар (таныстырылым) – сабақта жиі қолданылатын және қарапайым әдіс түрі. Бұл оқушылардың өздері дайындаған слайдтарды тақырыптар бойынша дайындайды және көрсетеді.

Мысал: Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында «Әскери топография» тақырыбын мысал ретінде келтіреміз.

Карта бойынша жұмыс:

Топографиялық карта туралы түсінік. Картамен жұмыс істеу.

Мақсаты: оқушыларды топографиялық карта туралы түсінікпен және оның атқаратын қызметімен таныстыру.

Оқу сұрақтары:

1. Топографиялық карта және оның масштабы туралы түсінік.
2. Карта масштабының атқаратын қызметі және көлемі.

Топографиялық карталардың географиялық карталардан басты айырмашылығы – олардың масштабтарында. 1:25 000 – 1:100 000 дейінгі масштабтар топографиялық карталарға жатады.

Карталар әскери істе кеңінен қолданылады. Олар жергілікті жер туралы ақпарат беретін, әскерлердің ұрыстық әрекеттерін қамтамасыз ететін басты құрал болып табылады. Ол мотоатқыштар, артиллерияшылар, ракеташылар, танкішілер, ұшқыштар мен басқа да мамандарға қажет. Топографиялық карта бойынша жергілікті жерде бағдарлап, ұрыс жүргізуге қажет шешімдер қабылданады, марштық жорықтар іске асырылады; артиллерияның зымырандарды ұшыруларына қажет мәліметтер жинақталады; жергілікті жерде инженерлік бекіністерге қажет өлшемдер мен есептер жүргізіледі; нысан координаттары және бағыт тұсы анықталады.

Әскери топография

Әскери топография бойынша сабақ оқу орнының ауласында немесе жергілікті жерде өткізіледі. Оқытушы алдымен көкжиек тұстарын, өзінің тұрған жерін бағдарлармен салыстыра отырып анықтау тәсілдерін айтып беріп, компаспен жұмыс істеу, бағытты (азимуты) анықтау және өзінің орналасқан

жері туралы мәлімдеуді іс жүзінде көрсетеді. Содан кейін аталған тәсілдерді оқушылардың өздері орындап жаттығады [9].

Қорытынды сабақта оқушылар «Азимут бойынша қозғалу» сұрағын қарастырады.

Тарауды оқу барысында оқушылар көкжиек тұстарын және өзінің тұрған жерін анықтап, ол туралы салыстырмалы түрдегі бағдарлар мен жергілікті заттармен салыстыра отырып мәлімдеп, сондай-ақ берілген азимут бойынша қозғалу біліктілігін игереді.

Қозғалыс бағытын (азимутты) жергілікті жерде анықтау тәртібімен танысады.

Әскери топография бойынша сабақта оқушылардың бойында тапқырлық, ізденгіштік және өзіндік әрекет ете білу қасиеттері тәрбиеленеді.

1-кесте

«Әскери топография» тарауын оқу кезіндегі тақырыптар атауы және сағат саны

Тақырып нөмірі	Тақырып атауы мен оқу сұрақтарының мазмұны	Сағат саны	Оқыту әдісі	Оқу материалы
1	2	3	4	5
1	Жергілікті жерде картасыз бағдарлау. <i>1-сабақ.</i> Бағдарлану туралы түсінік. Компас, аспан жарықтары және жергілікті заттар бойынша бағдарлану. Өзінің орналасқан орны туралы мәлімдеу.	1	Әңгімелеу, көрсету, әңгімелеу, жаттығу	АӘТД оқулығы, 6-тарау, § 1.
2	Магнитті азимутты анықтау. <i>2-сабақ.</i> Азимут және оны анықтау. Көкжиек тұстарын және бағытты (азимутты) жергілікті заттар бойынша анықтауға жаттығу.	1	Әңгімелеу, көрсету, әңгімелеу, жаттығу	АӘТД оқулығы, 6-тарау, § 2.
3	Қазіргі заманғы бағдарлану құралдары (1 сағ.) <i>3-сабақ.</i> Жергілікті жерді бағдарлау үшін қазіргі заманғы жеке жабдықтар. Спутниктік навигациялық жүйелер туралы жалпы мәліметтер: GPS (Global Positional System), ГЛОНАСС,	1	Әңгімелеу, көрсету,	АӘТД оқулығы, 6-тарау, § 3.

	Galileo.			
4	Жергілікті жерде картасыз бағдарлану (оқу жиынында). 4,5-сабақ. Жергілікті жерде картасыз бағдарлану. Азимут бойынша қозғалу.	2	Практикалық жұмыс	АӘТД оқулығы, б-тарау, § 4.

Жергілікті жерде картасыз бағдарлану. Оқытушы сабаққа кірісе отырып, оқушыларға әскери білім жүйесіндегі әскери топографияның маңызын қысқаша түсіндіріп өтеді.

Сабақтың негізгі бөліміне көше отырып, өзіне таныс емес жерде жылдам бағдарлай білу әскери қызметші үшін өте маңызды екенін, оның қарапайым нәрсе емес екендігін және белгілі бір білім деңгейі мен дайындықты қажет ететіндігін түсіндіреді. Содан кейін оқушыларға «бағдарлану» және «бағдарлау» түсініктеріне анықтама беріп, оның мәнін түсіндіреді.

Бағдарлану туралы түсінікті әңгімелеп болған соң, оқытушы көкжиек тұстарын анықтауды үйретуге кіріседі. Көкжиек тұстары компас, аспан жарықтары және жергілікті заттардың кейбір белгілері бойынша анықталады. Оны үйрету үшін оқытушы көкжиек тұстарын компас бойынша қалай анықтайтынын көрсетеді және түсіндіреді. Олардың түсінген-түсінбегендерін анықтау үшін, оқушыларға компасты беріп, солтүстікті немесе оңтүстікті (батысты, шығысты) анықтауларын сұрайды.

Содан кейін дәл сондай әдіспен көкжиек тұстарын күн және сағат бойынша анықтауды үйретеді. Егер сабақ өткізіп жатқан кезде күн бұлтты болса, онда оқушыларға бағытты компас және сағат арқылы анықтауды ұсынуға болады.

Темірқазық бойынша солтүстікті анықтауды плакат қолдана отырып түсіндіріп, бұл сұрақты түнгі уақытта қайталап көрулерін ұсынады.

Көкжиек тұстарын жергілікті жерлердегі кейбір заттардың белгілері бойынша анықтау тәртібін түсіндіре отырып, бұл тәсілдің бірқатар кемшіліктері бар екендігін атып өту керек. Оқу материалын мазмұндауды аяқтай отырып, оқушылардан көкжиек тұстарын анықтаудың тағы қандай тәсілдері бар екендігін сұрауға болады. Егер олар білетін болса, оны бірігіп талқылауға ұсынылады.

Оқытушы-ұйымдастырушы сабақты аяқтай отырып, оқушыларға өзінің орналасқан жері туралы мәлімдеме жасауды үйретеді. Ол үшін мәлімдеме жасау үлгісін көрсетіп, оның маңызын түсіндіреді және оқушыларды мәлімдеме жасауға жаттықтырады.

Жергілікті жерде картасыз бағдарлану (оқу жиынында). Бұл тақырып бойынша сабаққа дайындалған кезде, оқытушы азимут бойынша қозғалуға қажет 5-6 бағытты, азимут бойынша қозғалуға қажет мәліметтер кестесін немесе азимут бойынша қозғалу бағытының үлгісін дайындап қояды.

Азимут бойынша қозғалуға қажет мәліметтерді дайындаған кезде, төрт аймақтан тұратын, ұзындығы шамамен 2500 м болатын бағытты дайындаған

дұрыс. Барлық бағыттардың бастапқы нүктесі біреу болады (сабақ өткізілетін орын). Әр бағыттың соңғы нүктесі өзгеше бағытпен аяқталып, олар бастапқы нүктемен сәйкес келмеуі керек. Оқушылардың әрекеттерін қадағалауға қолайлы болу үшін, бағыттардың соңғы нүктесі диаметрі 300 м аумақта тоғысқаны дұрыс. Автокөліктер көп қозғалатын жолмен және өзге де қауіпті жермен қиылысатын бағытты таңдауға тиым салынады.

Бұл тақырып бойынша сабақ жергілікті жерде өткізіледі. Сабақ басталған кезде оқытушы оқушылардың магнитті азимутты және берілген магнитті азимут бойынша жергілікті жерде бағытты анықтау дағдыларын тексереді. Қажет болған жағдайда бұл тақырыпты тағы бір қайталайды.

Содан кейін оқытушы азимут бойынша жаяу қозғалу тәртібін түсіндіреді және көрсетеді. Оқушылардың оқу материалын игергеніне көз жеткізген соң, оларды 5-6 топқа бөліп, топ командирлерін тағайындайды және тактикалық жағдайды түсіндіреді, оларға азимут бойынша қозғалуға міндеттер жүктейді, қауіпсіздік шараларын ескертуді және қозғалуға арналған мәліметтерді береді.

Оқушылар ақырғы нүктеге келген соң, оқытушы олардың әрекеттерін қорытындылап, қателерін көрсетеді және бағалайды.

Бағалау жүйесі мынадай: «үздік» - бағытты 35 минутта өтсе және көтрсетілген нүктеге дәл шықса; «жақсы» - 40 минутта өтсе; «қанағаттандырылмайды» - 50 минут ішінде жүріп өтсе; «қанағаттандырылмайды» - оқушылар көрсетілген нүктеге жете алмаса немесе бағытты өтуге 50 минуттан көп уақыт жіберсе.

Магнитті азимутты анықтау. Оқытушы сабаққа кірісе отырып, жергілікті жерде бағдарлану үшін көбінесе жергілікті заттарға бағытты (магнитті азимутты) анықтау керек болып жататындығын оқушыларға түсіндіреді. Одан кейін ол магнитті меридианның солтүстік бағытынан, нысанға дейінгі анықталатын бағытты сағат тілінің айналу жолымен өлшенетін (0-ден 360 градусқа дейін) көлденең бұрыш – бағыттың магнитті азимуты деп аталанынын айтады. Жергілікті жерде магнитті азимут магнит тілі бар бұрыш өлшегіш құрылғылармен анықталады. Армияда көбінесе Адрианов компасын қолданады.

Содан кейін оқушылар Адрианов компасының құрылысымен танысады. Ол үшін оқытушы компасты пайдалана отырып, компастың бөлімдерін, олардың атқаратын қызметін және құрылысын көрсетеді. Компастың құрылысымен танысып болғаннан кейін, оқытушы компаспен магнитті азимутты анықтауды үйретуге кіріседі.

Оқытушы магнитті азимутты анықтауды үйрету үшін, ол тәсілдің қалай орындалатынын көрсетеді және түсіндіреді. Оқушылардың түсінгеніне көзін жеткізген соң, оқытушы жаттығуға кіріседі. Ол үшін оқушыларға магнитті азимутты жергілікті заттар бойынша анықтауды ұсынады және олардың мәлімдемелерін тыңдайды. Егер оқушылар жаттығу кезінде қателіктер жіберген болса, олардың қателерін көрсетіп, тиісті нұсқаулар береді. Сабақтың бұл бөлімін аяқтаған соң, оқытушы олардың *тура* магнитті азимутты

анықтағандарын және одан басқа *кері* азимуттың болатынын хабарлайды. Сондай-ақ кері азимуттың мәнін түсіндіріп, оны анықтау тәртібін көрсетеді.

Сабақты қорытындылай келе, берілген магнитті азимут бойынша жергілікті жердің бағытын анықтауды қарастырады. Бұл сұрақты қарастырған кезде, оқытушы жоғарыда айтылған әдістемені қолданады.

Жергілікті жерде бағдарлаудың қазіргі заманғы құралдары. Сабаққа дайындалған кезде слайдтарды немесе плакаттарды даярлап қою керек. Сабақты бастаған кезде оқушыларға жергілікті жерде бағдарлау бойынша бұрын мазмұндалған тәсілдердің қарапайым және сенімді екендігін айту керек. Алайда ғылым мен заманауи технологиялардың жетістіктері Қарулы Күштерде кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Ол жүктелген тапсырмаларды көп уақыт жұмсамай, аса дәлдікпен және тиімді шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бағдарлаудың қазіргі заманғы құралдары сан-алуан қызмет атқара алады. Алайда олар электрлі-магнитті толқындарды қолдану арқылы жұмыс істейді және радиобелсенді құрлығылар арқылы істен шығып қалуы да мүмкін. Ондай жағдайда компаспен жұмыс істеуге тура келеді.

«Жергілікті жерде бағдарлауға арналған заманауи дербес құралдар» тақырыбындағы *сұрақтарды* қарастыру үшін видеослайдтарды қолданып, барлаудың атқаратын қызметі мен кешеннің жабдықталуы, басқару және байланыс орнату (КРУС) туралы айту керек. Сонымен қатар әрбір желінің атқаратын қызметі туралы әңгімелеу қажет.

Екінші сұрақты қарастырған кезде де видеослайдтар (плакаттар) қолданылады және келесі мәселелер төңірегінде әңгіме қозғалады:

- қолданыстағы спутниктік навигациялық жүйелер (ресейлік ГЛОНАСС, америкалық GPS, еуропалық Galileo және қытайлық Beidou);

- спутниктік навигациялық жүйелердің қызмет ету қағидасы;

- ол жүйелердің әскери емес салаларда қолданылуы.

«Жергілікті жерді зерттеуде ұшқышсыз ұшатын аппаратты (ҰҰА) қолдану» тақырыбын қарастырған кезде келесі мәселелер төңірегінде әңгіме қозғалады:

- олардың пайда болу тарихы;

- оларды қолданатын салалар;

- ҰҰА әскери мақсатта пайдалану жетістіктері туралы;

- Олардың жіктелуі;

- Оларды басқару тәсілдері;

- Әскери мақсатта қолданылатын ҰҰА бірінің техникалық-тактикалық сипаттамасы және атқаратын қызметі туралы.

Кейс-технологиялар – үлгіленген немесе шынайы жағдайларды талдау және оны шешуде қолданылады. Кейс (ағылшын тілінің *case* – жағдай, оқиға деген сөзі) – іс жүзінде туындаған мәселені ұжым болып немесе дербес шешу жолдарын іздеуге бағытталған оқу материалдарының жиынтығы. Кейстің ерекшелігі – шынайы өмірден алынған деректер негізінде туындаған мәселені сипаттау.

Кейс ретінде ғылыми, публицистикалық, көркем, оқулық мәтіндерін қолдануға болады: газет, журнал материалдары, ай сайын жарық көретін

республикалық әскери-патриоттық және ақпараттық-аналитикалық «Айбын» журналы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтерін мәлімдейтін ҚР Қорғаныс министрлігі жанынан құрылған апталық «Сарбаз» республикалық әскери-патриоттық газеті, ғаламтор желілерінен алынған материалдар). Кейс практикалық болуы мүмкін (ББД бекіту үшін), оқытушы-ұйымдастырушы болуы мүмкін (оқытушы және тәрбиелеу міндеттерін шешу үшін) және ғылыми-зерттеу бағытта құрылуы мүмкін (зерттеу іс-әрекеттерін іске асыру және зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастыру үшін).

Кейске қойылатын талаптар мынадай:

1. Оқушыларға жүктелетін өзекті мәселе талқылауға болатындай және оны шешудің бірнеше жойл болатындай болуы керек.

2. Мәтін білім беру міндеттеріне және сабақ тақырыбына (бөліміне) сәйкес келуі керек.

3. Зерттеу жұмысын талдау және оны шешу жолдарын табуға қажетті ақпараттар мөлшері жеткілікті болуы қажет.

4. Мәселені авторлық бағалаудың болмауы.

Мысал: Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында «Роботтар тобын ұжымдық басқару үлгісі және алгоритмдері» тақырыбы бойынша кейс үлгісін ұсынамыз.

Роботты техникалар қазіргі таңда әскери технологияның ең басым салаларының бірі болып табылады. Қазіргі уақытқа дейін түрлі міндеттерді атқара алатын автоматтандырылған аппараттар құрылған. Алайда қазіргі ұшқышсыз ұшатын ұшақтар мен тікұшақтар, сондай-ақ шынжыртабанды машиналар қабілетті деп мақтағанменен, толығымен өздігінен жұмыс істей алмайды. Олардың дербестіктері көп «ақылды» қажет етпейтін, белгілі бір әрекеттерді орындаумен ғана шектеледі: көрсетілген бағытпен қозғалу, кеңістікті бақылау, өзінше ерекшеленетін нысандарды іздестіру және т.с. Қозғалу бағытын анықтау немесе анықталған нысанды шабуылдау туралы әңгіме қозғалғанда, ол жүйе операторы, яғни адаммен қабылданады. Әскери роботтардың жұмыстарын толығымен автоматтандыру мәселесі әлі де болса орындалуы мүмкін емес міндеттер қатарына жатады. Ал ғалымдар мен инженерлердің осы саладағы қадамдары енді басталды десе болады. Роботты техникалар технологиясының дамуы автоматтандыру жүйелерінің мүмкіндіктерін ұлғайтып қана қоймай, сонымен қатар адамзат қоғамының ілгерілеуіне үлесін қосатын мәліметтер айтылады.

Тапсырмаларды топтарға бөлу:

Мәселе туындату дәрісі. Дәстүрлі дәрістермен салыстырғанда, мәселе туындататын дәрістерде білім беру процесі белсенді емес формада өткізілмейді. Яғни ондай дәрісте дайын, шешуін тапқан анықтамалар бермейді, ол сұрақтар қойып, мәселерді меңзейді. Ережені оқушылардың өзі табады. Бұл әдіс әрине күрделі және оқушылардың бойында белгілі бір деңгейдегі логикалық пайымды талап етеді.

Мысал: Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында «Калашников Автоматы және пулеметі» тақырыбын қарастыру бойынша мәселелік дәріс үлгісін ұсынамыз.

Ұсыныс.

- Балалар! Сіздер экраннан (видеофильм) не көріп тұрсыздар? Оқушыларға сабақтың тақырыбын анықтап, мақсаттарын құру ұсынылады. Сабаққа дайындалған кезде көрнекілік және уақытты үнемдеу үшін автомат, пулемет бейнеленген және сипаттамалары берілген видеослайдтарды (видеороликтер) немесе плакаттарды даярлап қою қажет.

Оқу сұрақтарын былайша құруға болады: бірінші – «Қару және патрондармен жұмыс жасаған кезде сақтау керек қауіпсіздік шаралары»; екінші – «АК-74, РПК-74 атқаратын қызметі, ұрыстық қасиеті және құрылысы»; үшінші – «АК-74 және РПК-74 жұмыс істеу принциптері».

Оқытушы атыс дайындығын оқытуға кірісе отырып, оқушыларға атыс дайындығының әскери қызметшілерді дайындауда үлкен маңызы бар екендігін және жеке құрамды ұрыс кезінде түрлі нысандарды жою үшін штатты қаруды қолдануға үйретуге бағытталғандығын айтып береді.

Аталған тақырыпты қару және патрондарды қолданған кезде сақталу керек қауіпсіздік ережелерінен бастау керек. Оқытушы қару мен оқ-дәрілерді қолданған кезде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керек екендігін айтады. Әрбір қаруды қолдану кезіндегі қауіпсіздік ережелері ату істері бойынша нұсқаулықтарда және атуды ұйымдастыру мен өткізу ережелерінде берілген. Негізгі қауіпсіздік шараларына мыналар жатады:

- оқушы қарудың құрылысы мен оқ-дәрілерінің жұмыс істеу принципін білуі керек;

- қаруды қолына алып оғы жоқ екеніне көз жеткізген соң, оны сақтандырғышқа қою керек;

- қаруды қолданған кезде оны адамға, жануарларға, көлікке және төмен ұшатын нысандарға кезеуге қатаң тиым салынады;

- атуға дейін саусақты шүріппеге салудың қажеті жоқ;

- шүріппені ретсіз басудың қажеті жоқ, соның салдарынан қарудың механизмдері уақытынан бұрын істен шығуы мүмкін;

- себепсізден-себепсіз патронды оқтыққа салуға тиым салынады;

- қаруды оқтаған және оғын алған кезде ұңғысын жоғары қарату керек;

- қаруды қолданып болған соң, оқтықта патронның қалмағанын тексеріп, сақтандырғышқа қою керек;

- жарамсыз қару мен оқ-дәрілерді қолдануға тиым салынады;

- жарылмаған оқ-дәрілер мен гранатаға қозғауға, қолға алуға тиым салынады.

Қауіпсіздік шараларын түсіндірген кезде оқытушы оқушылардың қауіпсіздік ережелерін барлық жерлерде және әрдайым сақтауларын талап етеді. Сонымен қатар оқу-үйрену қаруларын қолданған кезде де (ұрыстық қарумен әрекет еткендей) қауіпсіздік шараларын сақтау керек екендігін түсіндіреді. Себебі Қарулы Күштер сапында орын алатын қайғылы

оқиғалардың көпшілігі, қауіпсіздік ережелері сақтамаудың салдарынан болып жатады. Осы жерде оқушыларға әскер өмірінен біреу мысал келтіруге болады.

Оқу сұрағын қарастырған кезде, дайындап қойған материалдарды қолдана отырып, автомат және қол пулеметін көрсетеді, олардың толық және қысқартылған атауларын (мысалы: 5,45 миллиметрлік жиналмалы құндағы бар Калашников қол пулеметі – РПКС-74) және олардың барлығы жаудың тірі күші мен атыс жүргізетін орындарын жоюға арналғандығын айтады. Сонымен қатар оқушыларға жаудың тірі күші және атыс жүргізетін орынның не екендігін түсіндіре кеткен дұрыс. Қарудың ұрыстық қасиеттерін оқытқан кезде автомат пен пулеметтің сипаттамалары (қажет болса шетел армияларының қолданысындағы қарудың үлгісін де көрсетуге болады) берілген слайдтар (плакат) қолданылады. Автоматтың ұрыстық қасиеттерімен таныстырған кезде, оларды түсіндіру керек. Яғни ұңғының калибрі, ату екпіні дегеніміз не және оның жылдам атудан қандай айырмашылығы бар және т.с.с.

Оқытушы АК-74 және РПК-74 -нің жалпы құрылысын оқытқан кезде автоматты бұзып, автомат пен қол пулеметінің құрылысы шамамен бірдей екендігін, сондықтанда олардың құрылысын автомат арқылы үйрететінін, ал пулеметтің өзгешеліктерін қосымша атап өтетіндігін айтады. Содан кейін автоматтың негізгі бөлшектері мен механизмдерін ретімен көрсетеді, атауларын айтады. Егер оқушылар жазып отырған болса (жазып отырған дұрыс), оқытушы әрбір оқушының алдымен көріп, содан кейін жазып алуларын тексереді.

Автомат пен қол пулеметінің жұмыс істеу принципін оқытқан кезде, оқытушы алдын-ала дайындалған слайдтарды қолданады және қарастырылатын сұрақтың мазмұнын түсіндіреді.

Ол үшін оқушылардың мазмұндалған материалды игеру деңгейін анықтап алып, содан кейін әрбір оқу сұрағын қысқаша тексеріп өткен дұрыс.

Дидактикалық ойындар. Іскер ойындармен салыстырғанда, дидактикалық ойындар қатаң шектелген және туындаған мәселені шешуге арналған логикалық тізбек болмайды. Ойын әдістерін оқытудың интерактивті әдістерге де жатқызуға болады және ол таңдап алған ойын түріне байланысты. Мәселен, саяхат-ойыны, викториналар, *көңілділер мен тапқырлар клубы* секілді ойындарды интерактивті әдістер қатарына жатқызуға болады. Себебі оған қатысушылар бір-бірімен өзара қарым-қатынас орнатады.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабақтарында түрлі рөлдік ойындар мен сайыстық ойын түрлері қолданылады. Рөлдік ойындарда ойын жағдай ойша құрылып, түрлі батырлар әрекет етеді.

10-11-сыныптарда рөлдік ойындар аздап өзгеріп, оларда пресс-конференция, жәрмеңке-сабақ, «дөңгелек үстел» секілді күрделі жағдайлар қолданылады.

Рөлдік ойынды оқушыларға шығармашылық жолмен жол табуды меңзейтін оқытушы-үйретуші сипаттағы сабақтар қатарына жатқызуға болады. Мәселен, сабақтың тақырыбы «Сап және оның элементтері». Бұл жерде талқылауға түсетін мәселе қандай болуы мүмкін? Игеру жобасы. Яғни ол үшін сондай жобаны құратын оқушылар тобы қажет. Ол сұрақтарды кімдер

талқылауы мүмкін? Олардың қатарына әскерилер, сержанттар, лейтенанттар, генералдар жатуы мүмкін. Алғашқы біріккен талқылауда ойынның жалпы сюжеті құрылады және оқушылар тобы өз жобаларын ұсынады. Міне, осылайша ойынға қатысушылар анықталады және рөлдік әрекеттердің ережелері мақұлданады.

Саптық дайындық бойынша сабақтар арнайы жабдықталған алаңда өткізіледі:

1) практикалық сабақтарды өткізу барысында саптық тәсілдерді үйрену кезінде оқытушының саптық тәсілді тұтас және бөлшектеп көрсетуіне баса назар аударылады;

2) білім алушылардың жаттығу жасауы міндетті түрде сабақта қарастырылады.

10-сыныпта әскери топография сабақтарын білім алушыларға оқытқанда таныс емес аймақтарда картасыз және картамен бағдарлау, сол ауданда өзінің орналасқан орнын анықтау және азимут бойынша жүру бағытын компастың көмегімен және компассыз табуды, сонымен қатар ұшқышсыз қашықтықта ұшатын аспаптардан алынған ақпараттарды қолдануын үйретуді қарастырады.

Саптық дайындық

Жалпы әдістемелік нұсқаулар. Саптық дайындық бойынша сабақтар арнайы жабдықталған алаңда өткізіледі.

Саптық дайындық бойынша сабақтарды оқу кезінде оқушылар саптық тәсілдерді тұтастай және бөлшектеп орындауды үйренеді, содан кейін оқытушының бұйрығымен немесе өз бетімен дұрыс орындағанға дейін жаттығады.

Жекелеген саптық тәсілдерді саптық дайындық бойынша өткізілетін сабақтарда, сондай-ақ денелік, тактикалық, атыс дайындығы, жарғы дайындығы, ұйымдастырылатын және өткізілетін қорғаныстық-спорттық іс-шараларда жетілдіріледі.

Оқушылардың машинадағы және машина жанында орындайтын әрекеттерін жүк машиналарын қолданып немесе автомобиль үлгісін пайдаланып үйретуге болады.

Саптық дайындықты оқу барысында оқушылар келесі жағдайларды білулері керек:

- сарбаздың сапқа тұрғанға дейінгі және сапта тұрған кездегі міндеттерін;
- саптағы және қарусыз орындалатын жекедара тәсілдерді;
- сондай-ақ саптық тәсілдерді қарумен орындаумен танысулар керек.

Сабақты өткізу кезінде оқушылардың бойында ұйымшылдық, тәртіптілік, сымбаттылық, достық және өзара көмекке келу қасиеттерін тәрбиеленеді.

2-кесте

«Саптық дайындық» тарауын оқу кезіндегі тақарыптар ату ауы және сағаттар саны

Тақы	Тақырып атауы мен оқу	Сағат	Оқыту	Оқу
------	-----------------------	-------	-------	-----

рып нөмірі	сұрақтарының мазмұны	саны	әдісі	материалы
1	2	3	4	5
1	Сап және оның элементтері. <i>1-сабақ.</i> Сап және оның элементтері. Алдын-ала берілетін және орындауға арналған бұйрықтар. Сарбаздың сапқа тұрғанға дейінгі және сапта тұрғанда атқаратын міндеттері. Сәлемдесуге бір орында тұрып жауап қайтару.	1	Көрсету, түсіндіру, жаттығу.	АӘД оқулығы, 5-тарау, § 1. ҚР ҚК СЖ
2	Саптық тұрыс. <i>2-сабақ.</i> Саптық дайындық. «Саптал», «Түзел», «Тік тұр», «Еркін тұр», «Бас киімді - ШЕШ», «Бас киімді - КИ» пәомендерін орындау.	1	Көрсету, түсіндіру, жаттығу.	АӘД оқулығы, 5-тарау, § 2. ҚР ҚК СЖ
3	Бір орында орындалатын бұрылулар. <i>3-сабақ.</i> Саптық тұрыс. Бір орында орындалатын бұрылулар. Бір қатардан екі қатарға және қайтадан бір қатарға сап құру.	1	Көрсету, түсіндіру, жаттығу.	АӘД оқулығы, 5-тарау, § 3. ҚР ҚК СЖ
4	Саптық және жорықтық адым. <i>4-сабақ.</i> Саптық және жорықтық адыммен қозғалу	1	Көрсету, түсіндіру, жаттығу.	АӘД оқулығы, 5-тарау, § 4. ҚР ҚК СЖ
5	Әскери сәлемдесуді бір орында және қозғалыста орындау. <i>5-сабақ.</i> Әскери сәлемдесуді бір орында және қозғалыста орындау. Қозғалыста сәлемдескен әскери қызметшіге жауап қайтару.	1	Көрсету, түсіндіру, жаттығу.	АӘД оқулығы, 5-тарау, § 5. ҚР ҚК СЖ
6	Саптан шығу және қайта сапқа тұру. <i>6-сабақ.</i> Саптан шығу және қайта сапқа тұру. Бастыққа келу және кету.	1	Көрсету, түсіндіру, жаттығу.	АӘД оқулығы, 5-тарау, §6. ҚР ҚК СЖ
7	Саптық тәсілдер және қарумен орындалатын қимыл-әрекеттер	1	Көрсету, түсіндіру,	АӘД оқулығы,

	(оқу жиынында). 7-сабақ. «Автомат кеудеге», «Белдікке», «Қаруды қой», «Қаруға», «Қаруды» тәсілдерін орындау.		жаттығу.	5-тарау, §7. ҚР ҚК СЖ
8	Бөлімшенің сабы (оқу жиынында). 8-сабақ. Бөлімшені жазылған және жорықтық сапқа тұрғызу. Бөлімшені жазу және қосу. Бөлімшені жазылған саптан, жорықтық сапқа тұрғызу және қайта жазылған сапқа тұрғызу.	1	Көрсету, түсіндіру, жаттығу.	АӘД оқулығы, 5-тарау, §8 ҚР ҚК СЖ
9	Сапты белгілермен басқару (оқу жиынында). 9-сабақ. Сапты басқару белгілері: «Назар сал», «Командирлердің жиыны», «Бас», «Тоқта», «Қашықтықты ұлғайт», «Қашықтықты қысқарт», «Колоннаға», «Барлығың артқа бұрыл», «Барлығың оңға (солға)» және т.б.	1	Көрсету, түсіндіру, жаттығу.	АӘД оқулығы, 5-тарау, §9 ҚР ҚК СЖ

Сап және оның элементтері

Әскери қызметшілерді ұрыстық дайындаудағы саптық дайындықтың маңызын қысқаша түсіндірумен сабақты бастауға болады. Саптық дайындық – әскери қызметшілерді оқыту мен тәрбиелеудің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Ол Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Саптық Жарғылары негізінде ұйымдастырылады және жүргізіледі. Саптық дайындыққа мыналар жатады: қарумен және қарусыз орындалатын жекедара саптық тәсілдер; әскери бөлімнің жаяу тәртіппен және машинадағы әрекеттерін реттестіру; ұрыс алаңында әрекет ету тәсілдері.

Саптық дайындық кезінде әскери қызметшілерде ұқыптылық, тәртіптілік және назар салғыштық қалыптасады, дербес орындалатын саптық тәсілдерді және бөлімше құрамында әрекет ету дағдылары шындалады. Әскери мәдениет пен тәртіптілік, сапта және ұрыс кезінде білікті әрекет етуге дайын болу – әскери қызметшілердің саптық дайындықтарын анықтаудағы басты көрсеткіш болып табылады.

Тақырыпты қарастыруды сап деген не және оны не үшін қолданатынын түсіндіруден бастаған дұрыс. Сап элементтерін үйрету үшін бөлімшені сапқа тұрғызып, ретімен сап элементтерінің барлығын көрсету керек. Қажет болған

жағдайда бөлімшені қайтадан сапқа тұрғызады. Оқу сұрақтарын қарастырған кезде, оқушылардың оқу материалын игеру деңгейін анықтау мақастында, оларға сап элементтері бойынша сұрақтар қоюға болады.

Оқытушы сап элементтерін көрсетіп және түсіндірген соң, сапты басқарудың мәнін түсіндіреді. Сапты басқару үшін командир дауыстап, белгілер беріп және өзі сап әрекеттерінің үлгісін көрсетеді, сондай-ақ байланыстың техникалық құралдарын қолданады.

Бұйрықтарды бөлімше командирлері арқылы және тағайындалған бақылаушылар арқылы колоннаға беруге болады.

Саптағы аға командир, өзіне басқаруға қолайлы жерге орналасады. Қалған командирлер Жарғыда анықталған немесе командир көрсеткен орындарда қалады.

Рота командирлеріне және лауазымы олардан жоғары әскери қызметшілерге бұйрықтар беріп, олардың орындалуын тексеру үшін саптан шығуларына рұқсат беріледі.

Бұл сұрақты түсіндірген кезде, бұйрықтың алдын-ала орындау үшін және атқару үшін берілетінін, сондай-ақ бұйрықтардың тек орындалу үшін берілетініне оқушылардың назарын аудару керек.

Алдын-ала берілетін бұйрық әскери қызметшілердің назарын өзіне аудару үшін және атқару бұйрығын орындауға дайындалу үшін беріледі. Бұйрық сапта тұрғандар командирдің нені талап етіп тұрғанын түсінулері үшін дауыспен және созыңқы беріледі.

Атқарушы бұйрық аздаған үзілістен кейін, жоғары дауыспен, созыңқы және дәл беріледі. Атқару бұйрығы жылдам орындалуы керек. Бұл ережелерді түсіндірген кезде бұйрық беру үлгілерін және орындалу тәртібін көрсету керек. Мысалы: оңға бұрылу үшін «Оң - ҒА» бұйрығы беріледі. Бұл жердегі «Оң» алдын-ала берілетін бұйрық, ал «ҒА» - атқарушы бұйрық болып табылады.

Әрекетті орындауды тоқтату үшін «ТОҚТА», деген бұйрық беріледі. Осы бұйрық бойынша, тәсіл орындалғанға дейінгі қалып қабылданады. Бұл бұйрықтың алдын-ала берілетін, атқарушы бөлімдері жоқ және сол жерде тұрған әскери қызметшілердің барлығы орындаулары керек. Егер жеке бөлімшенің немесе жекелеген әскери қызметшінің назарын өзіне аудару керек болса, бөлімшенің атауы немесе әскери қызметшінің атағы мен аты-жөні аталады. «3-ші взвод - ТОҚТА», «Қатардағы сарбаз, Ахметов – ТОҚТА».

Сапқа тұрғызу үшін «САПҚА ТҰР» бұйрығы беріледі, ал оның алдында сапқа тұру тәртібі айтылады. «Бөлімше, бір қатарға САПҚА ТҰР».

Сарбаздың сапқа тұрғанға дейінгі және сапта тұрғандағы міндеттерін үйрету үшін, оқушыларды сол міндеттермен, олардың орындалу тәртібімен таныстырып, қажет болса көрсету керек.

Саптық тұрыс

Оқытушы саптық тұрысты үйрету үшін взводты бір қатарға тұрғызып, саптың алдына шығады да, саптық тұрысты қалай қабылдау керек екендігін көрсетеді.

Ол сабақты бастай отырып, оқушыларға саптық тұрыстың элементтерін үлгілі түрде көрсетеді. Ал оқушылар оқытушының көрсеткен саптық тұрысын алдынан, артынан және бір бүйірінен көрулері керек. Содан кейін оқытушы саптық тұрыстың қандай жағдайларда қабылданатынын көрсетеді және түсіндіреді.

Көрсетуді аяқтаған соң, оқытушы взводты ажыратып, қосымша жаттығуларды қолдана отырып, саптық тұрысты элементтері бойынша үйретуге кіріседі.

Оқытушы бірінші дайындық жаттығуын көрсетеді – «Аяқ ұштарын табан кеңдігімен, маңдайшеп сызығы бойымен орналастыру» және жаттықтыруға кіріседі.

Бұл жаттығу «Аяқ ұшын қос, жаса – БІР, аяқ ұшын ажырат, жаса – ЕКІ» санағымен іске асырылады.

Оқытушы бұйрықтар бере отырып, оқушылардың аяқ ұштарының ашылу кеңдігіне назар аударып, жіберілген қателерді түзетеді және оның оқушылардың барлығының дұрыс орындауына қол жеткізуге ұмтылады.

Содан кейін екінші дайындық жаттығуын көрсетеді – ол жаттығу денені сәл алға беру, құрсақ бөлімін тарту, иық белдеуін кеңінен ашу және қолды төмен түсіру арқылы орындалады. Бұл жаттығуды орындау үшін терең дем тартып, сол қалыпта көкірек қуысын ұстап тұрып дем шығарылады және көтеріңкі кеудемен тыныстауды жалғастырады. Кеудені, дене корпусын көтеріп және сәл алға беріп, құрсақ бөлігі тартылады және иық кеңінен ашылады. Ал қол алақанмен ішке қаратылған қалыпта, санның ортасымен түсірілген, ал саусақтар санға жанасып тұрады. Дененің алға дұрыс шығарылғанын тексеру үшін аяқ ұшына көтеріліп, содан кейін, дененің еңіс қалпын өзгертпестен толық табанға түсу керек.

Бұл жаттығуды орындау үшін «Кеудені көтер, ішті тарт, иықты кеңінен аш, денені алға шығар, жаса – БІР, алғашқы қалыпты қабылда, жаса – ЕКІ», деген бұйрық беріледі. Бұл жаттығу да, осыған дейін орындалған жаттығу секілді үйретіледі.

Дайындық жаттығуларын орындап болған соң, оқытушы саптық тұрыстың барлық элементтерін тұтасымен орындауды үйретуге кіріседі. Ол үшін «САПҚА ТҰР», «ТҮЗЕЛ» немесе басқа бұйрықтар беріледі. Мысалы: «екі адым алға (артқа, адым - БАС)», «Әлімов, бір адым алға, адым БАС» және т.с.с.

Оқушылар саптық тұрысты қабылдауды дұрыс орындай бастаған соң, оларға «ТҮЗЕЛ», «ЕРКІН ТҰР» және «ЖИНАҚТАЛ» секілді бұйрықтарды орындауды үйретеді. «ЖИНАҚТАЛ» бұйрығының алдында әрқашан «ЕРКІН ТҰР» бұйрығы берілуі керек.

Бір орындағы сапты түзету үшін «ТҮЗЕЛ» немесе «Солға - ТҮЗЕЛ», деген бұйрықтар беріледі.

«ТҮЗЕЛ» бұйрығы бойынша оң қапталдағы әскеріден басқаларының барлығы бастарын оңға бұрады (оң құлақ, сол құлақ деңгейінен жоғарырақ; иек көтеріңкі) және әрқайсысы өзін біріншімін деп санап, төртінші тұрған адамның

кеудесін көретіндей болып түзеледі. «Солға – ТҮЗЕЛ» бұйрығы бойынша сол жақ қапталдағы әскериден басқаларының барлығы бастарын солға бұрады (сол құлақ, оң құлақ деңгейінен жоғары; иек көтеріңікі). Түзелген кезде әскери қызметшілер сәл алға, артқа немесе бір бүйірге қозғалулары мүмкін.

«Еркін тұр» бұйрығы бойынша оң немесе сол аяқты тізеден бүгіп еркін тұрады. Алайда орнынан қозғалуға, сөйлеуге және назарды басқа жаққа салуға болмайды.

«ЖИНАҚТАЛ» бұйрығы бойынша өз орнынан қозғалмай тұрып, еркін қимылдармен қаруын, киімін және басқа да жарақтарын түзетуге, ақырын сөйлеуге болады.

Оқытушы осының барлығын түсіндіріп және көрсетіп болған соң, оқушыларды жаттықтыруға кіріседі. Ол үшін түрлі бұйрықтар бере отырып, оқушыларды түрлі сапқа немесе қалыпқа тұрғызуға болады. Мысалы: «Бөлімше - ТАРАҢДАР», «Бөлімше, бір қатарға – ТҰР», «ТҮЗЕЛ», «ТІК ТҰР», «ЕРКІН ТҰР», «ЖИНАҚТАЛ» және т.с.с. осындай бұйрықтарды бере отырып, оқушылардың әрекеттерін қадағалайды, керек жерінде түзетеді және барлық оқушылардың әрекеттерді дұрыс орындауларына қол жеткізуге ұмтылады.

Бірінші оқу сұрағын үйретіп болған соң, оқытушы «Бас киімді – ШЕШ», «Бас киімді – КИ тәсілдерінің орындалуы» атты екінші сұрақты қарастыруға кіріседі.

Бас киімді шешу үшін «Бас киімді – ШЕШ», ал кию үшін «Бас киімді – КИ» деген бұйрықтар беріледі.

Шешілген бас киімнің кокардасын алға қаратып, шынтақтан бүгілген сол қолмен ұстайды.

Қарусыз және қару «арқада» қалпында болған кезде бас киімді оң қолмен шешіп, оң қолмен киеді, ал қару «белдікке» және «кеудеге» қалпында болған кезде – ол әрекеттер сол қолмен орындалады.

Сапта тұрған кезде бас киімді кию немесе шешу бұйрықпен орындалады. Жекедара, бөлек тұрған әскери қызметші бас киімді киіп-шешуді бұйрықсыз орындай алады.

Бас киімді шешу күрделі әрекет болып саналмағанымен, оны алдымен бөліп, содан кейін тұтасымен орындап үйреткен дұрыс.

Тәсілді бөліп үйрету үшін оқытушы «Бас киімді, бөлшектеп, шеш: жаса – БІР, жаса – ЕКІ, жаса – ҮШ» деген бұйрық береді.

«Жаса – БІР» санағы бойынша оң қолмен бас киімді ұстайды (фуражканы қалқасынан, пилотка мен құлақшынды – жоғарғы жағынан); «жаса – ЕКІ» санағы бойынша бас киімді шешіп алып, оны белбеу деңгейіне дейін, сәл солға түсіреді де, сол сәтте сол қолымен фуражканың қалқасынан (пилотка мен құлақшынды кокарда тұсынан) сол қолдың төрт саусағы ішінде, ал басбармақ сыртында болатындай етіп ұстайды; «жаса – ҮШ» санағы бойынша бас киім ұстап тұрған сол қолды шынтақтан бүгіп және жұлдызын (кокардасын) алға қаратады, сол мезетте оң қолын төмен түсіреді.

Бас киім киюдi де, алдымен бөлшектеп үйретiледi. Ол үшін «Бас киімді бөлшектеп ки: жаса – БІР, жаса – ЕКІ, жаса – ҮШ» деген бұйрық беріледі.

«Жаса - БІР» санағы бойынша сол қолмен бас киімді белдеу тұсына алға шығарып, сол сәтте оны оң қолға алады; «жаса – ЕКІ» санағы бойынша сол қолды төмен түсіріп, бас киімді оң қолымен киеді; «жаса – ҮШ» санағы бойынша шалт қимылмен оң қолын төмен түсіреді.

Бас киімді кию және шешуді бөлшектеп орындауды аяқтаған соң, оқытушы-ұйымдастырушы тәсілді тұтасымен орындауды жаттықтыруға кіріседі. Ол үшін «Бас киімді - ШЕШ», «Бас киімді – КИ» деген бұйрықтар береді. Сонымен бірге оқушылардың әрекеттерді дұрыс орындауын қадағалап, олардың қателіктерін түзейді және тәсілді дұрыс орындауларына қол жеткізуге тырысады.

Бір орында орындалатын бұрылулар.

Оқытушы сабаққа кірісе отырып, оқушылардың дағдыларын жетілдіру мақсатында қорытынды дайындық өткізеді. Дайындық кезінде «САПҚА ТҰР», «ТҮЗЕЛ», «ТІК ТҰР», «ЕРКІН ТҰР», «ЖИНАҚТАЛ» бұйрықтарын орындау дағдыларын жетілдіріледі және бағаланады.

Жаттығудан кейін оқытушы бір орында бұрылуды үйретуге кіріседі. Ол әрекеттерді орындау үшін «Оң – ҒА», «Жартылай, оң – ҒА», «Сол – ҒА», «Жартылай, сол – ҒА», «Артқа - БҰРЫЛУ» бұйрықтарының берілетінін айтады.

Артқа бұрылу, солға, жартылай солға бұрылу әрекеттері сол өкше және оң аяқтың ұшымен, сол иық арқылы орындалады; оңға бұрылу, жартылай оңға бұрылу – оң өкше және сол аяқтың ұшымен, сол иық арқылы орындалады.

Бұрылулар екі тәсілмен орындалады:

- бірінші тәсіл – дененің дұрыс қалпын сақтай отырып, аяқты тізеден бүкпей, дене салмағын тірек аяғына ауыстыра бұрылумен орындалады;
- екінші тәсіл – екінші аяқты қысқа жолмен қою арқылы орындалады.

Бір орында тұрып бұрылуларды үйрету үшін, оқытушы оқушыларды бір адым аралықта, бір қатарға тұрғызады. Содан кейін саптың алдына шығып, бұрылу әрекеттерін тұтасымен көрсетеді. Одан кейін тәсілдерді бөлшектеп көрсетеді де, оның орындалу тәртібін түсіндіреді және оқушыларды бөлшектеп орындауға жаттықтыруға кіріседі.

Оңға бұрылуды бөлшектеп орындауды «Бөлшектеп, оңға: жаса – БІР, жаса – ЕКІ» бұйрығы бойынша екі санға орындайды. Бірінші санақ бойынша оқушылар оң өкше және сол аяғының ұшы арқылы оң қолына қарай шалт бұрылады (дене қалпы саптық тұрыстағыдай, аяқ тізеден бүгілмейді, дене салмағы алдыңғы аяққа түседі). Артта тұрған аяқтың өкшесі және алдыңғы аяқтың ұшы бұрылу әрекеті аяқталған соң аяқ ұшы табан деңгейінде болатындай болып бұрылуы керек. Қолдың қалпы саптық тұрыс кезіндегідей. «Жаса – ЕКІ» бұйрығы бойынша сол аяқты тізеден бүкпей, қысқа жолмен оң аяқтың жанына әкеп қояды.

Солға бұрылу «Бөлшектеп, солға: жаса – БІР, жаса – ЕКІ» бұйрығымен үйретіледі. Бірінші сан бойынша оқушылар сол өкше және оң аяғының ұшы арқылы сол қолына қарай шалт бұрылады (дене қалпы саптық тұрыстағыдай, аяқ тізеден бүгілмейді, дене салмағы алдыңғы аяққа түседі). Артта тұрған аяқтың өкшесі және алдыңғы аяқтың ұшы бұрылу әрекеті аяқталған соң аяқ

ұшы табан деңгейінде болатындай болып бұрылуы керек. Қолдың қалпы саптық тұрыс кезіндегідей. «Жаса – ЕКІ» бұйрығы бойынша оң аяқты тізеден бүкпей, қысқа жолмен сол аяқтың жанына әкеп қояды.

Артқа бұрылу «Бөлшектеп, артқа бұрыл: жаса – БІР, жаса – ЕКІ» бұйрығымен үйретіледі. Бірінші сан бойынша оқушылар сол өкше және оң аяғының ұшы арқылы сол қолына қарай шалт бұрылады (дене қалпы саптық тұрыстағыдай, аяқ тізеден бүгілмейді, дене салмағы кеудені сәл алға беріп сол аяқтың өкшесіне түседі). Артқа бұрылған кезде қолды дене бойымен арлы-берлі қозғауға болмайды. «Жаса – ЕКІ» бұйрығы бойынша оң аяқты тізеден бүкпей, қысқа жолмен сол аяқтың жанына әкеп қояды.

Бұрылуларды бір орында орындаған кезде жиі кездесетін қателіктер мынадай:

- алдын-ала берілетін бұйрық бойынша кеудені ерте бұру;
- аяқты тізеден бүгу;
- бұрылған кезде қолдың шамадан тыс қозғалуы;
- басты алға шамадан тыс бүгу;
- кеуденің төмен түсп кетуі немесе құрсақ бөлігінің алға шығыңқы орналасуы;
- дененің артқа шалқайып кетуі;
- өкшемен емес, толық табанмен бұрылу;
- артқа бұрылған кезде соңына дейін бұрылмау;
- аяқты қысқа жолмен қоймау және сол сәтте дененің тербелуі.

Бөлімшенің бұрылулары, теңелу тәртібі сақтала отырып барлық әскери қызметшілермен бір мезгілде орындалады. Екі қатарлы саппен оңға (солға) бұрылудан кейін, бөлімше командирі оңға (солға) жарты адым, ал артқа бұрылған кезде – бір адым алға жасайды. Сапқа тұру тәртібі мен бұйрықтарды орындауды түсіндіріп және көрсеткен соң, оқытушы бөлімшені саптық алаңның үш жағына сапқа тұрғызады. Содан кейін тиісті бұйрықтар бере отырып бөлімшенің жылдам және дұрыс сапқа тұруларына қол жеткізеді. Бұл тәсілдерді игерген соң бөлімшені жорықтық сапқа тұру тәртібін түсіндіреді және көрсетеді.

Бөлімшені жорықтық сабы бір немесе екі колоннаға құрылуы мүмкін. Бөлімшені бір орында бір (екі) колоннаға тұрғызу үшін «Бөлімше, колоннаға біреуден (екеуден) САПҚА ТҰР», деген бұйрық беріледі. Бөлімше командирі саптық тұрысты қабылдап және бұйрық берген соң қозғалыс бағытына қарай бетін беріп тұрады, ал бөлімше шаттық тәртіпке сәйкес сапқа тұрады. Адам саны төртеуден аспайтын бөлімше бір колоннаға тұрады.

Осы тәсілдерді көрсетіп және түсіндірген соң, оқытушы жаттығуды ұйымдастырады.

Одан кейін «Бір қатардан екі қатарға және қайтадан бір қатарға сап құру» сұрағын қарастыруға кіріседі. Ол үшін оқытушы бір қатардан екі қатарға сапқа тұрғызу үшін «Бөлімше, бірінші-екіншіге – САНАЛ», деген бұйрық береді.

Осы бұйрық бойынша оң жақ қапталдан бастап әрбір әскери қызметші кезек бойынша бастарын бұрып, сол жағында тұрған әскери қызметшіге өз

нөмірін айтады да, басын тік қаратады. Сол жақ қапталдағы әскери қызметші басын бұрмайды. Оқытушы осы ережені айтып берген соң, оның қалай орындалатынын көрсетеді.

Дәл осындай тәртіппен бөлімшедегі жалпы санақ жүргізіледі және ол үшін «Бөлімше, рет-ретімен – САНАЛ», деген бұйрық беріледі.

Екі қатарлы сапта, екінші қатардың сол жақ қапталындағы әскери қызметші жалпы санақ аяқталған соң «Толық» немесе «Толық емес», деп мәлімдеме жасайды. Оқытушы бұл тәсілдің қалай орындалатынын айтып және түсіндіріп болған соң жаттығуға кіріседі.

Оқушылардың аталған тәсілдерді дұрыс орындап жатқанына көз жеткізген соң, оқытушы бір қатардан екі қатарға сап құру және қайтадан бір қатарға сап құру тәртібін түсіндіреді. Бір орында тұрып бір қатардан екі қатарға сап құру үшін «Бөлімше, екі қатарға – САПҚА ТҰР», деген бұйрық беріледі.

Атқару бұйрығы бойынша екінші нөмірлер сол аяқтарымен артқа бір адым жасайды, бірінші нөмірдің артынан тұру үшін оң аяқтарын қоймастан, оңға адым жасайды және сол аяқтарын қосады.

Бір орында бөлімшені сығылған екі қатардан бір қатарлы сапқа тұрғызу үшін, бөлімше алдын-ала ажыратылады. Содан кейін «Бөлімше, бір қатарға – САПҚА ТҰР», деген бұйрық беріледі. Атқару бұйрығы бойынша екінші нөмірлер сол аяғымен солға адым жасап, біріншілердің сызығына шығады; оң аяқты қоймастан алға адым жасайды және сол аяғын қосады. Оқытушы аталған әрекеттердің орындалу тәртібін көрсетіп және түсіндірген соң, оқушыларды жаттықтыруды бастайды.

Бөлімшенің жазылу және қосылу тәсілдерін орындау үшін, олардың орындалу тәртібін көрсету керек.

Бөлімшені бір орында жазылу үшін «Бөлімше, оңға (солға, ортадан) осынша адымға – ЖАЗЫЛ (жүгіріп – ЖАЗЫЛ)», деген бұйрық беріледі. Атқару бұйрығы бойынша жазылу басталған оқушыдан басқаларының барлығы айтылған бағытқа бұрылады; бір аяқ екінші аяққа қосылған мезетте бастарын маңдайшеп жаққа бұрып, арттағы адамның иығынан қарап, жиілеген жарты адыммен (жүгіріп) қозғалады; артта келе жатқан адам тоқтаған соң, әрқайсысы бірнеше адым жасайды (бұйрықта көрсетілген адым санына) және маңдайшепке қарай бұрылады.

Ортадан жазылған кезде, ортаңғының кім екені айтылады. Ортаңғы болып аталған оқу, өз тегін естіген кезде «Мен», деп жауап қайтарады да, сол қолын алға шығарып, төмен түсіреді.

Бөлімшені түзеткенде, жазылу кезіндегі арақашықтық сақталады.

Бөлімшені бір орында сығу үшін «Бөлімше, оңға (солға, ортадан) – СЫҒЫЛ (жүгіріп – СЫҒЫЛ)», деген бұйрық беріледі. Атқару бұйрығы бойынша сығылу басталған оқушыдан басқаларының барлығы айтылған бағытқа бұрылады; содан кейін жиілеген жарты адыммен (жүгіріп) айтылған жерге қозғалады және көрсетілген жерге жақындаған кезде саптық адымға көшеді және өз беттерімен тоқтап, солға (оңға) бұрылады.

Аталған тәсілдердің орындалу тәртібін көрсетіп және түсіндірген соң, оқытушы оқушыларды жаттықтыруға кіріседі.

Үшінші оқу сұрағын қарастыруға кірісе отырып, оқытушы жазылған саптан колоннаға тұрғызу үшін бөлімше оңға бұрылу керек екендігін және оған «Бөлімше, оң – ҒА», деген бұйрық берілетінін түсіндіреді. Екі қатарлы сапты бұрған кезде бөлімше командирі оңға жарты адым жасайды.

Бөлімшені колоннадан жазылған сапқа тұрғызу үшін бөлімше солға бұрылу керек және оған «Бөлімше, сол – ҒА», деген бұйрық беріледі. Екі колоннамен қозғалып келе жатып бұрылған кезде, бөлімше командирі алға жарты адым жасайды. Осы ережелерді түсіндірген соң, оқытушы өзі бөлімшемен оңға және солға бұрылып көрсетеді.

Содан кейін оқытушы бөлімшенің колоннада қозғалып келе жатып қайта сап құру тәртібін түсіндіреді және көрсетеді.

Бөлімшенің бір колоннадан екі колоннаға сап құруы үшін «Бөлімше, екі колонна болып – БАС (қозғалыс кезінде – БАС)», деген бұйрық беріледі. Атқару бұйрығы бойынша бөлімше командирі (бағыттаушы) жарты адыммен қозғалады, екінші нөмірлер оңға шығып, адым ырғағымен колоннадағы өз орындарына орналасады. Бөлімше «ТУРА» немесе «Бөлімше – ТОҚТА», деген бұйрық берілгенше жарты адыммен қозғалады.

Бөлімшенің екі колоннадан бір колоннаға сап құруы үшін «Бөлімше, бір колонна болып – БАС (қозғалыс кезінде – БАС)», деген бұйрық берілуі керек. Атқару бұйрығы бойынша бөлімше командирі толық адыммен, ал қалғандары жарты адыммен қозғалады; орынның босауына қарай екінші нөмірлер адым ырғағымен біріншілердің артына келеді және толық адыммен қозғалуын жалғастырады.

Колоннаның қозғалыс бағытын өзгерту үшін «Бөлімше, оң (сол) иық алға – БАС», деген бұйрық береді. Осы бұйрық бойынша бағыттаушы «ТУРА», деген бұйрық берілгенше солға (оңға) бұрыла қозғалады, ал қалғандары оның соңынан ереді. «Бөлімше, менің соңымнан ере – БАС», деген бұйрық бойынша, бөлімше командирдің соңынан ереді.

Аталған тәсілдерді көрсетіп және түсіндірген соң, оқытушы жаттықтыруды бастайды.

Саптық адым

Оқытушы-ұйымдамтырушы сабаққа кірісе отырып, бұрын үйретілген дағдыларды жетілдіру мақсатында қорытынды дайындық жаттығулар өткізеді. Онда бір орында бұрылу тәсілдері жетілдіріледі.

Дайындықтан кейін оқытушы қозғалыстағы тәсілдерді үйретуге кіріседі және ол қозғалыстарды адымдап немесе жүгірумен орындалатынын түсіндіреді. Адыммен орындалатын қозғалыс минутына 95-110 адым екпінімен орындалады, ал адым ұзындығы – 60-70 см.

Жүгіріп орындалатын қимылдың екпіні – минутына 165-180 адым, адым ұзындығы – 85-90 см.

Адым саптық және жорықтық деп екіге бөлінеді.

Саптық адым әскери бөлім салтанатты маршпен, әскери сәлемдесуді қозғалыста орындағанда, бөлімше командиріне қараған кезде, бөлім командиріне жақындағанда және одан кеткен кезде, әскери қызметші саптан шыққан және қайтадан сапқа тұрған кезде, сондай-ақ саптық дайындық бойынша өткізілетін сабақтарда қолданылады.

Ал жорықтық сап басқа жерлердің барлығында қолданылады.


Саптық адыммен қозғалу «Саптық адыммен – БАС», деген бұйрықпен басталады.

Жорықтық адыммен бастау үшін «Адым - БАС», деген бұйрық беріледі. Осы бұйрық бойынша әскери қызметшілер үш саптық адым жасап, одан кейін жорықтық адымға көшеді.

Алдын-ала берілетін бұйрық бойынша кеудені сәл алға беріп, тепе-теңдікті сақтай отырып дененің салмағы оң аяққа көбірек түседі; атқару бұйрығы бойынша сол аяқтың толық адымымен қозғалыс басталады.

Саптық адыммен қозғалған кезде аяқ ұшы алға тартылған және жерден 10-15 см биіктікке көтеріледі де, жерге толық табанмен қойылады.

Қолдың қимылы дене бойымен, иықтан басталады: алға – алақан белбеу деңгейінен сәл жоғары көтерілетіндей етіп, шынтақтан бүгіле қозғалады, ал шынтақ алақан деңгейінде болады; артқа – иық буынынан тірелгенше шығарады (8-сур.). Саусақтар жартылай бүгілген, бас тік, назарды алға салу керек.



8-сурет. Саптық адыммен қозғалу

Жорықтық адыммен қозғалған кезде аяқтың қимылдары еркін, аяқ ұшы тартылмайды және жерге кәдімгі жүру кезіндегідей қойылады; қолдың қимылдары дене бойымен еркін орындалады.

Жорықтық адыммен қозғалып келе жатып командирге (басшыға) қарап сөйлеу керек болған жағдайда және «ТІКТЕЛ» бұйрығы бойынша саптық адымға көшу керек. Саптық адыммен қозғалып келе жатқанда «ЕРКІН» деген бұйрық берілсе, жорықтық адыммен қозғалуды бастайды.

Жүгіруді «Жүгіре - БАС», деген бұйрықпен бастайды.

Бір орыннан қозғалуды бастаған кезде алдын-ала берілетін бұйрықпен кеуде сәл алғы шығарылады, қол жартылай бүгілген, шынтқа сәл артқа шығарылған; атқару бұйрығы бойынша жүгіруді сол аяқтан бастайды, қолдың қимылдары жүгіру ырғағына сәйкес, алға-артқа орындалады.

Адымдап келе жатып жүгіруге көшу үшін, алдын ала берілетін бұйрықпен қол жартылай бүгіліп, шынтақ сәл артқа шығарылады. Атқару бұйрығы сол аяқтың жерге қойылуына сәйкес беріледі. Сол бұйрық бойынша оң аяқпен бір адым жасалып, жүгіруді сол аяқтан бастайды.

Жүгіруден жүруге көшу үшін «Адым - БАС», деген бұйрық беріледі. Атқару бұйрығы оң аяқтың жерге қойылған сәтінде беріледі. Сол бұйрық бойынша тағы екі адым жүгіре орындалып, сол аяқпен адымдауды бастайды.

Бір орында адымдау үшін «Бір орында, адым - ДА» (қозғалыста «БІР ОРЫНДА»), деген бұйрық беріледі.

Осы бұйрық бойынша бір адым жасалады және қол төмен түсіріледі; аяқ жерден 10-15 см көтеріліп, аяқ ұшынан бастап толық табанмен қойылады; қолдың қимылы адым ырғағына сәйкес келеді. Сол аяқты жерге қойған сәтте берілетін «ТУРА» бұйрығы бойынша бір орында оң аяқпен тағы бір адым жасап, сол аяқпен толық адым дасау арқылы қозғалыс басталады. Бұл кезде үш адым саптық адым болып орындалады.

Қозғалысты тоқтату үшін «Тоқта» деген бұйрық беріледі. Мысалы: «Сарбаз, Әлімов - ТОҚТА».

Оң немесе сол аяқтың қойылған сәтінде берілетін атқару бұйрығы бойынша тағы бір адым жасап, екінші аяғын оған қосып, саптық тұрыс қабылданады.

Саптық адыммен қозғалуды үйрету келесі реттілікпен үйретілгені дұрыс:


- қолдың қимылдарын жаттықтыру;
- бір орында адымдауды жаттықтыру;
- саптық адыммен қозғалуды төрт санға орындап жаттығу;
- саптық адыммен қозғалуды екі санға орындау;
- саптық адыммен қозғалуды баяу орындау (қозғалу жылдамдығы – минутына 50-60 адым);
- саптық адыммен қозғалуды саптық алаңдағы сызбалар бойынша орындап жаттығу;
- саптық алаңда саптық адыммен қозғалуды топтасып орындау;
- оқушылардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін бағалау.

Оқытушы қозғалыстарды орындауды үйретуді саптық адымнан бастайды. Кез-келген тәсілді үйретудегідей, саптық адыммен қозғалуға үйретуді үлгілі көрсету мен түсіндіруден бастаған дұрыс.

Саптық адымды үйрету үшін, оны бөлшектеп және дайындық жаттығуларымен орындаған дұрыс.

Оқытушы саптық адыммен қозғалуды толығымен көрсеткен соң, қолдың қимылдарын бөлшектеп орындайтын бірінші дайындық жаттығуын көрсетеді. Содан кейін «Қолдың қимылдары, жаса – БІР, жаса – ЕКІ», деген бұйрық береді. «Жаса - БІР» саны бойынша оқушылар оң қолдарын бүгіп, қолдың басы

белбеуден сәл жоғары болатындай деңгейдегі қимылды орындайды; сонымен бірге сол қол толығымен артқа шығарылады. Саусақтар жартылай бүгілген, оң қолдың шынтағы сәл көтеріңкі қалыпта болады. «Жаса - ЕКІ» санағы бойынша оқушылар сол қолды алға шығарады, ал оң қол иықтан басталатын қимылмен артқа шығарылады. (8-сур.).



8-сурет. Саптық адыммен қозғалу

Әр санақ сайын оқытушы оқушыларды қимылдарын тоқтатқан күйде, олардың жіберген қателерін түзейді. Оқушылардың көпшілігі дұрыс орындамаған болса, ол «ТОҚТА» деген бұйрық береді, ал бір оқушы қателік жіберген болса «Әлімов - ТОҚТА», деген бұйрық береді.

Қолға арналған дайындық жаттығуларын орындауды үйренген соң, оқушылардың сол әрекеттерді санақ бойынша немесе барабан соққысымен орындауға көшуге болады. Бұл жаттығуды күрделендіру үшін, оған бір орында адымдауды қосуға болады. Ол үшін «Бір орында, адым - ДА», деген бұйрық беріледі. Бір орында адымдап орындалатын қолдың қимылына арналған дайындық жаттығуын шындай түсу үшін «Қолдың қимылдарымен бір орында адымда: жаса – БІР, жаса – ЕКІ», деген бұйрық беріледі. Жаттығу кезінде қолдың қимылы мен қалпына ерекше назар аударылады.

Бір орында адымдап тұрған кездегі қолдың дұрыс қимылын игерген соң, оқытушы саптық адымды төрт және екі санға бөліп орындауға арналған дайындық жаттығуын үйретуге кіріседі.

Төрт санына бөліп орындауға арналған дайындық жаттығуын көрсеткен соң, оқытушы бөлімшені төрт адымға ажыратады да, «Төрт санақ бойынша бөлшектеп, саптық адыммен, адым – БАС», деген бұйрық береді. «БАС» бұйрығынан кейін: «Бір, екі, үш, төрт; бір, екі, үш, төрт» деп санай бастайды. Бір саны қатты дауыспен айтылады.

«Адым» деген алдын-ала берілетін бұйрық бойынша, оқушылар кеуделерін сәл алға беріп, тепе-теңдікті сақтай отырып денесінің салмағын оң аяққа көбірек түсіреді. «БАС» деген атқару бұйрығы бойынша және «Бір» санағы бойынша, олар аяқ ұшы тартылған (табан жерге параллель болады), жерден 15-20 см көтеріп сол аяқпен адымдауды бастайды және толық табанмен жерге қояды. Сол сәтте оң аяқ жерден ажырайды да, сол аяқтың өкшесіне қарай, алға жарты адым жасайды. Адыммен бірге оң қол алға қозғалады, ал сол қол барынша артқа шығарылады (бірінші дайындық жаттығуындағыдай) және сол аяқта тұрады; оң аяқ тік, аяқ ұшы жерге тиер-тимес қалыпта. «екі, үш төрт» санағы бойынша жіберілген қателерді жоя отырып, үзіліс жасайды.

Кезекті «бір» саны бойынша оң аяқтың қимылдарын қайталайды, ал «екі, үш, төрт» саны бойынша тағы үзіліс жасайды және т.с.с.

Төрт санағымен орындалатын дайындық жаттығуын орындап болған соң, сол қимылдарды екі санына орындайды және ол үшін «Екі санақ бойынша бөлшектеп, саптық адыммен, адым - БАС» бұйрық беріледі. Содан кейін «бір, екі; бір, екі» деп санай бастайды. «Бір» саны бойынша адым жасалады, «екі» саны бойынша тоқтайды (үзіліс жасалады).

Егер оқушылар қателіктер жіберіп жатса, қайтадан төрт санымен орындап жаттығуға болады. Оқытушы содан кейін минутына 50-60 адым екпінін сақтап, саптық адыммен қозғалуды үйретуге кіріседі де, ақырындап минутына 95-105 адымға дейін ұлғайтады. Қателерді түзету үшін саптық адымды толық екпінде орындаудан, төрт және екі санына бөліп орындауға көшу керек. Тәсілді толығымен орындауға жаттығу барысында минутына 95-105 адым жасайтын екпінді ұстауға тырысу керек.

Оқытушы алаңның ортасына орналасып, қажетті бұйрықтарды беріп тұрады. Егер ол жалпы жіберілген қатені анықтаса, бөлімшені тоқтатып, оны оңға немесе солға бұрады да, тәсілдің қалай орындалу керек екендігін көрсетеді. Ал оқушылардың бірінің ғана қателік жібергенін байқап қалса, оны саптан шығарады және оның жанына тұрып бірге орындайды, қателігін түзетеді.

Бөліп және тұтасымен орындау арқылы үйретуді бұйрық бойынша және оқытушының санауы, оқушылардың өздерінің санауы, сондай-ақ барабанның соққысымен орындауға болады.

Саптық адыммен қозғалуды үйреткен кезде, оқушылардың қозғалыс кезінде екі бүйірге теңселмей қозғалуларына қол жеткізу керек. Теңселетін себептері, қозғалыс кезінде аяқты дұрыс қоймайды: табанды қозғалыс өсі

бойынша табанның ішкі жағынан қоюдың орнына, екі жаққа қояды да, дененің ауырлық орталығы әр адым сайын бірде оңға, енді бірде солға кетіп жатады.

Егер оқушылар саптық адыммен қозғалуды үйрену кезінде сәл секіре қозғалатын болса, оның сол қателігін көрсетіп, дененің салмағын бір аяқтан екінші аяққа жұлқымай, біркелкі көшірулерін талап ету керек. Қозғалыс кезінде бір аяқтан екіншісіне созыла қозғалуға болмайды.

Содан кейін саптық адыммен қозғалуды бөлімшенің (бөлімнің) сабында орындауға жаттығады.

Бір орында және қозғалыста орындалатын әскери сәлемдесу тәсілдері

Оқытушы сабаққа кірісе отырып, әскери сәлемдесудің дәл және серпінмен орындалатынын түсіндіреді. Әскери сәлемдесуді бір орында тұрып, саптан тыс жерде, бас киімсіз орындау үшін басшыға (аға әскериге) үш-төрт адым қалған кезде, оған қарай бұрылып саптық тұрысты қабылдайды және оның бетіне тура қарап тұрады.

Егер бас киімі киілген болса, онда оң қолын шекесіне қояды (қолдың басы тік, сұқ саусақ бас киімнің шетіне тиіп тұрады), ал шынтақ бір сызық бойында және иық мөлшерінде. Басын басшыға қарай бұрған кезде, қолдың қалпы өзгеріссіз қалады.

Басшы (аға әскери) әскери сәлем берушінің жанынан өтіп кеткен соң, басты тік ұстап тұрған қалыпта оң қолын төмен түсіреді.

Бір орында орындалатын әскери сәлемдесуді әңгімелеп және көрсеткен соң, оқытушы ол әрекеттерді екі сан бойынша орындауға үйретеді. Ол үшін «Бір орында әскери сәлемдесуді орындау үшін, басшы маңдайшепте (оң жақта, сол жақта, артта), бөлшектеп: жаса – БІР, жаса – ЕКІ», бұйрығы беріледі.

«Жаса - БІР» санағы бойынша оқушылар басшы жаққа бұрылып «ТІК ТҰР» қалпын қабылдайды және оның бетіне қарайды. Қажет болған жағдайда оқытушы басшының (аға әскеридің) сол жақтан оңға (немесе керісінше) өтіп бара жатқанын хабарлайды. Осы бұйрық бойынша барлық оқушылар бастарын солдан оңға (немесе керісінше) бұрады, ал «жаса – ЕКІ» санағы бойынша бастарын тік ұстап, «ЕРКІН ТҰР» қалпын қабылдайды. Осылайша түрлі бағыттан келе жатқан басшымен әскери сәлемдесуді орындайды. Тәсілдерді бөлшектеп орындауды үйренген соң, оқытушы жаттығуды жұптасып орындауға кіріседі. Оларға басшының әрекеттерін орындайтын үшінші оқушы бөлінеді.

Бір орында тұрып бас киіммен және бас киімсіз сәлемдесу де, дәл сондай ретпен үйретіледі. Оны үйреткен кезде алдымен оқушыларға қолды басқа дұрыс қоюдан бастап үйрету керек. Ол үшін оқытушы «ТІК ТҰР» қалпын қабылдағаннан кейін, оң қолдың шекеге қойылатынын, ал басшыға бұрылған кезде – арттағы аяқты алдыңғы аяққа қойған кезде қойлатынын түсіндіреді және көрсетеді. Оқытушы оң қолдың алақаны тік, саусақтар біріккен, сұқ саусақтың шекеге (қалқаға) жанасатынын, шынтақтың бір сызық бойымен және иық деңгейінде болатынына оқушылардың назарын аударады.

Қолды бас киімге қоюға үйрету үшін «Қолды бас киімге қою және оны түсіру: жаса – БІР, жаса – ЕКІ» бұйрығы беріледі. «Жаса – ЕКІ» санағы бойынша, ажыратылған бір қатарлы сапта тұрған оқушылар оң қолдарын жылдам бас киімге қояды. «Жаса – ЕКІ» санағы кезінде қолдарын жылдам төмен түсіреді. Бұл жаттығуды айнаның алдында тұрып, жұптасып, өз бетімен және барабанның соққысымен қайталауға болады. Жаттығуларды бөлшектеп орындауды үйренген соң, оқытушы әскери сәлемдесуді тұтасымен орындауға жаттықтырады.

Әскери сәлемдесуді саптан тыс жерде, бас киімсіз орындау үшін, басшыға үш-төрт адым қалғанда аяқтың жерге қойылуымен қолдың қимылдары тоқтатылады; басты басшыға қарай бұрып, қозғалысын жалғастырады және оның бетіне тура қарайды. Басшының (аға әскери) жанынан өткен соң басты тік қояды және қолдарын қимылдата қозғалуды бастайды.

Баста бас киім болған жағдайда, аяқтың қойылуымен қатар, оң қол бас киімге қойылады, сол қол сан тұсында қозғалыссыз болады; басшының (аға әскеридің) қасынан өткен соң, сол аяқтың жерге қойылуымен қатар, басты тік ұстаған қалыпта оң қол төмен түсіріледі.

Басшыдан (аға әскериден) озған кезде, алғашқы алға шыққан адыммен әскери сәлемдесуді орындайды. Екінші адыммен басты тік ұстайды да, оң қолын төмен түсіреді.

Егер әскери қызметшінің қолы бос болмаса, онда әскери сәлемдесуді басын басшыға бұру арқылы іске асырады.

Киілген бас киіммен қозғалған кезде әскери сәлемдесуді үйретуді алты санға жүргізеді. Оқытушы алдымен тәсілді тұтасымен, содан кейін бөлшектеп көрсетеді. «Жаса – БІР» саны бойынша сол аяқпен адым жасалады, аяқтың жерге қойылуымен қатар бас басшыға қарай бұрылады және оң қол бас киімге қойылады; сол қол санға түсіріледі. «Жаса - ЕКІ», «ҮШ», «ТӨРТ» санағымен оң (сол) аяқпен адым жасалады. «Жаса – БЕС» санағы бойынша сол аяқтың жерге қойылуымен бас тіктеледі, оң қол төмен түсіріледі. «Жаса - АЛТЫ» санағы бойынша оң аяқ сол аяққа қосылады да, оң қол санға түсіріледі.

Оқушылардың тәсілді қалай орындалатынын түсінгеніне көз жеткізген соң, оқытушы взводты бір колоннаға тұрғызып, санақ арқылы немесе барабанның соққысымен орындауға жаттықтыруды бастайды.

Тәсілді бөлшектеп және тұтасымен орындап болған соң, оқытушы сабақтың соңына қарай взводты бір колоннаға тұрғызып, оқушылардың барлығын алдынан өткізеді. Сонымен қатар оқушылар сабақта жекедара орындалатын саптық жаттығуларды және әскери сәлемдесуді жетілдіріп отырулары керек.

Оқытушы оқушыларға бастықпен бір орында тұрып және қозғалыс кезінде әскери сәлемдесу тәсілдерін көрсетеді.


Оқытушы алдымен бас киімсіз қозғалу кезінде әскери сәлемдесуді үйретеді. Тәсілді тұтасымен және бөлшектеп көрсеткен соң, бас киімсіз қозғалу кезінде әскери сәлемдесу үшін басшыға 3-4 адым қалған кезде аяқты жерге қоюмен бірге қолдың қозғалысы тоқтайтынын, басты басшыға қарай бұрып

қозғалысын жалғастыратынын айтып береді. Бастықтың жанынан өткен соң, басты тік ұстайды және қолдың қимылдары басталады.

Бұл тәсілді үйретуді екі-төрт санға бөліп бастайды. Егер басшы қарама-қарсы келсе, тәсіл екі санмен үйретіледі; бір орында болса, тәсіл төрт санға орындалады. Мысалы: «Қозғалыста әскери сәлемдесуді орындау үшін, басшы мандайшепте (оң жақта, сол жақта, артта, бөлшектеп: жаса – БІР, жаса – ЕКІ)» және т.с.с.


«Жаса – БІР» санағы бойынша сол аяқпен адым жасап, аяқтың жерге қойылуымен қатар қолдың қимылдары тоқтайды және басын басшыға қарай бұрады. «Екі, (үш, төрт)» санағы бойынша басын бұрып ұстаған күйде, қолды қысып қозғалысын жалғастырады

Кезекті «жаса – БІР» саны бойынша сол аяқтың жерге қойылуымен басты тік ұстайды және қолдың қимылдары басталады. Содан кейін үш еркін адым орындап, жаттығуды дәл сондай қарқынмен (минутына 60-70 адым) қайталайды.



9-сур. Әскери сәлемдесуді бір орында орындау

Тәсілді бөлшектеп орындауды үйренген соң, тәсілді бұйрық бойынша бөлшектеп орындауға кіріседі. Мысалы: «Взвод, әскери сәлемдесуді қозғалыста орындау үшін, басшы сол жақта, екі (төрт) санға, адым – БАС. Қозғалу екпіні минутына 95-105 адым.



10-сур. Әскери сәлемдесуді қозғалыс кезінде орындау

«БАС» бұйрығы бойынша және «бір» санағы бойынша взвод алға бір адым жасайды да, қолдың қимылдарын тоқтатады және бастарын солға бұрады. «Екі (үш, төрт)» санағы бойынша оқушылар саптық адыммен қозғалады, ал келесі «бір» санағы бойынша сол аяқтың жерге қойылуымен басты тік ұстайды және «екі, үш, төрт» саны бойынша жорықтық адыммен жүреді. Келесі «бір» саны бойынша әскери сәлемдесуді қайталайды және т.с.с. Жаттығуды қорытындылай отырып, оқытушы оқушыларды бір колоннаға тұрғызады да, оқушылардың барлығын жанынан өткізеді және қателерін түзетіп, тиісті нұсқаулар береді.

Оқушыларды бір-біріне қарсы 10 адым қашықтыққа орналастырып, қозғалу кезінде жаттықтыруға болады. Бұл жерде оқытушы тиісті нұсқауларды беріп тұрады. Бір-біріне қарсы қозғала отырып, келесі жағдайды ескеру керек: егер әскери қызметші әскери сәлемдесуді 3 адым қалғанда бастайтын болса, онда оны 1 адым өткен соң аяқтайды, ал әскери сәлемдесуді 4 адым қалғанда бастайтын болса, онда 2 адымнан кейін аяқтайды.

Әскери сәлемдесуді білім алушылар орындаған кезде жиі кездесетін қателіктер мынадай: басты бұрудың орнына тұтас кеуде бұрылады; алдымен бас бұрылады, содан кейін қолын қояды (түсіреді).

Бастықтан озған кезде әскери сәлемдесуді екі санмен үйретеді. «Жаса - БІР» саны бойынша сол аяқпен алға адым жасалып, аяқтың жерге қойылуымен бірге басты солға (оңға) бұрады және оң қолын шекесіне апарды, сол қол қозғалыссыз қалыпта болады. «Жаса – ЕКІ» саны бойынша адым жасалады, сол аяқтың жерге қойылуымен бірге, бастықтан озған сәтте басты тік ұстайды, ал

оң қолды төмен түсіреді. Осылайша тәсілді бірнеше рет қайталайды, ал жаттығудың орындалу екі минутына 95-105 адымға дейін ұлғайтылады. Тәсілді өзбеттерімен орындап жаттыққан соң, барабан соққысымен орындайды.

Саптан шығу

Оқытушы сабаққа кірісе отырып әскери қызметші саптан шығу үшін бұйрық берілетінін түсіндіреді. Мысалы: «Сарбаз Әлімов, САПТАН ШЫҚ (САПТАН ЕКІ (ҮШ, ТӨРТ) АДЫМҒА ШЫҚ) немесе «Сарбаз Әлімов. МАҒАН КЕЛ (ЖҮГІРІП МАҒАН КЕЛ)».

Өзінің аты-жөнін естіген әскери қызметші «МЕН», деп жауап қайтарады, ал бірінші бұйрық бойынша әскери қызметші бірінші қатардан бастап, саптан үш адымға (немесе басшы айтқан адым санына) шығады және бұрылып сапқа бетін қаратып тұрады. Екінші бұйрық бойынша әскери қызметші бірінші қатардан бір-екі адым жасап, жүріп бара жатып басын басшыға қарай бұрады және қысқа жолмен оған қарай қозғалып, екі-үш адым қалғанда тоқтайды және келгені туралы мәлімдеме жасайды.

Мысалы: «Лейтенант мырза. Сарбаз Әлімов сіздің бұйрығыңыз бойынша келіп тұр» немесе «Полковник мырза. Капитан Тәжібаев сіздің бұйрығыңыз бойынша келіп тұр». Әскери қызметші екінші қатардан шыққан жағдайда, сол қолын алдында тұрған әскери қызметшінің иығына қояды; ол өз кезегінде алға адым жасап, оң аяғын жерге қоймастан оңға адым жасайды да, сапта шығушы әскери қызметшіні жібереді және өз орнына қайтадан тұрады. Ал әскери қызметші бірінші қатардан шыққан жағдайда оның орнына артқы қатардағы әскери қызметші тұрады.

Әскери қызметші екеуден және үшеуден орналасқан колоннадан шыққан кезде, ол жақын қапталдан саптан шығып, оңға (солға) бұрылады. Егер жанында әскери қызметші тұрған болса, ол қапталына оң (сол) аяғымен адым жасап, сол (оң) аяғына қоймастан артқа адым жасап, саптан шығушы әскери қызметшіні шығарады және өз орнына тұрады.

Әскери қызметші саптан қарумен шыққан кезде, қарудың қалпы өзгермейді.

Әскери қызметші сапқа тұру үшін бұйрық берілуі керек. Мысалы: «Сарбаз Әлімов. САПҚА ТҰР» немесе тек «САПҚА ТҰР».

«Сарбаз Әлімов» деген бұйрық бойынша әскери қызметші басшыға (аға әскериге) бұрылып «МЕН» деп жауап қайтарады, ал «САПҚА ТҰР», деген бұйрық бойынша (қарусыз болса немесе қаруы «арқаға» қалпында болса), «ҚҰП БОЛАДЫ» деп жауап қайтарып, бірінші адыммен қолын түсіреді де, қысқа жолмен саптағы өз орнына барып тұрады.

Егер тек «САПҚА ТҰР» деген бұйрық берілген болса, әскери қызметші басшыға бұрылмастан, саптағы өз орнына барып тұрады.

Қарумен қозғалған жағдайда сапқа барып тұрған соң, оны сапта тұрған әскери қызметшілердікіндей қалыпқа өзгертеді.

Бұйрық бойынша саптан шығу және қайта сапқа тұруды үйретуді бір қатарда, содан кейін екі қатарда тұрып, екі, үш және төрт колоннадан шығып

орындайды. Оқытушы оқушыларға бір, екі қатарда және колоннадан саптан шығу тәртібін ретімен көрсетеді.

Саптан шығу әрекеттерін үйрету үшін оқытушы оқушыларды екі қатарға тұрғызады (оқушылардың арақашықтығы 1-2 адым). Содан кейін оларға саптан шығу және қайтадан сапқа тұруға бұйрықтар бере бастайды. Алдымен саптан бірінші қатардан шығады, содан кейін екінші қатардан шыға бастайды. Ажырап тұрған саптан бір мезгілде бірнеше оқушыны шығарып, қайта сапқа тұрғызуға болады.

Әрбір оқушы кез-келген қатардан шығу тәртібін игеру үшін, олардың қатардағы орындарын ауыстырады.

Оқытушы екі қатарлы саптан шығуды үйретіп болған соң, екі және үш колоннада тұрған кезде саптан шығуды үйрете бастайды.

Саптан тыс жерде басшыға келу және одан кетуді үйретуді бастаған кезде, оқытушы взвод қапталымен қозғала отырып басшыға келуді тұтасымен көрсетеді. Ол жақсы көріну үшін оқушылардың бірі саптан шақырып алып, оны басқалары анық көретіндей тұсқа басшының орнына қояды. Басшыға келу және одан кетуді бөлшектеп үйретеді.

Басшыға келуді үш санақ бойынша үйреткен дұрыс. «Жаса – БІР» санағы бойынша қолмен, адымның екпініне сәйкес келетін қимыл жасай отырып, сол аяқпен алға бір саптық адым жасалады және сол қалыпта тоқтап қалу керек (қол төменде). «Жаса – ЕКІ» санағы бойынша оң аяқты жақындатып, сол мезетте оң қолды бас киімге қою керек. «Жаса – ҮШ» санағы бойынша қолды санға түсіреді. Осы әрекеттерге үйрету үшін оқушылар бір қатарға немесе бір колоннаға, 2-3 адымдық ара-қашықтыққа орналастырады.

Басшыға келуді алға үш адым жасап қозғалуды төрт санға орындау арқылы үйретуге болады. «Басшыға келу, төрт санаққа бөлшектеумен, алға үш адым жасау арқылы – бас – ТА». «Бір, екі, үш» санағы арқылы үш саптық адым жасалады, «төрт» санағы бойынша оң аяқты сол аяққа қосып, сол мезетте оң қол шекеге қойылады. Келесі «бір, екі, үш» санағы бойынша қолды шекеде ұстап тұрып, «төрт» санағымен қолды төмен түсіреді. Осылайша бірнеше рет қайталауға болады.

Басшыдан кетуді үйретуді «Басшыдан кетуді, төрт санағына бөлшектеу бойынша жасауды, бас – ТА», деген бұйрық арқылы төрт санақ бойынша үйреткен дұрыс. «Жаса – БІР» санағы бойынша оқушылардың барлығы оң қолдарын шекелеріне қойып «Құп болады», деп дауыстайды. «Жаса – ЕКІ» санағы бойынша артқа бұрылады және оң аяғын сол аяққа қосады. «Жаса – ҮШ» санағы бойынша бірінші адыммен (сол аяқ жерге қойылған сәтте) қолды төмен түсіреді. «Жаса – ТӨРТ» санағы бойынша оң аяғын сол аяғына қосады. Осындай ретпен оқытушының санауы бойынша, одан кейін оқушылардың өз беттерімен санау арқылы немесе барабан соққысымен қайталанады. Сонымен қатар бұл жерде артқа, оң және солға бұрылу әрекеттері де шыңдала түседі.

Басшыға келу және одан кетуді бөлшектеп орындау үйретілген соң, ол әрекеттер кешенді түрде орындала бастайды. Жаттығуды жұптасып орындайды.

Дайындық кезінде оқытушы оқушыларды кезектестіріп шақыра отырып, олардың аталған әрекеттерді дұрыс орындауларын тексереді.

Басшыға келу және одан кету тәсілдерінің дағдылары шыңдала түсу үшін, оларды бірқалыпты екпінмен сегіз санағы бойынша орындауға жаттықтырады. Ол үшін взводты ара-қашықтықтарын 1-2 адым қылып немесе бір-біріне қаратып жұптастыра орналастырады. Оқытушының «Басшыға келу және одан кету, сегіз санағына, дауыстап санап, бас – ТА», деген бұйрығы бойынша, оқушылар алғашқы үш санға сол аяқтан бастап үш адым жасайды. «Төрт» санына оң аяқты сол аяққа қосқан мезетте оң қолды шекесіне қояды. «Бес» санағы бойынша қолды төмен түсіреді. «Алты» санағы бойынша қолын қайтадан шекесіне қояды. «Жеті» санағы бойынша артқа бұрылады. «Сегіз» санағы бойынша оң аяғын сол аяғына қосады. Келесі «бір» санағы бойынша келесі бағытта адымдауды бастайды және ол жерге қойылған мезетте қолды төмен түсіреді, жаттығу тағы қайталанады. Ал оқытушы оқушылардың әрекеттерді дұрыс орындауын қадағалап, нұсқаулар беріп тұрады.

Оқытушы оқушыларға саптан шығу үшін, оны шақыру керек екендігін айтады. Мысалы: «Әлімов, маған кел (жүгіріп маған кел)», деген бұйрық бойынша.

Өзінің тегін естіген оқушы «МЕН», деп жауап қайтарады. Содан кейін басшының тұрған жеріне байланысты, бірінші қатардан 1-2 адым жасап, қозғалыс кезінде басшыға қарай бұрыла адымдайды (жүгіреді) және оған келіп мәлімдеме жасайды. Мысалы: «Лейтенант мырза. Әлімов сіздің бұйрығыңыз бойынша келіп тұр». Мәлімдемесін аяқтаған соң қолын түсіреді. Егер оқушы оқытушыға жүгіріп келген болса, онда ол оқытушыға 5-6 адым қалған кезде саптық адымға көшеді. Оқытушының өзі саптан шыққан оқушыға бұрылуы керек.

Сапка қайтадан тұру үшін, басшыдан кеткен кезде оқушы артқа бұрылады да, саптық адыммен өз орнына барып тұрады.

Саптық тәсілдер және қарумен орындалатын қимыл-әрекеттер. Қарумен саптық тәсілдер орындауға үйрету, қарусыз әрекеттерді үйрететін әдіспен жүргізіледі. Үйретуді бастаған кезде оқытушы қарудың оқталмаған күйде болуын тексереді. Қарумен саптық тәсілдерді орындардың алдында қаруды сақтандырғышқа қояды.

Қарумен өткізілетін бірінші сабақта, оқытушы әскери қызметшінің өзінің штаттық қаруымен (автомат, пулемет, гранатамет, мергендер винтовкасы немесе карабин) саптық тұрысты қалай қабылдайтынын көрсетеді.

Қарумен саптық тәсілді үйрету үшін оқытушы взводты бір қатарға тұрғызады және түрлі қарулармен саптық тұрысты қалай қабылдайтынын көрсетеді. Сонымен қатар сол қалыпта әр оқушының алдына келіп, өзін алдынан, артынан және бір бүйірінен көретіндей болып тұрады.

Көрсетіп және түсіндіріп болған соң, оқытушы взводты 2 адымға ажыратып, әр оқушының саптық тұрысты қабылдауларына бұйрық береді. Содан кейін «ТІК ТҰР» деген бұйрық береді де, оқушылардың тұру қалыптарын тексереді. Ол оқушылардың кеуделерін көтеріңкі ұстауларын,

белбеудің жоғарғы кесіндісі деңгейінде болуы керек оң қолдың алақанының қалпын тексереді. Саптық тұрыстың дұрыс қабылданғандығын тексеру үшін взводты оңға, солға және артқа бұрады.

«Бауды БОСАТ (ТАРТ)» тәсілін орындау

Қарумен орындалатын тәсілді үйретуге кірісерден бұрын, оның бауының ұзындығын тексеру керек. Бұл тәсіл барлық атыс қаруларына бірдей және бөлшектеу арқылы үйретіледі.

Бауды тарту және босату үшін «Бауды БОСАТ (ТАРТ)», деген бұйрық беріледі. Оқытушы тәсілдің қалай орындалатынын тұтасымен көрсетіп, одан кейін түсіндіре отырып, бөлшектеп көрсетеді. Көрсетіп болған соң взводты 2-3 адымға ажыратып, тәсілді жеті санақ бойынша үйретуге кіріседі.

«Жаса - БІР» санағы бойынша оң қолмен баудың жоғарғы жағынан ұстап, автоматты иықтан шешіп алады және сол қолмен құндағынан ұстап, оқжатарын солға қарата, ұңғысы иек тұсында болатындай етіп тігінен ұстайды.

«Жаса – ЕКІ» санағы бойынша оң қолмен құндақтан, сол қолымен ұңғы қаптамасынан төменірек ұстайды.

«Жаса – ҮШ» санағы бойынша сол қолды санға, ал оң қолды автоматпен бірге төмен түсіреді.

«Жаса – ТӨРТ» санағы бойынша жартылай оңға бұрылып, сол мезетте табан бір-біріне параллелді орналасатындай етіп, сол аяқты сол жақта қалдырады.

«Жаса - БЕС» санағы бойынша алға еңкейіп, қаруды дүмімен сол аяқтың үстеріне, ал ұңғысын оң қолдың шынтағының бүгілген тұсына қояды. Аяқ тізеден бүгілмейді, оң қолмен баудан ұстап тұрып, сол қолмен бауды тартады (босатады).

«Жаса - АЛТЫ» санағы бойынша жартылай солға бұрылып, сол аяқты оң аяққа қосады, автоматты оң қолмен сан тұсында ұстайды.

«Жаса - ЖЕТІ» санағы бойынша автоматты «белдікке» қалпына иыққа салады, ал сол қолды жылдам төмен түсіреді де, саптық тұрысты қабылдайды.

Оқытушы тәсілді бөлшектеп орындауды көрсетіп болған соң, тұтастай көрсетеді. Тәсілді орындауға оқушыларды жаттықтыруды дербес, жұптасып немесе взвод құрамында жүргізуге болады.

Автоматты «белдікке» қалпынан «кеудеге» қалпына ауыстыру тәсілдерін орындау

«Арқаға», «Белдікке» және «Кеудеге» бұйрықтарын бергенге дейін қаруды «Сақтандырғышқа – ҚОЙ» бұйрығы бойынша қаруды сақтандырғышқа қою керек.

Автоматты «белдікке» қалпынан «кеудеге» қалпына қою тәсілін үйреткен кезде, оқушыларды ажыраған бір қатарға тұрғызу керек.

Тәсіл «Автоматты – КЕУДЕГЕ» бұйрығымен орындалады. «Белдікке» қалпында тұрған автоматты «кеудеге» қалпына үш санмен қабылдайды. Оны үйрету үшін оқытушы «Автоматты – КЕУДЕГЕ, бөлшектеп: жаса – БІР, жаса – ЕКІ, жаса - ҮШ» бұйрығын береді.


«Жаса - БІР» бұйрығы бойынша оң қолмен баудың жоғарғы жағынан ұстап, автоматты иықтан шешіп алады және сол қолмен құндақтан ұстайды да, оқжатарын солға қаратып, ұңғысы иек тұсында болатындай етіп тігінен ұстайды.

Әрекетті бірінші санақ бойынша орындағанда, оқушылардың автоматты иықтан шешкен кезде кеуделерін алға бүкпеулерін, саптық тұрысты сақтауларын және автоматты денеден тым алыс алып кетпеулерін қадағалап тұрады. Ол әрекеттерді алдымен баяу орындап, содан кейін барып екпінін ұлғайту керек. Оқушылар бірінші санақ бойынша әрекеттерді дұрыс орындай бастағанда, екінші және үшінші әрекеттерді үйретуге кіріседі.

«Жаса – ЕКІ» санағы бойынша оң қолмен бауды оңға шығарып, оны жартылай бүгілген және өзіне қаратылған саусақпен қайта ұстайды да, сол мезетте оң қолдың шынтағын баудың астынан өткізеді.

«Жаса - ҮШ» санағы бойынша бауды бастан өткізеді, автоматты дүм мойынынан оң қолмен ұстап, сол қолын жылдам төмен түсіреді.

Үшінші санақ бойынша орындалатын әрекеттерге үйреткен кезде, оқушылардың бауды бастан асыра өткізген кезде бауды ұстаған оң қолды барынша жоғары көтерулерін, ал бауды өткізген кезде оны жылдам дүм мойынына ауыстыруларын, бау иыққа ілінгенше автоматты сол қолмен демеп, одан кейін жылдам төмен түсірулерін қадағалап тұру керек.



11-сур. Автоматты «белдікке» қалпынан «кеудеге» қалпына ауыстыру тәсілдерін орындау

Автоматты «кеудеге» қалпынан «белдікке» қалпына ауыстыру тәсілдерін орындау

Тәсіл «БЕЛДІККЕ» бұйрығымен орындалады. Автомат «кеудеге» қалпынан «белдікке» қалпына үш санмен қабылданады. Бұл тәсілдерді бөлшектеп орындау үшін «Автоматты БЕЛДІККЕ, бөлшектеп: жаса – БІР, жаса – ЕКІ, жаса – ҮШ» бұйрығы беріледі.

«Жаса – БР» бұйрығы бойынша сол қолмен автоматты құндағынан ұстап, оны сәл алға жоғары шығарады, оң қолды баудың астынан өткізіп, дүмнің мойнынан ұстайды.


«Жаса – ЕКІ» санағы бойынша автоматты жоғары көтеріп, бауды бастан асыра өткізеді де, оқжатарын солға қаратып, ұңғысы иек деңгейінде болатындай етіп тігінен ұстайды.

Бұл тәсілді үйреткен кезде оқушылардың кеуделерін алға еңкейтпеулерін, баумен бас киімді түсіріп жібермеу үшін, автоматты барынша жоғары көтерулерін қадағалау керек.

«Жаса – ҮШ» санағы бойынша оң қолмен баудың жоғарғы жағынан ұстап, автоматты «белдікке» қалпына қабылдайды, ал сол қолды жылдам төмен түсіреді.

Үшінші тәсілді орындауды үйреткен кезде, автоматты сол қолмен иыққа дұрыс лақтыруларын қадағалау керек. Оқушы кеудесін бұрмай, сол қолының оңға орындалатын шалт қимылымен автоматты оң иыққа бағыттауы керек. Автомат ұшып бара жатқан сәтте оң қолдың алақаны баудың бойымен төмен сырғиды. Оқушы бауды тарта отырып, ұңғының өзін соғып жібермеуін реттейді, ал шынтағымен автоматтың иықтан шығып кетпеуіне мүмкіндік бермейді.

Үйретуді алдымен оқытушының санауы бойынша, одан кейін барабан соққысымен орындайды. Оқытушы жаттығу кезінде оқушылардың тәсілдерді дұрыс орындауларына қол жеткізеді. Әрбір оқушының дұрыс орындауына қол жеткізген соң, тәсілдерді взвод құрамында орындауға жаттықтырады және олардың әрекеттерін бағалайды.



12-сур. Автоматты «кеудеге» қалпынан «белдікке» қалпына ауыстыру тәсілдерін орындау

«Қаруды – ҚОЙ», «ҚАРУҒА», «ҚАРУДЫ» тәсілдерін орындау
«Қаруды - ҚОЙ» бұйрығы бойынша қаруды жерге қояды.

«Қаруды» бұйрығы бойынша автоматты оң қолға алады. Ол үшін оң қолмен баудан сәл жоғары ұстап, автоматты иықтан шешіп алады; сол қолмен оқжатардан төменірек ұстап, оң қолды құндаққа ауыстырады да, автоматты оң санға, ал сол қолды сол сан бойымен төмен түсіреді.

«ҚОЙ» бұйрығы бойынша бірінші қатар алға екі адым жасайды және аяқтарын қосады. Содан кейін екі қатар да бір мезетте сол аяқпен алға бір адым жасайды және автоматтың бекітпе тұтқасымен төмен қаратып жерге қояды; дүмнің желкесі оң аяқтың ұшында болады (оң аяқ тізеден бүгілмейді); содан кейін сол аяқты оң аяққа қосады.

Бір қатарлы сапта атқарушы бұйрық бойынша соңғы екі әрекет қана орындалады.

Жерде жатқан қаруды алу үшін «ҚАРУҒА», одан кейін «ҚАРУДЫ», деген бұйрықтар беріледі.

Бірінші бұйрық бойынша әскери қызметшілер қарудың жанына барып тұрады. Екінші бұйрық бойынша әскери қызметшілер сол аяқпен алға бір адым жасап, қаруды оң қолдарымен алады да, тіктеліп, сол аяқтарын оң аяққа қосады. Екінші қатар екі адым алға жасайды да, содан кейін екі қатардағы әскерилер қаруларын «белдікке» қалпына қабылдайды.

Бөлімше сабы. Сабақты оқушыларға сарбаздың сапта тұрғанға дейінгі және саптағы міндеттерін естеріне түсіруден бастау керек. Оқытушы алдымен оқушылардың сапқа тұрғанға дейінгі әрекеттерін (қаруының дұрыстығын, дербес қорғану құралдары, жабдық-жарақтарының болуын тексеру), содан кейін киімінің дұрыс болуын тексеру жұмыстарын іс жүзінде көрсетеді. Бұл жерде оқытушы аталған іс-шаралар аяқталған соң, киім үлгісінің дұрыстығын жанындағы әскери қызметшіге тексертетінін айтып өтуі керек. Саптағы әскери қызметшінің міндеттерін үйрету сапқа тұрған және әрекет еткен кезде үйретіледі. Оқытушы одан кейін жазылған және жорықтық саптың болатындығын ескертеді.

Жазылған сап бір қатарлы немесе екі қатарлы болуы мүмкін. Бөлімшені бір қатарлы (екі қатарлы) сапқа тұрғызу үшін «Бөлімше, бір қатарға (екі қатарға) – САПҚА ТҰР», деген бұйрық беріледі.

Бөлімше командирі саптық тұрысты қабылдап және бұйрық берген соң саптың маңдайшебіне бетін қатарып тұрады. Бөлімше штатқа сәйкес, командирден солға сап түзейді. Сапқа тұру басталған кезде бөлімше командирі саптан екі адымға шығып, саптың ортасына бетін беріп тұрады және саптың дұрыс құрылуын қадағалайды.

Саны төрт адамнан аз бөлімше әрдайым бір қатарға тұрады.

Бөлімшенің сабын түзету қажет болған жағдайда «ТҮЗЕЛ» немесе «Солға - ТҮЗЕЛ», деген бұйрықтар беріледі.

«ТҮЗЕЛ» бұйрығы бойынша оң қапталдағы әскери қызметшіден басқаларының барлығы бастарын оңға бұрады (оң құлақ сол құлақ деңгейінен жоғары, иек көтеріңкі) және әрбір әскери қызметші өзін біріншімін деп санап, төртінші адамның кеудесін көретіндей болып түзеледі. «Солға – ТҮЗЕЛ» бұйрығы бойынша сол жақ қапталдағы әскери қызметшіден басқасының барлығы бастарын солға бұрады (сол құлақ оң құлақ деңгейінен жоғары, иек көтеріңкі). Сапты түзеген жағдайда әскери қызметшілер сәл алға, артқа немесе бір бүйірге қозғаллары мүмкін.

Түзелу аяқталған соң «ТІК ТҰР» бұйрығы беріледі де, сол бойынша барлық әскери қызметшілер жылдам бастарын тура қаратады.

Артқа бұрылудан кейін бөлімшенің сабын түзеу үшін түзелу жағы айтылуы керек. **Мысалы:** «Оңға (солға) – ТҮЗЕЛ».

«Бөлімше - ТАРАҢДАР» бұйрығы бойынша әскери қызметшілер саптан шығады. Бөлімшені жию үшін «Бөлімше – МАҒАН КЕЛ», деген бұйрық беріледі. Ол бұйрық бойынша әскери қызметшілер командирдің жанына жиналып, келесі бұйрық бойынша сапқа тұрады [9].

Бөлімшенің бұрылулары, теңелу тәртібі сақтала отырып барлық әскери қызметшілермен бір мезгілде орындалады. Екі қатарлы саппен оңға (солға) бұрылудан кейін, бөлімше командирі оңға (солға) жарты адым, ал артқа бұрылған кезде – бір адым алға жасайды. Сапқа тұру тәртібі мен бұйрықтарды орындауды түсіндіріп және көрсеткен соң, оқытушы бөлімшені саптық алаңның үш жағына сапқа тұрғызады. Содан кейін тиісті бұйрықтар бере отырып бөлімшенің жылдам және дұрыс сапқа тұруларына қол жеткізеді. Бұл тәсілдерді игерген соң бөлімшені жорықтық сапқа тұру тәртібін түсіндіреді және көрсетеді.

Бөлімшені жорықтық сабы бір немесе екі колоннаға құрылуы мүмкін. Бөлімшені бір орында бір (екі) колоннаға тұрғызу үшін «Бөлімше, колоннаға біреуден (екеуден) САПҚА ТҰР», деген бұйрық беріледі. Бөлімше командирі саптық тұрысты қабылдап және бұйрық берген соң қозғалыс бағытына қарай бетін беріп тұрады, ал бөлімше шаттық тәртіпке сәйкес сапқа тұрады. Адам саны төртеуден аспайтын бөлімше бір колоннаға тұрады.

Осы тәсілдерді көрсетіп және түсіндірген соң, оқытушы жаттығуды ұйымдастырады.

Одан кейін «Бір қатардан екі қатарға және қайтадан бір қатарға сап құру» сұрағын қарастыруға кіріседі. Ол үшін оқытушы бір қатардан екі қатарға сапқа тұрғызу үшін «Бөлімше, бірінші-екіншіге – САНАЛ», деген бұйрық береді.

Осы бұйрық бойынша оң жақ қапталдан бастап әрбір әскери қызметші кезек бойынша бастарын бұрып, сол жағында тұрған әскери қызметшіге өз нөмірін айтады да, басын тік қаратады. Сол жақ қапталдағы әскери қызметші басын бұрмайды. Оқытушы осы ережені айтып берген соң, оның қалай орындалатынын көрсетеді.

Дәл осындай тәртіппен бөлімшедегі жалпы санақ жүргізіледі және ол үшін «Бөлімше, рет-ретімен – САНАЛ», деген бұйрық беріледі.

Екі қатарлы сапта, екінші қатардың сол жақ қапталындағы әскери қызметші жалпы санақ аяқталған соң «Толық» немесе «Толық емес», деп мәлімдеме жасайды. Оқытушы бұл тәсілдің қалай орындалатынын айтып және түсіндіріп болған соң жаттығуға кіріседі.

Оқушылардың аталған тәсілдерді дұрыс орындап жатқанына көз жеткізген соң, оқытушы бір қатардан екі қатарға сап құру және қайтадан бір қатарға сап құру тәртібін түсіндіреді. Бір орында тұрып бір қатардан екі қатарға сап құру үшін «Бөлімше, екі қатарға – САПҚА ТҰР», деген бұйрық беріледі.

Атқару бұйрығы бойынша екінші нөмірлер сол аяқтарымен артқа бір адым жасайды, бірінші нөмірдің артынан тұру үшін оң аяқтарын қоймастан, оңға адым жасайды және сол аяқтарын қосады.

Бір орында бөлімшені сығылған екі қатардан бір қатарлы сапқа тұрғызу үшін, бөлімше алдын-ала ажыратылады. Содан кейін «Бөлімше, бір қатарға – САПҚА ТҰР», деген бұйрық беріледі. Атқару бұйрығы бойынша екінші нөмірлер сол аяғымен солға адым жасап, біріншілердің сызығына шығады; оң аяқты қоймастан алға адым жасайды және сол аяғын қосады. Оқытушы аталған әрекеттердің орындалу тәртібін көрсетіп және түсіндірген соң, оқушыларды жаттықтыруды бастайды.

Бөлімшенің жазылу және қосылу тәсілдерін орындау үшін, олардың орындалу тәртібін көрсету керек.

Бөлімшені бір орында жазылу үшін «Бөлімше, оңға (солға, ортадан) осынша адымға – ЖАЗЫЛ (жүгіріп – ЖАЗЫЛ)», деген бұйрық беріледі. Атқару бұйрығы бойынша жазылу басталған оқушыдан басқаларының барлығы айтылған бағытқа бұрылады; бір аяқ екінші аяққа қосылған мезетте бастарын маңдайшеп жаққа бұрып, арттағы адамның иығынан қарап, жиілеген жарты адыммен (жүгіріп) қозғалады; артта келе жатқан адам тоқтаған соң, әрқайсысы бірнеше адым жасайды (бұйрықта көрсетілген адым санына) және маңдайшепке қарай бұрылады.

Ортадан жазылған кезде, ортаңғының кім екені айтылады. Ортаңғы болып аталған оқу, өз тегін естіген кезде «Мен», деп жауап қайтарады да, сол қолын алға шығарып, төмен түсіреді.

Бөлімшені түзеткенде, жазылу кезіндегі арақашықтық сақталады.

Бөлімшені бір орында сығу үшін «Бөлімше, оңға (солға, ортадан) – СЫҒЫЛ (жүгіріп – СЫҒЫЛ)», деген бұйрық беріледі. Атқару бұйрығы бойынша сығылу басталған оқушыдан басқаларының барлығы айтылған бағытқа бұрылады; содан кейін жиілеген жарты адыммен (жүгіріп) айтылған жерге қозғалады және көрсетілген жерге жақындаған кезде саптық адымға көшеді және өз беттерімен тоқтап, солға (оңға) бұрылады.

Аталған тәсілдердің орындалу тәртібін көрсетіп және түсіндірген соң, оқытушы оқушыларды жаттықтыруға кіріседі.

Үшінші оқу сұрағын қарастыруға кірісе отырып, оқытушы жазылған саптан колоннаға тұрғызу үшін бөлімше оңға бұрылу керек екендігін және оған

«Бөлімше, оң – ҒА», деген бұйрық берілетінін түсіндіреді. Екі қатарлы сапты бұрған кезде бөлімше командирі оңға жарты адым жасайды.

Бөлімшені колоннадан жазылған сапқа тұрғызу үшін бөлімше солға бұрылу керек және оған «Бөлімше, сол – ҒА», деген бұйрық беріледі. Екі колоннамен қозғалып келе жатып бұрылған кезде, бөлімше командирі алға жарты адым жасайды. Осы ережелерді түсіндірген соң, оқытушы өзі бөлімшемен оңға және солға бұрылып көрсетеді.

Содан кейін оқытушы бөлімшенің колоннада қозғалып келе жатып қайта сап құру тәртібін түсіндіреді және көрсетеді.

Бөлімшенің бір колоннадан екі колоннаға сап құруы үшін «Бөлімше, екі колонна болып – БАС (қозғалыс кезінде – БАС)», деген бұйрық беріледі. Атқару бұйрығы бойынша бөлімше командирі (бағыттаушы) жарты адыммен қозғалады, екінші нөмірлер оңға шығып, адым ырғағымен колоннадағы өз орындарына орналасады. Бөлімше «ТУРА» немесе «Бөлімше – ТОҚТА», деген бұйрық берілгенше жарты адыммен қозғалады.

Бөлімшенің екі колоннадан бір колоннаға сап құруы үшін «Бөлімше, бір колонна болып – БАС (қозғалыс кезінде – БАС)», деген бұйрық берілуі керек. Атқару бұйрығы бойынша бөлімше командирі толық адыммен, ал қалғандары жарты адыммен қозғалады; орынның босауына қарай екінші нөмірлер адым ырғағымен біріншілердің артына келеді және толық адыммен қозғалуын жалғастырады.

Колоннаның қозғалыс бағытын өзгерту үшін «Бөлімше, оң (сол) иық алға – БАС», деген бұйрық береді. Осы бұйрық бойынша бағыттаушы «ТУРА», деген бұйрық берілгенше солға (оңға) бұрыла қозғалады, ал қалғандары оның соңынан ереді. «Бөлімше, менің соңымнан ере – БАС», деген бұйрық бойынша, бөлімше командирдің соңынан ереді.

Аталған тәсілдерді көрсетіп және түсіндірген соң, оқытушы жаттықтыруды бастайды.

Сапты белгілермен басқару. Аталған тақырыпты үйретуге кірісе отырып, оқытушы сапты белгілер арқылы басқаруға болатынын түсіндіреді және оқушыларға белгілер арқылы берілетін бұйрықтарды көрсетеді. Белгілерді жалаушалар арқылы (ақ, сары және қызыл түсті), қол шам және қолмен беруге болады. Белгімен бұйрық берген кезде алдын-ала «НАЗАР САЛЫҢЫЗ», деген белгі беріледі, ал бұйрық бөлімшелердің біріне ғана берілетін болса, онда сол бөлімнің нөмірін көрсететін белгі беріледі. Бөлімшенің нөмірін анықтайтын белгіні бөлім командирі анықтайды. Белгіні қабылдауға дайын болу туралы белгіні де «Назар салыңыз», деген белгімен береді. Барлық әскери бөлімдерге қатысы бар белгіні, барлық бөлім командирлері мен машина командирлері (аға әскерилер) бірден қабылдап, орындаулары керек. Белгіні қабылдағанын растау үшін, сол белгіні қайталайды. Қажет болған жағдайда, бөлімшені басқару үшін командир қосымша белгі дайындайды.

Белгімен басқару бұйрықтарының берілу тәртібін түсіндірген соң, оқытушы жалаушамен берілетін сапты басқару белгілерін үйретуге кіріседі. Ол үшін оқытушы белгінің атын атап, оны орындау тәртібін көрсетеді және ол

бойынша әрекет ету тәртібін түсіндіреді. Содан кейін үйретілген белгіні көрсетіп, оқушылар оны қайталайды. Олар қателік жіберген жағдайда, оқытушы тиісті түзетулер енгізіп, нұсқаулар береді.

Машиналарды басқару белгілерін үйретуді дәл сондай ретпен үйреткен дұрыс.

Қолмен және қол шамымен берілетін белгілерді үйретуді оқушылар өз беттерімен үйренеді.

Машина жанындағы және машинадағы әскери қызметшілердің әрекеттері. Машина жанындағы және машинадағы әскери қызметшілердің әрекеттерін жабдықталған машиналарды және олардың үлгілерін қолдану арқылы үйретуге болады. Олар болмаған жағдайда, саптық алаңда машинаның, жаяу әскердің ұрыстық машинасын, брондытранспортердің суретін салады. Ондай жағдайда қарастырылатын сұраққа қажетті плакаттарды да қолдануға болады.

Сабақты келесі ретпен өткізген дұрыс:

- үйретілетін тәсілді немесе әрекетті жариялау;
- сол әрекет немесе тәсілді орындауға қажет бұйрықты хабарлау;
- тәсілді немесе әрекетті тұтастай орындаудың тәртібін көрсету және түсіндіру;
- қажет болған жағдайда тәсілді бөлшектеп орындап көрсету;
- тәсілді немесе әрекетті орындауға үйрету;
- тәсіл немесе әрекетті жоғары деңгейде орындағанға дейін жаттығу.

Бұл сабақты өткізу кезінде жоғарыда аталған нұсқауларды қолдана отырып, мынаны шынға керек:

- жеке құрамды сапқа тұрғызу және машиналарды жазылған сапқа тұрғызу тәртібін;
- машинаға отырған кезде «МАШИНАҒА» бұйрығы бойынша орындалатын жеке құрамның әрекет ету тәртібін;
- машинаға отырған кезде «ӨЗ ОРЫНДАРЫҢА» бұйрығы бойынша орындалатын жеке құрамның әрекет ету тәртібін;
- автомобиль, брондытранспортер және жаяу әскердің ұрыстық машиналарында әрекет ету кезінде жеке құрамның орналасуын;
- машинаға отырған кездегі қарудың қалпын;
- машинадан түскен кезде «МАШИНАДАН» бұйрығы бойынша жеке құрамның әрекет ету тәртібін.

Осындай іскер ойын оқу материалын игеруге көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар оқушының пайымын белсендендіреді және берілген ақпаратты ой елегінен өткізуге ықпал етеді.

Ол жұмысты орындау үшін төмендегідей нұсқаулық ұсынылады.

Баскет-әдіс жағдайды бейнелеуге негізделген. Мәселен, оқушы гид рөлін ойнап, тарихи мұражайда экскурсия жүргізуі керек. Оның міндеті – әрбір экспоната бойынша ақпарат жинау және сол ақпаратты келушілерге жеткізу.

Оқу процесі барысында оқушыларды танымдық оқу жұмысына қатыстыру үшін белсенді әдіс қолданылады және оған арнайы тәсілдер мен сабақтың


формалары жатады. Олар оқыту процесін жеңілдетеді және әр бала үшін қолжетімді болады.

Сондықтан, әрбір мұғалім білім беру технологиясының шеңберінде бағдарлай біліп, өзінің уақытын уақытын бұрыннан анықталып қойған нәрселерге бос жұмсамауы керек.

Сандық әдіс, диктант, ребустар, синквейндер, ұсынылған тізім ішінен «артығын табу» тапсырмасы, терминдер не әрекеттер арасындағы байланысты анықтау және қалпына келтіру, мәтіндегі географиялық қателіктерді іздеу секілді әрекеттер оқытудың белсенді әдістеріне жатады.

Интерактивті әдіс. Ағылшын тілінен аударғанда (inter – «аралық»; act – «әрекет») өзара әрекет ете отырып оқуға мүмкіндік беретін интерактивті әдіс деген мағына береді; ал интерактивті оқыту – оқушылар мен ұстаздың өзара әрекеттеріне сүйене отырып оқытатын процесс. Бұл әдістер дербес-бағдарланған жолмен оқытуға сәйкес келеді. Себебі бірігіп оқуды (ұжымдасып, ынтымақтаса отырып оқу) болжайды және оқушылар мен ұстаз оқу процесінің субъектісі болып табылады. Педагог көбінесе оқу процесін ұйымдастырушы, топ көшбасшысы, фасилиатор, оқушылардың құлшыныстарын ынталаушы ролінде қызмет етеді.

Сонымен қатар, интерактивті оқыту оқушылардың өзінің және өз құрбыларының тәжірибелеріне сүйене отырып бір-бірімен тікелей әрекет етулерімен негізделеді. Себебі интерактивті жаттығулардың көпшілігі дерлік тек мектептің оқу процесіне ғана емес, сонымен қатар оқушының тәжірибесіне сүйенуге бағытталған. Жаңа білім мен біліктілік деңгейі осындай тәжірибенің негізінде қалыптасады.



Интерактивті әдістер «мұғалім=оқушы», «оқушы=оқушы» өзара әрекеттері жүйесімен құрылады. Яғни оқыту процесіне тек мұғалім ғана қызықтырып қоймайды, сонымен қатар оқушылар да өзара бірігіп әрекет ете отырып әрбір оқушының ынтасына ықпал етеді. Ал мұғалім тек қана көмекшінің ролін атқарады. Оның міндеті – оқушылардың құлшыныстарына жағдай жасау.

Оқытудың интерактивті әдістерінің міндеттері

- Жағдайды дұрыс шешуге қажет жолды өз бетімен іздеу, ақпараттарды талдауға үйрету.

- Команда құрамында жұмыс істеуге үйрету: өзгенің пікірін құрметтеу, басқаның көзқарасына толеранттылықпен қарауды үйрету.

• Белгілі бір деректерге сүйенетін өздік көзқарасты, пайымды қалыптастыруға үйрету.

Интерактивті оқытудың әдістері мен тәсілдері

1) *Миға шабуыл* – тақырып бойынша сұрақтар мен жауаптар ағымы немесе ұсыныстар мен идеялар. Миға шабуыл жасалған соң жауаптың дұрыс не бұрыстығын талдау жасалады.

2) *Кластерлер, салыстырмалы диаграммалар, пазлдар* – белгілі бір шағын тақырып бойынша негізгі сөздер мен мәселелерді іздеу. *Кластер* – ақпараттарды ұйымдастырудың бейнелі формасы. Онда басты мәні бар бірліктер анықталып, олардың араларындағы барлық байланысты үлгі түрінде тіркейді. Ол оқу материалын жүйеге келтіруге және далпылауға ықпал ететін кескін-бейне ретінде қызмет етеді. Білім берудің қазіргі заманғы жүйесі оқушылардың бойында дербес пайымды, көзқарасты қалыптастыруға бағытталған. Сыни тұрғыдан ойлай білу оқушының пайымдық дамуын ынталандыратын педагогикалық технология болып табылады. Кластер және оның әдістерінің (тәсілдерінің) бірі.

Сыни тұрғыдан ойлана білу ерекшеліктерінде төмендегідей үш деңгей анықталған:

- сайысқа шақыру,
- ұғыну
- рефлексия.

Бірінші кезеңде процеске қатысатындардың барлығы белсенеді. Оның мақсаты – тақырып бойынша бұрыннан қалыптасқан білім деңгейін іске қосып, қауымдасқан қатар қалыптастыру, сұрақтар қою және оның жауабын табу. Ұғыну фазасында келесі ақпараттармен жұмыс ұйымдастырылады: мәтінді оқу, алынған деректерді ой елегінен өткізу және талдау. Алынған білім рефлексия деңгейінде шығармашылық тұрғыдан қайта өңделіп, тұжырымдар жасалады.

Кластер тәсілі аталған деңгейлердің кез келген дәрежесінде қолданылуы мүмкін.

Сайысқа, сөзталасқа шақыру кезеңінде балалар тақырып бойынша өз ойлары мен ұсыныстарын білдіреді. Ол оқушылардың танымдық әрекеттерін ынталандырады, қарастырылатын тақырыпты алдын ала ой елегінен өткізуге мүмкіндік береді.

Ұғыну кезеңінде кластерді қолдану оқу материалын құрастыруға мүмкіндік береді.

Рефлексия кезеңінде кластер әдісі алынған білім деңгейін жүйеге келтіреді.

Кластерды сабақтың жалпы стратегиясы ретінде, сабақ бойы қолдануға болады. Мәселен, сабақ басталған кезде оқушы өзінде бар барлық ақпаратты тіркеп қояды. Ақырындап, сабақ барысында үлгіге жаңа мәліметтер қосыла береді және реті келсе оларды басқа түспен белгілеу керек. Бұл тәсіл болжай білу, толықтыру, талдау және ең бастысын анқытау біліктілігін дамытады.

Кластер жер планетасының спутниктермен байланысы түрінде рәсімделеді. Ортасына басты түсінік, мәні орналасады, ал оның жан-жағына

ортаңғы түсінікпен сызық арқылы байланысқан мәні бар ірі бірліктер орналасады. Оған тақырыпқа қатысты сөздер, сөз тіркестері, бейнелер, баламаларды орналастыруға болады. Ал планета «спутниктерінің» жан-жағына тақырыпты толығымен ашып көрсететін және логикалық байланыс аясын кеңейте түсетін мәні төмендеу бірліктер орналасады. Бұл жерде категорияларды нақтылау өте маңызды және оларды қарастырылатын материал мазмұнындағы ой-пікірлер мен деректер көмегімен негіздейді.

Сабақты ұйымдастыру тәсіліне қарай кластер тактада, парақ бетінде немесе дербес тапсырмаларды орындап отырған әрбір оқушының дәптерінде жазылуы мүмкін. Кластер құра отырып, түрлі-түсті бор, қалам, қаламсап, фломастер қолданған дұрыс. Ол жекелеген сәттерді бөліп көрсетіп, барлық ақпараттарды жүйеге келтіруге мүмкіндік береді.

Кластерді құру бойынша бірнеше нұсқаулықтар бар. Оны құрған кезде барлық нәрсені мазмұндап, ойға келгеннің барлығын тіркеудің қажеті жоқ. Тіпті қарайып балаламалар мен ұсыныстар болғанның өзінде. Жұмыс барысында жаңсақ немесе теріс пікірлер түзетіліп немесе толықтырылуы мүмкін. Оқушылар өз ойларын ашық та батыл айтып, жұмыс істеуді барлық идеясы аяқталғанша жалғастыра береді. Мәндік бірліктердің көп болуынан қорқудың қажеті жоқ, реті келсе олардың арасындағы байланыстарды құруға тырысу керек. Талдау кезінде барлығы жүйеге келтіріліп, өз орындарына тұрады.

Кластер әдісін барлық дерлік сабақтарда қолдануға болады.

Аталған әдісті қолданған кездегі жұмыс істеу формасы әртүрлі болуы мүмкін: дербес, топтық және ұжымдық. Ол алға жүктелген мақсат-міндеттерге, мұғалім мен оқушылардың мүмкіндіктеріне байланысты анықталады. Кластердің бір түрінен екінші түріне ауысуға болады. Мәселен, сайысқа шақыру деңгейінде дербес жұмыс жүргізіліп, әрбір оқушы дәптерінде өз кластерін құрады. Келіп түскен жаңа білім мөлшеріне қарай, өздерінің сызған суреттері және сақтан игерген білім деңгейіне қарай жалпы үлгі сызылады. Кластер сабақ кезіндегі жұмысты ұйымдастыру тәсілі ретінде және үй тапсырмасы ретінде қызмет етуі мүмкін. Үй тапсырмасын орындау үшін оқушылардың бойында белгілі бір тәжірибе болуы шарт.

«Идеялар, түсініктер және атаулар қалтасы» тәсілі. Мұғалім қарастырылатын тақырыптың негізгі түсініктерін бөліп көрсетіп, оқушыларға белгіленген уақыт ішінде ұсынылған түсінік төңірегіндегі сөздер, пікірлерді жазуды ұсынады.

«Қазақстанның әскери аймағы» сөзін естігенде ойға не келеді (2001 жылы Қазақстанда төрт әскери аймағы құрылды және олар 2003 жылы аймақты басқармалар деп қайта құрылды).

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері төрт аймақтық басқармаларға бөлінген:

1. «Астана» (штаб Қарағанды қаласында).
2. «Шығыс» (штаб Семей қаласында).
3. «Батыс» (Атырау қаласында).

4. «Оңтүстік» (Тараз қаласында).

Әрбір аймақ басқармасының қарауында барлық әскери бірлестіктер бар және олар сол 4 облыстың әкімшілік шекараларында орналасқан.

Оқытушы-ұйымдастырушы оларды тақта бетіне жазады. Содан соң оқулықтан мәтінді оқиды. Материалдармен танысу барысында (немесе оқып шыққан материал негізінде) үлгі жаңа деректермен толықтырылады. Оқытушы-ұйымдастырушы оларды түрлі түсті бормен жазады. Пайда болған кескін-суретті талдап, алғашқы айтылған ой-пікір, пайымдардың дұрыс не дұрыс емес екенін талқылау, алынған ақпараттарды жалпылау арқылы сабақ қорытындыланады.

Кластерді қолданудың мынадай артықшылықтары бар:

- ауқымды ақпараттар көлемін қамтуға мүмкіндік береді;
- оқушылар ұжымының барлығын дерлік оқу процесіне қатыстыруға мүмкіндік береді және ол қызықты;
- балалар белсенді әрі ашық және соның нәтижесінде қателесуге, теріс пікір білдіруге деген қорқыныш болмайды.

Аталған жұмыс барысында келесі біліктіліктер қалыптасады және дамиды:

- мәселе туындата білу, сұрақ қоя білу біліктілігі;
- ең маңыздысын бөліп көрсете алу;
- байланыстыратын себеп-салдарды анықтай біліп, пайымдай білу;
- туындаған мәселені тұтастай түсініп, жекеден жалпыға ауыса білу;
- салыстыра және талдай білу;
- баламалар таба білу.

Кластер тәсілі жүйелі ойлай білуді дамытып, балаларды оқу материалын ғана меес, өзі жүргізген бақылау негізінде өзндік көзқарас білдіруге үйретеді. Сонымен қатар бірнеше позицияны бір мезгілде көре білу дағдысын, ақпаратты шығармашылық тұрғыдан қайта өңдеу қабілетін дамытады.

Кластер әдісін қолданып өткізілетін сабақтар балаларға өздерін көрсетуге, қарастырылып отырған сұрақ бойынша өз ойларын білдіруге, шығармашылық тұрғыдан әрекет етуге мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, білім беру процесінде қолданылатын дәстүрлі емес технологиялар оқушының ынтасын жоғарылатады, ықпалдастықты қалыптастырады және балалардың өздік жетістігін сезінуді тәрбиелейді, шығармашылық еркіндікті сезінуге мүмкіндік береді.

Мысал: Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі» тақырыбын қарастыру бойынша кластер құру үлгісін ұсынамыз.

Кластер құру.



Аталған тарау бойынша сабақтар плакаттар, үлгілер, оқу фильмдерін, видеоматериалдар мен өзге де әдістемелік құралдарды пайдалана отырып, негізінен әңгімелеу және сұхбат түрінде өткізіледі. Сабақты өткізген кезде оқытылатын материалды оқушылардың тарих және құқық негідері сабақтарынан алған білім деңгейлерін, елімізде және шетелдерде болып жатқан маңызды саяси оқиғалармен, халқымыздың Ұлы Отан соғысы жылдарында жасаған ерліктерімен байланыстыра отырып жүргізу қажет. Сонымен қатар сарбаздардың, сержанттар мен офицерлердің әскери қызметті өтеу кезіндегі ерліктерінен мысалдар келтіруге болады.

Еліміздің қауіпсіздігін нығайта түсу, біздің мемлекетіміздің тұтастығы мен егемендігін сақтап қалудың маңызды шарттарының бірі болып табылатындығын түсіндіріп өту қажет. Сонымен қатар қазіргі уақытта тұрғындарды елімізді қорғауға даярлаудың маңыздылығы күн санап арта түсуде. Сондықтан да жастарды шынайы әскери қызметке алдын-ала дайындауға деген талап арта түсуде. Қарулы Күштер қатарына шақырылған ұлбала қажетті әскери білім мен біліктілікті игерген жағдайда ғана, ол қысқа мерзім ішінде күрделі әскери қару мен техниканы меңгеріп кете алады, өзінің бойында әскери ант талаптарына сәйкес келетін жоғары адамгершілік-жігер мен ұрыстық қасиеттерді шыңдай алады.

Оқушылар осы тарауды оқу арқылы әскери-патриоттық тұрғыдан шыңдалады, Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздерімен, әскери доктрина, мемлекеттің қорғаныс мәселелерін реттестіретін заң талаптарымен танысады.

Оқушылар «Қарулы Күштер – Қазақстан Республикасы егемендігінің күзетінде» тарауын оқуды қорытындылай келіп келесі жағдайларды:

- мемлекет қорғанысы мәселелерін реттестіретін Конституция ережелері мен Қазақстан Республикасы заңдарын;
- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Отанымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ролін;

- әскери ант және оның әскери қызметшілерге қоятын талаптарын;
- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің нышандары және Жауынгерлік ту туралы ережені;
- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскер түрлері және олардың атқаратын қызметтерін білулері керек.

Оқушылар Қазақстан Республикасының әскери-оқу орындарымен, оларға оқуға түсу тәртібі және Қарулы Күштерге қажет әскери мамандарды даярлаудағы рөлімен танысулары керек.

Қазақстан Республикасының Конституциялық негіздері

Бұл тарауды оқуды Қазақстанды демократиялық, құқықтық, зайырлы және унитарлы мемлекет ретінде сипаттайтын ҚР Конституциясының ережелерімен таныстырудан бастаған дұрыс. Содан кейін оқушыларға сол ережелерді қысқаша мәлімдеп өтуді ұсынып, тақырыпты қорытындылауға болады.

Сабактың екінші бөлімін өткенде, оқушыларға Қарулы Күштер – ол қоғамның бір бөлігі және мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік институт болып табылатындығын түсіндіру қажет. Қарулы Күштер саясатты іске асыратын құрал бола отырып, азаматтық қоғамның бақылауында болуы керек. Ол мемлекеттік органдардың қорғаныс және әскери құрылыс аумағындағы өкілеттігі ҚР Конституциясында нақты анықталған. Сол ережелерді түсіндіре отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің және Қазақстан Республикасы Үкіетінің өкілеттіліктерін баяндап өту керек. Қарулы Күштер жабық ұйым емес. Қарулы Күштердің мемлекеттік және әскери құпияларға қатысы жоқ жақтары, әскери қызметшілердің тұрмыс-тіршіліктері баспасөз беттерінде кеңінен жарық көріп жатады.

«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері – патриотизм және интернационализм мектебі» *сұрақтарын* қарастыра отырып, оқушыларға қазақстан патриотизмі мен интернационализмінің не екендігін, шынайы әскери қызметтің аталған қасиеттерді дамытуға тигізетін әсерін түсіндіруі керек.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің нышандары

«Әскери анттың әскери қызметшілерге қоятын талаптары» деген *екінші сұрақты* оқытқан кезде оқушыларға әскери анттың Қазақстан Республикасы Президентінің Үкіетімен 1992 жылдың 25 тамызында бекітілгендігін айтып, әскери анттың мәтінін оқып және оның әскери қызметшілерге қоятын талаптарына талдау жасаған дұрыс. Сонымен қатар оқытушы-ұйымдастырушының қолданысында әскери ант жазылған плакат болғаны дұрыс және Ұлы Отан соғысы жылдары әскери қызметшілердің әскери антқа адал қызмет еткендері туралы мысалдар келтіруге болады.

Үшінші сұрақты «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің нышандары және бөлімнің Жауынгерлік туы» деп атауға болады. Бұл сұрақты қарастыру үшін Қарулы Күштер мен бөлімнің Жауынгерлік туы бейнеленген түрлі-түсті слайдтарды дайындау керек. Нышандарды оқытуды мынадай реттілікпен құрған дұрыс:

- слайдтарды көрсету;
- нышандардың геометриялық пішіндері мен көлемдері туралы әңгімелеу;
- оқушыларды сол нышандардың түспен әрлену ерекшелігіне назар аудару;

- нышандағы әрбір өрнектің мәндік маңызын түсіндіру.

Оқушыларды Қарулы Күштердің нышандарымен таныстырып шыққан соң, нышанға көрсетілетін құрмет және оларды қорлаған тұлғаның жауапқа тартылатындығын айтып өту керек.

Оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық әдіс-тәсілдер

Құндылықтарға бағытталған ұстаным:

Оқытудағы құндылықтарға бағытталған ұстаным – ол оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдаланудың тәсілі. Құндылыққа бағытталған ұстаным оқушы тұлғасының бойында мақсатты түрде құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Құндылықтарға бағытталу – ол тұлғаның өз әрекетінде жетекшілікке жекелеген құндылықтарды тандап алу (құндылықтарда бағдарлану қабілеттілігі) қабілеттілігі (қасиеті), және оларды өзінің әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде сезіну және қабылдау қабілеттілігі. Құндылықтарды жүзеге асыру дегеніміз құндылықтардан шығатын талаптарға сай болу және күнделікті өмірді сол талаптарға бағындыру. Құндылықтардың мәні қоғамда сәтті әрекет ету үшін қажетті ережелерді, дағдыларды, өмір салтын, жүріс-тұрысты қалыптастыруда көрініс табады;

Құндылықтар – қоғам қолдайтын және адамдардың көпшілігі мойындайтын белгілі нысандардың және құбылыстардың, адамдық қасиеттер мен өзін өзі ұстау ережелерінің тұлғалық және әлеуметтік-мәдени маңыздылығы. Құндылықтар тұлғаны ынталанырудың өте маңызды факторы ретінде жүріс-тұрыс пен іс-әрекеттерді бағдарлайды. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтары орта білім беру құндылықтарының негізі болып табылады. Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық және өмір бойы оқып-үйрену – орта білім берудің құндылықтары ретінде белгіленді.

Тұлғаға бағытталған ұстаным:

Тұлғаға бағытталған ұстанымның мақсаты оқу үдерісін дараландыру, оқу үдерісінде тұлғаны, оның жеке психикалық және физиологиялық ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен жүріс-тұрыс уәждерін, әлеуетті қабілеттіліктерін ескере отырып үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін толық ашу.

Іс-әрекеттік ұстаным:

Іс-әрекеттік ұстанымның негізгі мазмұны – білім алушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіреді, өзінің оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынады, оның ережелер жүйесін түсінеді және қабылдайды, жетілдіруге белсенді қатысады. Ол өз кезегінде білімдердің, біліктердің, оқып-үйрену және кең ауқымды дағдылардың белсенді әрі сәтті қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Білім алушылардың оқу әрекеттері келесі басты санаттар бойынша топтастырылған: «біледі», «түсінеді», «талдайды», «синтездейді», «бағалайды».

Саралап оқыту ұстанымы:

Саралап оқыту ұстанымы – оқу үдерісін білім алушылардың әртүрлі топтарынамамандандырылуын, оқушылардың жеке қабілеттіліктерін ескеру мақсатында әртүрлі топтарға түрлі жағдайларды жасауды көздейді. Саралап оқыту ұстанымы әртүрлі білім алушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктіреді. Күрделілігімен, оқу-танымдық қызығушылықтарымен, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану – сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады.

Коммуникативтік ұстаным:

Білім берудегі коммуникативтік ұстаным дегеніміз ақпаратты тарату мен жариялауда, білім, білік және дағдылармен алмасуда екіден асатын адамдардың сөйлеу арқылы атқарылатын әрекеттесу үдерісі. Коммуникативтік ұстанымның нәтижесі болып тіл арқылы қатынасу қабілеттілігі, яғни тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдалана және қатынас жағдайына сай тиімді қатынас жүріс-тұрысын таңдай отырып, түрлі жағдайларда қатынас әрекетінің басқа қатысушыларымен ой бөлісу және алмасу қабілеттілігі болып табылады. Коммуникативті ұстанымға сәйкес ұйымдастырылған оқу процесі, қатынасу икемділікті қалыптастыратын тапсырмаларды және шынайы қатынас жағдайларына сай жұмыс режимдерін (жұптық және топтық жұмыстарды) кіріктіру керек.

Ойын іс-әрекеттері арқылы оқыту:

Оқу процесінде білімді меңгертуде оқу әдісі ретінде ойын іс-әрекетін қолдану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық ойын технологияларың басты элементтері – ойын алдында білім алушыларға нақты оқу мақсаты қойылады; ойын арқылы белгілі педагогикалық нәтижеге қол жеткізу жоспарланады, оқу әрекеті ойын ережелеріне бағынады, оқу материалы ойынның құралы болып табылады. Білім алушылардың сабақтағы ұжымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған ойын әдісі арқылы, олардың шағын топтың өзге мүшелерінің пікірін сыйлауына, әртүрлі өнімді іс-әрекет негізінде соңғы нәтижені алдын-ала көре білуіне, өзіндік іс-әрекетін жоспарлауына, мақсатқа жету амалдарын таңдауына мүмкіндік беріледі.

Жобалық ұстаным:

Оқу жобасы – білім алушының немесе білім алушылар тобының ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы проблемаларды шешу жөніндегі нәтижелерге қол жеткізу үшін бағытталған оқу-танымдық әрекеті. Ортақ мақсатымен, келісілген әдістер мен іс-әрекеттердің реттілігімен, кеңейтілген шешімдер мен белгілі тәсіл бойынша рәсімделген нәтижелермен сипатталады. Бұл әдіс білім алушының өз алдына жеке проблема қойып, оны шешуде өзіндік іс-әрекетін танытуымен сипатталады. Бірақ, жобалау іс-әрекетінің алгоритімі (жоба – мұғалімнің көмегімен білім алушының маңызды

проблеманы шешудегі өзбетіндік іс-әрекет кешені) толығымен сақталады. Бөлім мазмұнымен танысу аясында білім алушылардың ұжымдық/топтық жобалар бойынша жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады. Жобалық жұмыстарды ұйымдастыру сабақпен шектелмейді, сондықтан да сабақ – сабақтан тыс интеграцияда қарастырылады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану:

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі білім алушылардың жұмыс барысында, бос уақыттарында және коммуникацияда сенімді және шығармашылықпен қолдана білуін қамтамасыз етеді. Бұл құзыреттілік ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (әрі қарай - АКТ) негізгі дағдылары арқылы қалыптасады.

Білім алушылар өздерінің АКТ-ны қолдану дағдыларын барлық пәндерге арналған білім беру бағдарламаларын меңгеру барысында дамытады. Яғни, АКТ-ны пайдалана отырып ақпаратты табу, құру, мәліметтер мен ой түйіндерімен бөлісе және алмаса отырып құрал-жабдықтар мен қосымшалардың кең ауқымын пайдалану арқылы өз жұмысын бағалайды және жетілдіреді.

Бұл «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бағдарламасында төмендегідей жұмыс түрлері арқылы жүзеге асырылады:

- БАҚ және мультимедиялық құралдарды пайдалану;
- дерекқордан және интернеттен ақпаратты іздеу;
- сандық, интернет жүйелері арқылы алынған ақпараттарды таңдап, өңдеу және оның нақтылығын, сенімділігін, құндылығын бағалай алу;

- сандық, мәтіндік және визуалдық ақпаратпен және дерекқормен, оның ішінде гиперсілтемелерді, электрондық кестелерді, графикалық және басқа қосымшаларды пайдаланып жұмыс істеу арқылы мәліметті жүйелеу; қолдану; заңдылықтар мен тенденцияларды зерттеу; модельдер мен модельдеуді пайдалану мүмкіндіктерін зерделеу, сонымен қатар жылжымайтын және қозғалыстағы бейнелерді, дыбыстарды және мәтіндерді мультимедиялық таныстырылымдар құру үшін біріктіру;

- басқа нұсқаларды зерделеуде, нақтылауда және нәтижелерді жақсартуда сандық ақпараттың икемділігін толығымен пайдалану;

- электрондық байланысқа, он-лайн форумдарға, виртуалдық оқыту орталарына қатысу арқылы, басқа оқушылармен және мұғалімдермен әртүрлі байланыс арнасы бойынша ынтымақтастықта болып қарым-қатынас жасау және ақпарат алмасу;

- интерактивті тақтаны белсенді оқытуға техникалық қолдау көрсету мақсатында қолдану;

- аяқталған жұмысты мектеп шеңберінде және өзге орталарда мультимедиялық таныстыру.

Оқу нәтижелерін бағалау тәсілдері:

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқу нәтижелерін бағалау үшін ауызша сұрақ қою, жазба жұмыстың және тәжірибелік жаттығуларды бақылауды қолдану арқылы жүзеге асады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша оқушылардың үлгерімінің бағалануы:

«5» - егер оқушы қойылған сұраққа саналы, дұрыс және жеткілікті түрде толық жауап берсе, бұл ретте жарғыға сәйкес дәл анықтама берілсе, баяндалғанды растауға мысалдар келтірді және қауіпсіздік шаралары мен тиісті нұсқаулық талаптарын сақтай отырып техникалық және басқа оқу құралдарын, немесе қаруды дұрыс көрсетті;

«4» - егер жауап дұрыс, толық болса, тұжырымдар жарғымен сәйкесті, тәжірибелік іс-әрекеттері батыл, қару мен техниканы қолданғанда тиісті нұсқаулық талаптарына сай болды және қауіпсіздік шаралары сақталынды, бірақ жауап беруші келтіруге қажетті мысалдар келтіре алмады, пәрмендерді орындағаны нақты болмады және жауабында аздаған қателіктер жіберді.

«3» - егер оқушы негізгі сұраққа толық жауап бермесе, жанама және қосымша сұрақтардың жауабы тәжірибемен сабақтаспаса, қарумен және техникамен жұмыс жасауында (әрекетінде) олқылықтар (қателіктер) орын алса, жауап бергенде тек оқулықтағы мәтінді келтіреді, ал қосымша сұрақтарда жекелеп айтылған ережелерді толық түсінбегені байқалады.

«2» - егер оқушы ерте өткен материалдың елеулі немесе көп бөлігін білмесе; негізгі сұраққа өздігінен және дәйекті жауап бере алмаса, қосымшаға байланыссыз және толық емес жауаптар берсе; қарумен, техникамен және аспаптармен тәжірибе жүзіндегі іс-қимылдарын орындай алмаса, сонымен қоса тактикалық және саптық тәсілдерді жасау білмесе.

Жаттығу жағдаяты бұрын қабылданған қағидаларды қарастырады және қойылған мәселелердің айқын және даусыз шешімдерін талап етеді. Жаттығу жағдаяттары зерттелетін мәселеге қатысты деректерді өңдеу не табудағы оқушылардың белгілі дағдыларын (іскерліктерін) дамытуы мүмкін. Жаттығу жағдаяттары негізінен машықтану сипатында болады, тәжірибе жинақтауға көмектеседі [12].

Нақты жағдаяттарды талдау бойынша бірнеше жұмыс әдістері белгілі:

- сабақ жетекшісі ұсынған және қатысушыларға алдын-ала зерттелген нақты жағдаятты рольмен ойнау. Мұндай сабақ проблемалық жағдаятты рольдік ойынға айналдыруы мүмкін;
- мұғалім ұсынған нақты жағдаятты ауызша не жазбаша ұжымдық талқылау. Бұл нақты жағдаяттың мәтіні шағын болып, оқушы оны жеңіл қабылдай алатын болса, мүмкін болады.

Аталған тақырыпты қару және патрондарды қолданған кезде сақталу керек қауіпсіздік ережелерінен бастау керек. Оқытушы қару мен оқ-дәрілерді қолданған кезде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керек екендігін айтады. Әрбір қаруды қолдану кезіндегі қауіпсіздік ережелері ату істері бойынша нұсқаулықтарда және атуды ұйымдастыру мен өткізу ережелерінде берілген. Негізгі қауіпсіздік шараларына мыналар жатады:

- оқушы қарудың құрылысы мен оқ-дәрілерінің жұмыс істеу принципін білуі керек;

- қаруды қолына алып оғы жоқ екеніне көз жеткізген соң, оны сақтандырғышқа қою керек;
- қаруды қолданған кезде оны адамға, жануарларға, көлікке және төмен ұшатын нысандарға кезеуге қатаң тиым салынады;
- атуға дейін саусақты шүріппеге салудың қажеті жоқ;
- шүріппені ретсіз басудың қажеті жоқ, соның салдарынан қарудың механизмдері уақытынан бұрын істен шығуы мүмкін;
- себепсізден-себепсіз патронды оқтыққа салуға тиым салынады;
- қаруды оқтаған және оғын алған кезде ұңғысын жоғары қарату керек;
- қаруды қолданып болған соң, оқтықта патронның қалмағанын тексеріп, сақтандырғышқа қою керек;
- жарамсыз қару мен оқ-дәрілерді қолдануға тиым салынады;
- жарылмаған оқ-дәрілер мен гранатаға қозғауға, қолға алуға тиым салынады.

Қауіпсіздік шараларын түсіндірген кезде оқытушы оқушылардың қауіпсіздік ережелерін барлық жерлерде және әрдайым сақтауларын талап етеді. Сонымен қатар оқу-үйрену қаруларын қолданған кезде де (ұрыстық қарумен әрекет еткендей) қауіпсіздік шараларын сақтау керек екендігін түсіндіреді. Себебі Қарулы Күштер сапында орын алатын қайғылы оқиғалардың көпшілігі, қауіпсіздік ережелері сақтамаудың салдарынан болып жатады. Осы жерде оқушыларға әскер өмірінен бірер мысал келтіруге болады.

Екінші оқу сұрағын қарастырған кезде, дайындап қойған материалдарды қолдана отырып, автомат және қол пулеметін көрсетеді, олардың толық және қысқартылған атауларын (мысалы: 5,45 миллиметрлік жиналмалы құндағы бар Калашников қол пулеметі – РПКС-74) және олардың барлығы жаудың тірі күші мен атыс жүргізетін орындарын жоюға арналғандығын айтады. Сонымен қатар оқушыларға жаудың тірі күші және атыс жүргізетін орынның не екендігін түсіндіре кеткен дұрыс. Қарудың ұрыстық қасиеттерін оқытқан кезде автомат пен пулеметтің сипаттамалары (қажет болса шетел армияларының қолданысындағы қарудың үлгісін де көрсетуге болады) берілген слайдтар (плакат) қолданылады. Автоматтың ұрыстық қасиеттерімен таныстырған кезде, оларды түсіндіру керек. Яғни ұңғының калибрі, ату екпіні дегеніміз не және оның жылдам атудан қандай айырмашылығы бар және т.с.с.

Оқытушы АК-74 және РПК-74 -нің жалпы құрылысын оқытқан кезде автоматты бұзып, автомат пен қол пулеметінің құрылысы шамамен бірдей екендігін, сондықтанда олардың құрылысын автомат арқылы үйрететінін, ал пулеметтің өзгешеліктерін қосымша атап өтетіндігін айтады. Содан кейін автоматтың негізгі бөлшектері мен механизмдерін ретімен көрсетеді, атауларын айтады. Егер оқушылар жазып отырған болса (жазып отырған дұрыс), оқытушы әрбір оқушының алдымен көріп, содан кейін жазып алуларын тексереді.

Автомат пен қол пулеметінің жұмыс істеу принципін оқытқан кезде, оқытушы алдын-ала дайындалған слайдтарды қолданады және қарастырылатын сұрақтың мазмұнын түсіндіреді.

Ол үшін оқушылардың мазмұндалған материалды игеру деңгейін анықтап алып, содан кейін әрбір оқу сұрағын қысқаша тексеріп өткен дұрыс.

Шығармашылық тапсырма беру кезінде мұғалім сабақ соңында интеллект-карта үлгілерін көрсете алады. Мұндай тапсырма қазақстандық мұғалімдер үшін жеткілікті деңгейде таныс және кәсіби лексикада көбінесе «кластер» ретінде қолданылады. Оқушылардың назарын оқулықтың тиісті параграфында интеллект-карталарды құрастыру жөніндегі нұсқаулар мен графикалық материалдың осы түрінің шартты мысалы берілгеніне аудару қажет.

Интерактивті әдістің негізін интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар құрайды. Интерактивті жаттығулар мен тапсырмалардың әдеттегілерден басты айырмашылығы олар меңгерілген материалды тек бекітуге ғана емес, жаңаны оқып-үйренуге бағытталған.

Тренинг (ағылш. «to train» - оқыту, жаттықтыру). Егер оқыту интерактивті жүргізілсе, яғни ақпарат ала отырып түсініксіз сәттерді талқылауға, сұрақ қоюға мүмкіндік алса берілген ақпаратты тез меңгереді және алған білімдерін бекіте отырып, мінез-құлық дағдылары қалыптасады.

Тренинг жүргізуге қойылатын талаптар:

- оқушылар бір-біріне бетпе-бет отыратындай етіп айналдыра орындықтар қоюға мүмкіндігі бар кең бөлме (бұл жағдайда еркін пікір алмасуға, жаттығулар мен серігу кезеңдерін жүргізуге ыңғайлы болады. Бір-біріне сенімділік артып, қызығушылық танытады, ынталы болады);
- тренингке қатысушылар саны 20-25 адамнан аспауы керек. «бұл сенім атмосферасын туғызатын және барлық қатысушылардың назарын тұрақты аударуға мүмкіндік беретін қатысушылар саны»);
- бүкіл тренинг бойында достық көзқарастағы сенімді атмосфераны жасау және қолдау;
- тренингке қатысушыларды марапаттап отыру және барлығының оған қатысуын қадағалау;
- оқытушы-жаттықтырушы өз пікірін ұсынбай-ақ қатысушыларды сабақтың мақсатын орындауға жетелеуі тиіс;
- оқытушы-жаттықтырушы әрбір жаттығудың уақыт шеңберін сақтауы керек;
- тренингтің бірінші сабағында «танысу» жаттығуы өткізіледі және «келісім» (топтық жұмыс ережесі) қабылданады;
- теориялық жадығат пен интерактивті жаттығулардың, серігудің арасында сабақтастық болуы керек;
- кез-келген тренинг сабақ басталарда сол сабақтың мақсаты мен міндеттері айтылады, ал соңында қортындыланады;
- кез-келген тренинг қандай мақсат қойылса да, әрдайым танысу мен жұмыс ережесін жасаудан басталады.

«Даналық ағашы» әдісі:

Ойынның шарты: әр оқушы тақырып бойынша бір сұрақтан жазып сандықшаға салады, әр оқушы бір бірден алып жауап беру тиіс

«INSERT» әдісі тақырыпты оқып, белгілер қою: «v» - бұрын білгені, «+» бүгінгі білгені, «?» - қызық болғаны (ұнағаны), «!» - мәтіндегі түсінбегені бойынша белгілер қояды [6-11].

Белгі қойып оқу (INSERT-Interactive Noting System for Effective Reading and Thinkeng– тиімді ойлау мен оқуға арналған белілеудің интербелсенді жүйесі) – жаңа мәліметті игерудің интербелсенді тәсілі. Оқушы сабақты тыңдағанда жекелей кестені толтырып отыруы тиіс:

Бірінші («қанатша») бағанға оқушы сабақта кездестірген өздерінің бұрыннан білетін таныс мәліметтерді келтіреді.

Екінші («плюс») бағанға оқушы осы сабақта өздері үшін жаңа болып табылатын ақпаратты жазады.

Үшінші («минус») бағанға осы сабақта келтірілген қандай ақпараттың олардың бұрыннан білетініне қайшы келгенін жазады.

Төртінші («мен») бағанға тақырыптың оқушыға қалай септік тигізіп, қандай пайда келтіретіндігін жазады.

Сабақтың әр бөлігінен кейін оқушылар өз кестелерін салыстырып, өзара талқылау жүргізіп отырғандығы орынды. Ал оқытушы бұл тәсілді шығармашылық түрғыдан қарастырып, оған өзгертулер енгізуге болады [12].

Мысалы, тақырыбы бойынша оқушылар келесі түрдегі кестені толтырады:

v	+	-	мен
«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Менің ойлағанымға қайшы, кереғар»	«Қайда қолдана аламын»

Инфографика. Мәтін мен графиканың кез-келген тіркесімін, ақпарат, деректер мен білімді жеткізудің графикалық тәсілін инфографика деп атауға болады. Күрделі ақпаратты жылдам және анық ұсыну қажет болған кезде қолданылады. Алайда инфографиканы пайдаланып қана қоймай, құру да керек – бұл кез-келген істе табыс үшін пайдалы.

Инфографика ерекшеліктері: ұсынылатын ақпаратпен ассоциативті жағынан байланысқан не ұсынылатын деректердегі өзгеріс бағыттарының графикалық бейнесі болып табылатын графикалық нысандар, көрнекі көрсетілім, тақырыпты анық және ойластырып ұсыну.

Инфографика табысының құрамдас бөліктері: тартымды, түсінікті тақырып, байсалды, әдемі, тиімді дизайн, сандар толық мағлұмат бере алады, ішкі тұтастық, эмоционалды түстер, сапалы диаграммалар, масштаб таңдау, қызықты фактілерді таңдау, визуализация, қарапайымдылық, дерек көздерінің беделділігі және дәйектілігі.

Инфографиканың кейбір категориялары:

- Суреттегі сандар: сандық деректерді анағұрлым түсінікті етуге мүмкіндік беретін ең кең тараған категория,

- Кеңейтілген тізім: статистикалық деректер, уақыт желісі, қарапайым фактілер жиынтығы бейнеленуі мүмкін,

- Үдеріс және перспектива: күрделі үдерісті бейнелеу не кейбір перспективаны ұсыну үшін қолданылады. Сандық деректерден құрылмауы да мүмкін [9].

Бейнелеу тәсіліне қарай инфографика келесі түрлерге бөлінеді:

- Статикалық инфографика – анимация элементтері жоқ жеке суреттер;
- Динамикалық инфографика – анимацияланған элементтері бар инфографика. Бейнеинфографика, анимацияланған суреттер, презентациялар динамикалық инфографиканың негізгі ішкі түрлері болып табылады.

Мысалы. Саптық дайындық бойынша сабақтар саптық алаңда өткізіледі:

1) тәжірибелік сабақтарды өткізу барысында саптық тәсілдерді үйрену кезінде оқытушының саптық тәсілді тұтас және бөлшектеп көрсетуіне баса назар аударылады;

2) оқушылардың жаттығуы.

10-сыныпта әскери топография сабақтарын оқушыларға оқытқанда таныс емес аймақтарда картасыз және картамен бағдарлау, сол ауданда өзінің орналасқан орнын анықтау және азимут бойынша жүру бағытын компастың көмегімен және компассыз табуды, сонымен қоса ұшқышсыз ұшатын аспаптардан алынған ақпараттарды қолдануын үйретуді қарастырады.

3 Оқу процесінде «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» кабинетінің, әскери алаңның ресурстарын пайдалану

Барлық жалпы білім беру мектептерінде меншік түрі мен меншіктік нысандарына бағыныстылығына қарамастан алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні бойынша құралдар және жиһаздармен жабдықтау нормасына сәйкес көрнекіліктер, көрнекі үгіт-насихат стендтері және техникалық оқыту құралдары қамтамасыз етілуі үнемі жетілдіріліп отырады [10].

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша сабақты өткізуге қажет құралдар мен жабдықтар:

- қамтамасыз ету табеліне сәйкес көрнекі құралдармен және АӨТД оқытудың техникалық құралдарымен жабдықталған оқу бөлмесі;

- алғашқы әскери дайындық, өмір қауіпсіздігінің негіздері және азаматтық қорғаныс бойынша арнайы жабдықтарды сақтауға арналған бөлме;

- саптық дайындық бойынша сабақ өткізу алаңы;

- рота бойынша күндізгі кезекшінің міндеттерін іс жүзінде үйрететін орын;

- сақшының міндеттерін үйретуге арналған орын;

- тактикалық алаң;

- кедергілерден өту жолының кешені;

- ату тирі;

- әскери және еңбек даңқының бұрышы.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағына білім

алушылар білім ұйымының басшысының бұйрығымен бекітіліп белгіленген киім үлгісінде қатысуы тиіс.

Оқу орындарын қару және өзге де әскери-техникалық құралдармен, оқу құралдарымен қамтамасыз ету оқу орнының есебінен іске асырылады.



13-сурет. Алғашқы әскери дайындық кабинеті



14-сурет. Әскери және еңбек даңқының бұрышы

Алғашқы әскери дайындық (АӘД) кабинеті алғашқы әскери дайындық, өмір қауіпсіздігінің негіздері, азаматтық қорғаныс бойынша бірқатар практикалық және теориялық сабақтарды, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын, сондай-ақ, сабақтан тыс уақытта үйірме жұмыстарын жүргізуге арналған оқу-тәрбие үдерісінің материалдық базасы болып табылады [10].

Жалпы білім беретін мектептердің алғашқы әскери дайындық пәнінің оқу материалдық-техникалық базасы: алғашқы әскери дайындық кабинеті; оқу қарулары мен әскери-техникалық мүлікті сақтайтын бөлме; алғашқы әскери дайындықты оқу-үйрену қалашығы; ату тирінен құрылады.

Күндізгі қарауылдың міндеттерін практикалық оқуға арналған орын кабинеттен шыға берісте немесе кабинетке жақын басқа оқитын жерде жабдықталады және құжаттамалары бар стенд, кітаптар мен журналдар макетінен, телефон аппаратының макетінен тұрады. Өрт сөндіру құралы (өрт сөндіргіш) күндізгі қарауылдың жанында орналасады.

Ату тирі – арнайы жабдықталған бөлме немесе сол оқу орны орналасқан жердің үлескісі. Ол артта оқ линиясымен, алда – оқ қағарлар және қабырғалармен, қырынан – тирдің аумағынан оқтың ұшып кетуіне кедергі жасайтын қабырға немесе стенд.

Тирлер ашық, жартылай жабық, сондай-ақ 25,50 метр және одан да көп темірбетон трубалар қолданып, ықшамдалғаны болады. Бұл жерде айналадағылар үшін толық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, ату аумағына адамдар мен жануарлардың кіру мүмкіндіктерінің алдын алу керек. Стенділер атуға даярлық бойынша жабдықталады.

Оқу-үйрену қарулары мен әскери-техникалық мүліктерді сақтауға арналған бөлме сабақ өткізуге арналған оқу-материал базасын сақтауға, күтіп-баптауға және дайындауға арналған. Ол оқу-үйрену қарулары мен әскери-техникалық мүліктерді сенімді қорғауды қамтамасыз етуі керек.

- мүліктерді қоюға арналған сөрелер (стеллаждар);
- қаруды сақтауға арналған пирамида;
- өртке қарсы құралдар;
- АӘТД арналған әскери-техникалық мүлік жинақтары.

Сақтау қоймасын алғашқы әскери дайындық бөлмесімен қабырғалас бөлмеге жабдықтаған дұрыс.

Терезелер темір тормен қапталған болуы керек.



15-сурет. Алғашқы әскери дайындық оқу-үйрену қалашығы

Алғашқы әскери дайындық оқу-үйрену қалашығы мектеп аумағында

орналасады және ол асфальтталған алаңда оқу-құралдарымен жабдықталған болуы керек. Оған мыналар жатады:

- саптық дайындықтан сабақ өткізетін орын;
- сақшының міндеттерін іс жүзінде үйренуге арналған орын;
- жабдықталған тактикалық алаң мен ату қалашығы;
- спорттық шағын қала.

Алғашқы әскери дайындық қалашығын салған кезде, оқу құрал-жабдықтарының элементтерін қайта құру арқылы тактикалық және атыс сабақтарына қажет түрлі комбинацияларды құру мүмкіндіктерін қарастырған дұрыс.

Білім беру ұйымдарындағы ату тирі – бұл кіші калибрлі винтовкадан нысанды атуға арнайы жабдықталған құрылым. Сабақ кезінде тирде қауіпсіздік шаралары сақталып, оқушылармен тиісті нұсқаулар жүргізілуі керек. Білім беру мекемелерінде ату тирінің болуы міндетті емес.

Алғашқы әскери дайындық кабинеті.

1) «Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің нысандары», «Тактикалық дайындық», «Саптық дайындық», «Әскери топография», «Азаматтық қорғаныс» және т.б. стенділер;

2) оқу құралдары: графикалық көрнекі құралдар, жарғылар, жер бедерінің макеттері, атқыш құралдар;

3) Алғашқы әскери дайындық кабинетінде келесі құжаттар болуы қажет:

- жалпыәскерлік жарғының жинақтары;
- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ішкі қызметінің жарғылары;
- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің гарнизондық және қарауылдық қызметінің, тәртіп және әскери саптық жарғылары;
- атқыш ісі бойынша нұсқау;
- жастардың алғашқы әскери дайындығының бағдарламалары, оқу-материалдық базаны және жабдықтарды жетілдіру бойынша ұсыныстар;
- бастапқы әскери дайындық бойынша оқулықтар;
- әскери топография, азаматтық қорғаныс және медициналық-санитарлық дайындық бойынша оқулықтар [11].

Әскери бөлім әскери қызметшілерінің орналасуы және тұрмыс-тіршілігі бұл тақырып көрнекі сабақ ретінде, «Тактикалық дайындық» бөлімінің 4-тақырыбымен біріктіріле отырып, оқу орнына жақын жердегі әскери бөлімде (әскери бөлімнің командирімен келісе отырып), әскери-оқу орнында, азаматтық оқу орнының әскери кафедрасында өткізіледі.



16-сурет. Әскери бөлімдегі сабақ

Әскери бөлімге (әскери-оқу орнына, азаматтық қоқу орнының әскери кафедрасына) келген кезде оқытушы оқушыларға олардың қандай әскери бөлімге келгендерін, қандай әскер түріне жататындығын, атқаратын қызметі және құрылу тарихы туралы қысқаша мағұлымат береді.

Әскери бөлімнің аумағымен қозғала отырып, ол оқушылардың назарын әскери қалашықтың құрылысымен, олардың атқаратын қызметімен таныстырады.

Оқушылар әскери бөлімге келген соң, оның оқу-материал базасының келесі нысандарымен танысуы керек:

1. Жеке құрамның ұйықтайтын бөлмелерімен;
2. Ақпараттық-тәрбие жұмыстарына арналған және психологиялық жүктемені түсіру бөлмелер;
3. Қару сақтауға арналған бөлме және қару тазалауға арналған бөлме (орын);
4. Спортпен шұғылдануға арналған бөлме (орын);
5. Тұрмыстық қызметтерге арналған бөлме;
6. Ротаның мүліктерін және әскери қызметшілердің жеке заттарын сақтауға арналған қойма;
7. Жуынуға арналған бөлме;
8. Дәретхана;
9. Сарбаздарға арналған асхана;
10. Клуб;
11. Спорт қалашықтары;
12. Оқу қалашықтары.

Егер атыс жүргізуге арналған орын (ЖҰМ директрисасы, танк директрисасы), автодром (танкодром) әскери қалашықтың аумағына орналасқан болса, онда олардың жабдықтарымен оқушыларды таныстырып шыққан дұрыс. Ал олар әскери бөлімнен тыс жерде орналасқан болса, онда ондай әскери нысандардың қандай қызмет атқаратындығын айтып өтеді.

Әскери бөлімнің жатақтарымен, тұрмыс-тіршілігімен танысырып шыққан соң, оның Жарғы талаптарына сәйкес орналасқандығын (мысалы: рота мүліктері мен әскери қызметшілердің жеке заттарын сақтайтын қоймамен), оның атқаратын қызметі, жабдықталуы және пайдалану тәртібімен таныстырады.

Әскери бөлімге бару мүмкіндігі болмаған жағдайда, бұл сабақты алғашқы әскери дайындық сабақтары өтетін сыныпта өткізеді. Ондай жағдайда оқытушы тақырыпқа сәйкес кино және видеофильмдерді іріктеп, сабақ кезінде қолданады. Бейнефильмдерді көрсете отырып, оларға түсініктемелер беріледі.

АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ (10-СЫНЫПТАР)

3- кесте

Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары

№	Құрал-жабдықтар атауы	Өлшем бірлігі	1 кабинетке арналған саны (30 оқушы орны)
1.	Мамандандырылған жиһаз:		
	Бір элементті, жасыл түсті, карталар мен кестелерге арналған магниттік бекіткіштері бар аудиториялық тақта	дана	1
	Компьютерге арналған жанама құрылғысы бар оқытушы үстелі	дана	1
	Оқытушы орындығы	дана	1
	Оқытушы үстеліне арналған тұғыр	ж-тама	1
	Биіктігі тұрақты немесе реттелетін екі орынды оқушы үстелдері (бойлық топ №№4-6)	дана	15
	Биіктігі тұрақты немесе реттелетін оқушы орындықтары (бойлық топ №№4-6)	дана	30
	Көпфункционалдық шкаф	дана	3
2.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері:		
	Қазақстан Республикасының Елтаңбасы	дана	1
	Жауынгерлік ту туралы ереже	дана	1
	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің	дана	1

	портреті		
	Қазақстан Республикасы Президентінің портреті	дана	1
	Қазақстан Республикасының Әнұранының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіні	дана	1
	Әскери ант мәтіні	дана	1
	Қазақстан Республикасының Туы	дана	1
3.	Қаруды және әскери-техникалық мүлікті сақтау бөлмесі:		
	Өрт сөндіргіш	дана	1
	Газ тұтқыштарды сақтау сөрелері	дана	1
	Әскери-техникалық мүлікті сақтау сөрелері:	дана	1
	Қару сақтайтын металл шкаф (пирамида)	дана	1
	Шағын сапер күректеріне арналған ұяшықтар	дана	1
4.	Саптық дайындық сабақтарына арналған алаң:		
	Саптық тәсілдерді көруге арналған айна	дана	2
	Саптық негізгі тәсілдер бейнеленген қалқандар	дана	7
5.	Тәуліктік кезекшінің міндеттерін тәжірибелік үйренуге арналған орын:		
	Ағаш тұғырық (тәуліктік кезекшінің орны)	дана	1
	Құжаттама бар тақта	дана	1
	Сүңгі пышақ және қынап макеттері	дана	1
	Өрт сөндіргіш	дана	1
	Телефон аппараты (макет)	дана	1
	Шағын тумба	дана	1
6.	Сақшының міндеттерін тәжірибелік үйренуге арналған орын:		
	Оқ сезгіш экран	дана	1
	Нысана №9 (бойлық мүсін)	дана	1
	Нысана №6 (кеуделік мүсін)	дана	1
	Қаруды оқтау мен оғын алып тастауға арналған орын	орын	1
	Өрт сөндіру құрал-саймандары бар қалқан	ж-тама	1
	Суы бар бөшке	дана	1
	Құмы бар бөшке	дана	1
	Сақшыға арналған қондырғы	дана	1
	Окоптар		
7.	Дене шынықтыру сабағына арналған орын:		
	Гимнастикалық қалашық:	ж-тама	1
	қатар орналасқан қоссырық	дана	5
	турниктер	дана	5
	гимнастикалық отырғыш	дана	1
	кедергілер жолағы	ж-тама	1
8.	Тактикалық алаң:		
	Танкке қарсы мина макеттері	дана	4

	Жаяу әскерге қарсы мина макеттері	дана	4
	Нысана №8 (бойлық фигура)	дана	1
	Нысана №12 («Танк» макеті)	дана	1
	Ұшақ пен тікұшақ макеті	дана	2
	Нысана №10 («Қол пулеметі» макеті)	дана	1
	Гигиеналық қабы бар төсеніш-мат	дана	10
	Көздеу станогы	дана	1
	Автомат пен оқ салғыш әскери жабдықтарды бөлшектеу және құрастыруға арналған үстел	дана	5
9.	Ату тирі:		
	Гигиеналық қабы бар төсеніш-мат	дана	10
	Нысана №4 (шеңберлері бар кеуделік фигура)	дана	10
	Нысана №6 (кеуделік фигура)	дана	10
	Нысана №8 (бойлық фигура)	дана	10
	Көздеу станогы	дана	1
	Атқыш қаруды тазалау мен майлауға арналған үстел	дана	5
	Оқ сезгіш экран	дана	1
10.	Оқытудың интерактивті құралдары:		
	Сенсорлық (немесе электромагниттік) принциппен жұмыс істейтін, интегралданған бейнепроекторы мен дыбыс колонкалары бар интерактивті тақта	ж-тама	1
	Дербес компьютер (жүйелі блок, орыс және қазақ алфавитіндегі пернетақталар, монитор, «жүгірткі» манипуляторы, принтер, UPS үздіксіз қорек блогы)	ж-тама	1
11.	Көрнекі үгіт-насихат стендтері:		
	«Жоғары әскери оқу орындары және оған қабылдану шарттары»	дана	1
	«Ауған соғысының батырлары»	дана	1
	«Олар Отан үшін шайқасты»	дана	1
	«Офицер-ерлік мамандығы»	дана	1
	Жауынгерлік даңқ бұрышы	дана	1
12.	Әскери-техникалық мүлік:		
	АИ-2 алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қорабы	дана	30
	Химиялық барлаудың әскери құралы	дана	1
	Қорғаныш костюмі Л-1	дана	2
	Командир жәшігі	дана	1
	Калашников автоматы ММГ-АК74М	дана	20
	Жаяу әскер күректері	дана	30
	Медициналық зембілдер	дана	4
	Медициналық халат	дана	10
	Жалпы әскери қорғаныс комплекті	дана	6
	Радиациялық және химиялық барлау аспабы ДП-5, ДП-22	ж-тама	2

	Газ тұтқыштар	дана	30
	Респираторлар	дана	30
	Жаттығу гранаттары	дана	6
	Жаттығу миналары	дана	4
	Жаттығу патрондары 5,45 мм, 7,45 мм	дана	50
13.	Баспа және экранды-дыбыстық құралдар:		
	АӘД плакаты	ж-тама	1
	Азаматтық қорғаныс бойынша плакаттар	ж-тама	1
	Қазақ және орыс тілдеріндегі ҚР жарғысы	дана	2
	Мультимедиалық құралдар комплекті	ж-тама	1

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ (11-СЫНЫП)

2-қосымша Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау қағидаларына

4-кесте

1. "А", "А1", "В1" санаттарындағы МКҚ жүргізушілерін даярлау үшін оқу кабинеті (сыныбы) жабдығының минималды тізбесі

р/с	Оқу жабдығының атауы	Өлшем бірлігі	саны
1.	"А", "А1", "В1" санаттарындағы МКҚ жүргізушілерін даярлау кабинеті (сыныбы)		
1.1	Компьютер (компьютерлік сынып)	дана	3
1.2	Жол жүрісі қауіпсіздігі ережелері бойынша компьютерлік бағдарламалар	дана	2
1.3	Мотоцикл, квадрацикл (жиынтықта)	жиынтық	1
1.4	Мотоциклдердің, квадрациклдердің тежеуіш жүйесі, қоректендіру жүйесі, электр жабдығы бөлшектері бар көрсету қалқандары	жиынтық	1
1.5	Оқытудың көрнекі техникалық құралдары мен мотоциклдердің, квадрациклдердің құрылымы жөніндегі плакаттар	жиынтық	1
1.6	"Жол белгілері" стенді	дана	1
1.7	"Жол таңбалары" стенді	дана	1
1.8	Электрлендірілген "Бағдаршам	дана	1

	сигналдары" стенді		
1.9	"Реттелетін қиылыс" тренажеры	дана	1
1.10	"Реттелмейтін қиылыс" тренажеры	дана	1
1.11	Сынып тақтасы	дана	1
1.12	"Жол қозғалысы ережелері" мен "Көлік құралын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі" пәндерінің тақырыптары бойынша планшеттер (плакаттар) мен оқытудың көрнекі техникалық құралдары	жиынтық	2

5-кесте

2. "В", "ВЕ" санаттарындағы МКҚ жүргізушілерін даярлау үшін оқу кабинеті (сыныбы) жабдығының минималды тізбесі

№ р/с	Оқу жабдығының атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	"В", "ВЕ" санаттарындағы МКҚ жүргізушілерін даярлау кабинеті (сыныбы)		
1.1	Компьютер	дана	3
1.2	Жол жүрісі қауіпсіздігі ережелері бойынша компьютерлік бағдарламалар	дана	2
1.3	"Жол белгілері" стенді	дана	1
1.4	"Жол таңбалары" стенді	дана	1
1.5	Электрлендірілген "Бағдаршам сигналдары" стенді	дана	1
1.6	"Реттелетін қиылыс" тренажеры	дана	1
1.7	"Реттелмейтін қиылыс" тренажеры	дана	1
1.8	Сынып тақтасы	дана	1
1.9	"Жол қозғалысы ережелері" мен "Көлік құралын басқару негіздері және қозғалыс қауіпсіздігі" пәндерінің тақырыптары бойынша планшеттер (плакаттар) мен оқытудың көрнекі техникалық құралдары	жиынтық	2
1.10	Жол-көлік оқиғасы кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету бойынша сабақтар өткізуге арналған	жиынтық	1

	құралдар жинағы		
1.11	Медициналық аптечка	жиынтық	2
2	"В" санатындағы автомобильдердің құрылымы және пайдалану" пәні бойынша сабақтар өткізуге арналған кабинет (сынып)		
2.1	"В" санатындағы МКҚ-ның негізгі агрегаттары		
2.1.1	Жиынтығында ілініс пен берілісті ауыстыру қорабы бар қозғалтқыш (тілінген)	жиынтық	1
2.1.2	Артқы көпір (тілінген)	дана	1
2.1.3	Алдыңғы аспа	дана	1
2.1.4	Рөл механизмі	дана	1
2.2	"В" санатындағы МКҚ тежеуіш жүйесінің, қоректендіру жүйесінің, электр жабдығының бөлшектері бар көрсету қалқандары	жиынтық	1
2.3	"В" санатындағы МКҚ құрылымы мен оны пайдалану жөніндегі планшеттер (плакаттар) мен оқытудың көрнекі техникалық құралдары	жиынтық	1

СМАРТ-СЫНЫП (10-11 СЫНЫПТАР)

Орта мектепке арналған смарт-сынып – оқу-тәрбие процесінде ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін барынша пайдалануға жағдай жасайтын әмбебап интерактивті кабинет. Смарт-сынып оқу материалын дайындау, сабақ өткізу, интерактивті тестілеу, сұрау және пікірталас, оқушылар білімінің мониторингі, мектепаралық on-line сабақтарын ұйымдастыру сияқты процестерді қамтиды. Әмбебап саналатын интерактивті кабинетте түрлі пәндер бойынша сабақтар өткізуге болады.

4 Білім мазмұнын жаңарту аясында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнін оқыту процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері

Оқу бағдарламаларының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады.

Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі: білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын

жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады [11].

«Алғашқы әскери дайындық» пәнін ұйымдастыру және жүргізу қағидасы

1. Бастапқы әскери даярлықты қорғаныс, денсаулық сақтау, ішкі істер саласындағы уәкілетті органмен, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, білім беру саласындағы уәкілетті орган ұйымдастырады және тиесілігіне және меншік нысанына қарамастан, білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

2. Әскерге шақыру жасына дейінгі және әскерге шақыру жасындағы адамдарды бастапқы әскери даярлауды бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан, жалпы орта білімнің жалпы білім беру оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік (арнаулыдан басқа), орта білімнен кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – білім беру ұйымдары) 10 және 11-сыныптарында, бірінші-екінші оқу курстарында бастапқы әскери даярлықтың штаттық ұйымдастырушы оқытушылары жүргізеді. Бастапқы әскери даярлық курсы аяқталғаннан кейін білім алушылармен мен оқу-жаттығу-далалық (лагерьлік) жиындар өткізіледі.

Бастапқы әскери даярлық:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелерін, мемлекеттің қорғаныс негіздерін зерделеу;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарының арналуын, олардың сипаты мен ерекшеліктерін, Қазақстан Республикасы азаматтарының қасиетті міндеті ретінде әскери қызметтің мәнін, әскери анттың, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері жарғыларының негізгі талаптарын түсіндіру;

3) әскери бөлімдердің қару-жарағымен және әскери техникасымен, жеке құрамның орналасуымен және тұрмысымен таныстыру;

4) қажетті әскери білімдер мен практикалық дағдыларды алу; төтенше жағдайларда адамның тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің негіздерін меңгеру мақсатында жүргізіледі.

Бастапқы әскери даярлықты жүргізуді ұйымдастыру

Бастапқы әскери даярлықты жүргізуді ұйымдастыру кезінде қорғаныс саласындағы уәкілетті орган:

1) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша жергілікті әскери басқару және білім беру органдарының жастарды бастапқы әскери даярлауды ұйымдастыру және патриоттық тәрбиелеуді қамтамасыз ету жөніндегі қызметін тексеруді жоспарлайды;

2) білім беру ұйымдарында бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыруға жәрдем көрсетеді.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган:

1) білім алушыларды бастапқы әскери даярлауды және патриоттық тәрбиелеуді үйлестіруді жүзеге асырады оны жүргізуді қамтамасыз етеді;

2) бастапқы әскери даярлық бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеуге, оқулықтарды және оқу-әдістемелік кешендерді, аудио-бейне фильмдерді шығаруға жәрдемдеседі;

3) білім алушыларды бастапқы әскери даярлауды жүргізудің және патриоттық тәрбиелеудің оң тәжірибесін зерделейді, жинақтайды және таратады.

Ішкі істер саласындағы уәкілетті орган:

1) адамның тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі негіздерін оқыту бойынша басшылық жасауды жүзеге асырады;

2) білім беру және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп, «Тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің негіздері» курсы бойынша бағдарлама бөлімін, сондай-ақ білім беру ұйымдарын азаматтық қорғаныс мүлкімен жабдықтау табелін әзірлейді.

Жергілікті әскери басқару органдары облыстардың, қалалар мен аудандардың аумақтарында:

1) бастапқы әскери даярлық бойынша есептілікті жүргізеді;

2) білім беру және денсаулық сақтау саласындағы аумақтық органдармен бірлесіп, бір жыл үшін бастапқы әскери даярлықты жүргізу қорытындылары бойынша жергілікті атқарушы органдар шешімдерінің жобаларын және жаңа оқу жылына арналған негізгі іс-шаралар жоспарларын әзірлейді;

3) бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушылармен үш күндік оқу-әдістемелік жиындарын және бір күндік әдістемелік сабақтарды, білім беру органдарымен келісім бойынша білім беру ұйымдарында бастапқы әскери даярлықтың жай-күйін зерделеуді ұйымдастырады және жүргізеді;

4) білім беру және денсаулық сақтау саласындағы аумақтық органдармен бірлесіп, оқу-жаттығу-далалық (лагерьлік) жиындарды жоспарлайды және ұйымдастырады;

5) патриоттық тақырыптағы ғылыми-танымдық, хроникалық деректі кино, бейнефильмдерді көрсетуді ұйымдастырады;

6) қорғаныс саласындағы уәкілетті органды және жергілікті атқарушы органдарды білім беру ұйымдарындағы бастапқы әскери даярлықтың және патриоттық тәрбиелеудің жай-күйі туралы хабардар етеді;

7) бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушылар лауазымдарына кандидаттарды тағайындауды және оларды босатуды келіседі;

8) бастапқы әскери даярлықтың толық курсына аяқтаған әскерге шақырылушылардың тіркеу куәліктеріне тиісті жазбаларды енгізеді.

Гарнизондардың бастықтары жергілікті әскери басқару органдарымен бірлесіп, әскери бөлімдерге, әскери оқу орындарына және жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедраларға бастапқы әскери даярлықты, жастармен патриоттық және тәрбие жұмысын ұйымдастыруда және жүргізуде көмек көрсету үшін білім беру ұйымдарын бекітіп береді.

Әскери бөлімдердің (мекемелердің) командирлері, әскери оқу орындарының, жоғары оқу орындары әскери кафедраларының бастықтары:

1) білім беру ұйымдарына бастапқы әскери даярлық және жастарды патриоттық тәрбиелеу бойынша ұдайы қамқорлық көмек көрсетеді;

2) жауынгерлік даярлық үздіктерінің жастармен кездесуін ұйымдастырады, оларды жеке құрамның тұрмысымен, бөлімшелердің қару-жарағымен және әскери техникасымен таныстырады;

3) қамқорлық көмек ретінде сабақтарды өткізу үшін офицерлерді, сержанттарды (старшиналарды) бөледі;

4) бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушылармен практикалық, нұсқау беру-әдістемелік және көрсету сабақтарын өткізуде және жастарды патриоттық тәрбиелеуде жергілікті әскери басқару органдарына, білім беру саласындағы аумақтық органдарға көмек көрсетеді.

Білім беру ұйымдарының басшылары:

1) жастардың бастапқы әскери даярлығын және оларды патриоттық тәрбиелеуді ұйымдастыруға және оның жай-күйіне жауап береді;

2) жергілікті әскери басқару органдарының келісімі бойынша бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушылар лауазымдарына кандидаттарды іріктеуді және оларды босатуды жүзеге асырады.

Бұл ретте, бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушылардың лауазымдарын оларды запастағы офицерлермен жасақтау мүмкін болмаған кезде мамандық бойынша жоғары білімі бар, сарбаздар мен сержанттар лауазымдарында әскери қызмет өткерген жақсы даярланған және тәжірибелі запастағы сержанттар (старшиналар) мен сарбаздар (матростар) бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушылар қатарынан ауыстыра алады. Білім беру ұйымдары осы санаттағы бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушыларды біліктілікті арттыру курстарына жібереді;

3) оқу үдерісін уақтылы жоспарлауды және ұйымдастыруды, бастапқы әскери даярлық бағдарламасын толық және сапалы орындауды қамтамасыз етеді;

4) бастапқы әскери даярлықтың практикалық сабақтарын пысықтау үшін бөлме, алаңдар мен орындар бөледі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 7574 тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықпен және жиһазбен жабдықтау нормаларына сәйкес оқу-материалдық базаны ұдайы жетілдіруге шаралар қабылдайды;

5) ұйымдастырушы оқытушыға оқу-әдістемелік көмек көрсетеді, үйірме жұмыстарын (факультативті) ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

6) ұйымдастырушы оқытушының бастапқы әскери даярлық бойынша сабақтарды өткізуін, білім алушылардың өткен материалды меңгеру сапасын бақылайды, оқу жылы ішінде бір реттен жиі емес бастапқы әскери даярлықтың және жастармен патриоттық жұмыстың жай-күйін талқылайды;

7) бастапқы әскери даярлық бойынша оқытудың басталғаны және аяқталғаны, взводтар мен бөлімшелер командирлерін тағайындау туралы бұйрықтар шығарады;

8) бағыныстылығы бойынша жергілікті әскери басқару және білім беру органдарына бастапқы әскери даярлық және жастармен патриоттық жұмыстың жай-күйі туралы есеп берулерді ұсынады.

Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушы:

1) білім беру ұйымының басшысына бағынады және оқитындардың бастапқы әскери даярлығына, сабақтарды өткізу кезінде белгіленген қағидалар мен қауіпсіздік шараларының қатаң сақталуына жауап береді;

2) оқыту уақытында бастапқы әскери даярлық бойынша сабақтарды ұйымдастырады және өткізеді және факультативті түрде (сабақтан тыс уақытта) әскери іс негіздерін зерделеу жөніндегі үйірмелерге басшылық жасайды;

3) өзінің кәсіби және педагогикалық білімін жүйелі түрде арттырады, әдістемелік дағдыларын жетілдіреді;

4) білім беру ұйымының педагогикалық ұжымымен бірлесіп, білім алушыларды патриоттық тәрбиелеу жөніндегі жұмысты жүргізеді;

5) әскерге шақыру жасына дейінгілерді әскери есепке қою бойынша алдын ала жұмысты ұйымдастырады;

6) жергілікті әскери басқару органдарына әскери оқу орындарына түсу үшін жасөспірімдерді іріктеу бойынша көмек көрсетеді.

Білім беру ұйымының бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушысы білім алушылармен сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырушымен (директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен), дене шынықтыру мұғалімімен (дене тәрбиесінің жетекшісімен) және сынып жетекшілерімен (өндірістік оқыту шеберлерімен), педагогикалық ұжыммен байланыста жұмыс істейді.

Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушының жұмысы сабақ кестесімен, сабақтан тыс уақытта өткізілетін іс-шаралар жоспарымен және білім беру ұйымының басшысы бекіткен оның жеке жоспарымен регламенттеледі.

Функционалдық міндеттерімен көзделмеген және жоспармен бекітілген бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушының жұмысы әрбір жекелеген жағдайда білім беру ұйымының басшысымен келісу бойынша орындалады.

Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушы:

1) бастапқы әскери даярлықтың және «Тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің негіздері» курсының ерекшелігін ескере отырып, оқыту және тәрбиелеу мәселелері жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерді;

2) педагогика, психология негіздерін;

3) білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтау қағидаларын;

4) еңбек заңнамасының негіздерін;

5) еңбекті қорғау қағидаларын;

6) сақтандыру жүйесінің ұйымдық құрылымдарын және төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарды;

7) табиғи және экологиялық зілзала, ірі өндірістік авариялар, апаттар кезінде халықты қорғаудың, сондай-ақ қазіргі заманғы зақымдау құралдарынан қорғаудың негізгі қағидаттары мен әдістерін;

8) алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдерін білуі тиіс.

Бастапқы әскери даярлық бойынша сабақтарды ұйымдастыру және өткізу

Қыздармен білім беру ұйымдарында бастапқы әскери даярлық бағдарламасы бойынша сабақтар ұлдармен бірге, «Медициналық білім негіздері» бөлімі бойынша бөлек өткізіледі. «Әскери іс негіздері» бөлімі бойынша практикалық сабақтарға қыздар тартылмайды.

Білім беру ұйымында барлық оқу жылына арналған апталық бастапқы әскери даярлықтан өту жоспары әзірленеді.

Бастапқы әскери даярлық бойынша сабақтар жалпы сабақ кестесіне енгізіледі және сыныптар мен оқу топтары бойынша өткізіледі. Сыныптар мен оқу топтары взводтар деп аталады және үш бөлімшеге бөлінеді. Білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен оқитындар қатарынан взводтар мен бөлімшелер командирлері тағайындалады.

Білім беру ұйымдарында маңызды саяси оқиғаларды және Қазақстан халқының, соғыстар батырлары мен ардагерлерінің жетістіктерін көрсететін патриоттық тақырыптағы және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарына қатысты өзекті мәселені қамтитын материалдар ресімделеді.

Білім беру ұйымдарында бастапқы әскери даярлықтың толық курсын бітірген жасөспірімдердің тізімдері қорытынды бағаларымен жасөспірімдердің тіркелген жері бойынша жергілікті әскери басқару органына жолданады.

Бастапқы әскери даярлық бойынша білім алушылардың білімі басқа пәндер сияқты бес балдық жүйе бойынша бағаланады.

Бастапқы әскери даярлық бойынша оқитындар алған жылдық (курстық) бағалар негізінде қорытынды баға (денсаулық жағдайы бойынша бастапқы әскери даярлықтан босатылған адамдарды қоспағанда) орта білімі туралы аттестатқа, колледжді немесе кәсіптік лицейді бітіргені туралы дипломға, дипломға семестрлік және емтихан ведомостарынан үзінді-көшірмеге қойылады.

Білім беру саласындағы аумақтық орган жергілікті әскери басқару органымен бірлесіп, бастапқы әскери даярлық және оқитындардың материалды меңгеру сапасы мәселелері бойынша білім беру ұйымының жұмысын тексереді және бағалайды.

Білім беру ұйымдарындағы бастапқы әскери даярлықтың, сондай-ақ оқу-жаттығу-далалық (лагерьлік) жиындарды ұйымдастыру және өткізу жай-күйін тексеру нәтижелері бойынша жалпы орта білімнің жалпы білім беру оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру мекемесінің басшысы акт жасайды және тексеруші комиссия мүшелерінің қатысуымен оқу-жаттығу-

далалық (лагерьлік) жиындарды ұйымдастыру мен өткізу бойынша талдау жүргізеді [12].

Тексеру нәтижелері туралы білім беру саласындағы аумақтық органдар орындардағы жергілікті атқарушы органдарды хабардар етеді.

АӘТД бойынша сабақ взвод командирінің оқушыларды екі қатарлық сапқа орналастырып, оқытушы-ұйымдастырушыға сабаққа дайындық туралы баяндауымен басталады.

Мәлімдеме жасау түрі мынадай: «Майор мырза, 30 адамнан тұратын бірінші оқу взводы алғашқы әскери дайындық бойынша сабаққа сап түзеп тұр. Сабаққа келмегендер мыналар: Тәжібаев ауру, Есназаров белгісіз себептермен келген жоқ. Взвод командирі Қозыбаев». Оқытушы-ұйымдастырушы мәлімдемені қабылдаған соң, саптың ортасына барып, оған үш-төрт адым қалғанда тоқтайды және оқушылармен «Саламатсыздар ма, оқушы мырзалар!» - деп дауыстап амандасады. Оқушылар сәлемдесуге былайша дауыстап және үйлесіммен жауап береді: «Саламатсыз ба, майор мырза!».

Сабақ негізінде сыныпта әрдайым тәртіп пен ұйымшылдық сақталуы керек. Оқытушы-ұйымдастырушы білім алушыға назар бөліп сөйлегенде, ол білім алушы орнынан жылдам тұрып «Тік тұру» саптық қалпын ұстап, өз аты-жөнін айтуы қажет.

Егер оқытушы-ұйымдастырушы білім алушыға тегін айтып қараса, білім алушы «Мен» деп жауап береді. Отыруға рұқсат алған соң, білім алушы саптық тұрысты қабылдап «Құп болады» деп жылдам отырады. Білім алушы оқытушы-ұйымдастырушыға бір нәрсе айту керек болғанда қолын көтереді. Рұқсат алған соң «Тік тұру» қалпын ұстап, тегін айтып өз сұрағын қояды.

Сабақ кезінде тәртіп сақталып, ұйымдасқан түрде өткізілуі керек.

Сабақ негізінде сыныпта әрдайым тәртіп пен ұйымшылдық сақталуы керек. Оқытушы-ұйымдастырушы білім алушыға назар бөліп сөйлегенде, ол оқушы орнынан жылдам тұрып «Тік тұру» саптық қалпын ұстап, өз аты-жөнін айтуы қажет.

Сабақ аяқталған соң, взвод командирі оқытушы-ұйымдастырушының рұқсатымен «Тік тұр!» немесе «Тұрыңдар, Тік тұр!» пәрменін береді. Оқытушы-ұйымдастырушы «Оқушы мырзалар, сау болыңыздар!» - деп қоштасады. Білім алушылардың барлығы үйлесе «Сау болыңыз, майор мырза!» - деп жауап қайтарады және «Еркін!» пәрмені бойынша сыныптан шығады. Егер сабақ сыныптан тыс жерде өткізілген болса, онда «Еркін, Тарандар!» - деген бұйрық беріледі.

Білім алушылар сабаққа дайындалып және оқу орны бекіткен киім үлгісімен келулері керек. Оларға Қарулы Күштердің киім үлгісін немесе соған ұқсас әскери киім үлгілері мен айыру белгілерін тағуға рұқсат берілмейді.

Жергілікті жерлерде, тирде және аулада өткізілетін тактикалық және атыс дайындығы сабақтарына оқушылар жыл мезгіліне сәйкес, бас киім киіп келулері керек. Оқушылар жергілікті жерде практикалық әдіс-тәсілдер мен әрекеттерді жетілдіруге қолайлы киім киюлері керек.

Алғашқы әскери дайындықтан сабақ өткізетін АӘТД оқытушы-ұйыдастырушы офицердің және отставкадағы офицердің әскери киім киюі міндетті болып саналады.

Практикалық сабақ басталатын кезде, сабақта өзін ұстау тәртібі мен үйретілетін әрекеттерді орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігі туралы қысқаша мазмұндалып өтеді.

Оқытушы-ұйымдастырушы сабаққа дайындалған кезде, тақырып пен оқу сұрақтарын, оқыту және тәрбиелеу мақсаттарын, оқу сұрақтарын қарастыру тәртібін, сабақты материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселелерін және бұрын өткізілген материалдардың игерілу деңгейін тексеру шараларын алдын ала анықтап алуы керек. Сонымен қатар, тиісті жарғылар мен өсиеттерді, оқулықтар мен өзге де әдебиет көздерін оқып, іс жүзінде орындалатын әрекеттерді орындап жаттығуы керек, сонымен бірге, оқушылардың өздігімен шұғылдануына қажет тапсырмаларды анықтайды.

Сабақ өткізілетін орын және оның материалдық қамтамасыз етілуі алдын ала дайындалады. Практикалық және тактикалық-саптық сабақтарға дайындалған кезде, оқытушы-ұйымдастырушы өзінің көмекшілерімен қосымша нұсқаулықтар өткізеді, оқушыларға үйретілетін әдіс-әрекеттердің қанадай ретпен орындалатынын көрсетеді және сол әдіс-тәсілдерді дұрыс орындауды үйретеді.

Сабақтың жоспарын құрумен, сабаққа дайындалу аяқталады.

Сабақ бір-бірімен үйлесе байланысып жатқан кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерден тұрады.

Сабақтың кіріспе бөлімінде взвод сапқа тұрғызылады, оқытушы-ұйымдастырушыға мәлімдеме жасалады, білім алушылардың киім үлгілері тексеріледі және соған дейін өткізілген оқу материалының игерілу деңгейі анықталады. Оқытушы-ұйымдастырушы взводты сапқа тұрғызған кезде, олардың сапқа дұрыс тұру үлгілеріне, саптағы тәртіптің сақталуына және орын алған кемшіліктерді жоюға назар аударады. Бұрын оқытылған материалдың игерілу деңгейін анықтау үшін, білім алушыларға сұрақтар қойылады және әрекеттерді орындауларын тексереді.

Сабақтың негізгі бөлімінде сабақтың тақырыбы мен мақсат-міндеттері хабарланған соң, жаңа оқу материалы мазмұндалады және ол бекітіледі немесе іс жүзіндегі әрекеттер орындалады. Жаңа оқу материалын бекіту үшін, барлық оқу материалын немесе оның негізгі қарастырылған сұрақтарын сұрау, тапсырмаларды және іс-әрекеттерді орындау арқылы іске асырылуы мүмкін.

Үйретілетін іс-әрекеттер әдетте алдын ала анықталған тәртіп бойынша, ретімен үйретіледі. Оқытушы-ұйымдастырушы әрекетті тұтастай, үлгілі орындап, одан кейін бөлшектеп көрсетеді және көрсетулерді түсіндірулермен үйлестіре орындайды. Білім алушылар оқытушы-ұйымдастырушының және алдын ала дайындалған көмекшілердің жетекшілігімен көрсетілген тәсілдерді алдымен бөлшектеп, содан кейін, оны дұрыс орындағанға дейін жаттығады да, ең соңында әрекеттерді тұтастай орындайды.

Сабақтың қорытынды бөлімінде өткізілген сабақ тұжырымдалып, білім алушылардың орындаған әрекеттері бағаланады, берген жауаптары мен орындаған әрекеттерінің қателері, дұрыс жауабы мен дұрыс орындалуы керек әрекеттер көрсетіледі, үй тапсырмалары беріледі.

Барлық сабақ түрлері оқушылардың бойында жоғары деңгейдегі адамгершілік-ұрыстық сапаларды тәрбиелеуге, олардың өз Отаны алдындағы азаматтық борыштарын өтеуге дайын болуға даярлауға, оқытылған тақырып көлемінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғы талаптарына сәйкес қызмет етуге және әрекет ету дағдыларын дамытуға бағытталуы керек.

